



ISSN: 3107-0493 (Print)
ISSN: 3107-0507 (Online)

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ


ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY HISTORICAL SCIENCES

SCIENTIFIC JOURNAL



2(4)/2025



**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ**

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

**ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

**BULLETIN OF SHAKARIM UNIVERSITY
HISTORICAL SCIENCES**

SCIENTIFIC JOURNAL

2(4)/ 2025

2024 жылдан бастап шығады

Founded in 2024

Издается с 2024 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Semey, 2025

Атантаева Бақыт Жумағазықызы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Шәкәрім Университеті,
Семей, Қазақстан

Редакция алқасы:
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

Байсарина Қымбат	т.ғ.д., Шәкәрім Университеті, Семей, Қазақстан
Енсенов Қанат	т.ғ.к., қауым. профессор, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы Институты
Финке Петер	д.и.н., Universität Zürich, Швейцария
Томохико Ямаха	д.и.н., Хоккайдо Университет, Саппоро, Япония
Құрманғалиева- Ерджиласун Гүлжанат	т.ғ.д., Анкара Хаджи Байрам Вели Университеті, Түркия
Азаматова Гульназ	т.ғ.д., профессор, Политехникалық Университеті, Мәскеу, Ресей
Жанбосинова Альбина	т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан
Щеглова Татьяна	т.ғ.д., профессор, Алтай мемлекеттік педагогикалық Университет, Барнаул, Ресей
Каримов Мұхтарбек	т.ғ.к., Шәкәрім Университеті, Семей, Қазақстан
Исин Амантай	т.ғ.к., Шәкәрім Университеті, Семей, Қазақстан

Редакцияның мекенжайы: 071412, Қазақстан, Семей қ., Глинка к-сі, 20А

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Техникалық хатшы: +77089285850

Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы

Меншіктенуші: «Шәкәрім университет» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 10 дана.

Типографияның мекенжайы: 071412, Қазақстан, Семей қ., Глинка к-сі, 20А

Editor-in-Chief:

Atantayeva Bakyt Zhumagazyevna,
Doctor of Historical Sciences, Professor
Shakarim University
Semey, Kazakhstan

Editorial Board:

HISTORICAL SCIENCES

Baisarina Kymbat	Doctor of Historical Sc., Shakarim University, Semey, Kazakhstan
Ensenov Kanat	Candidate of Historical Sc., Associate Professor, Institute of State History, Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Finke Peter	Doctor of Historical Sc., Universität Zürich, Switzerland
Tomohiko Uyama	Doctor of Philosophy, Professor, Hokkaido University, Sapporo, Japan
Kurmangaliyeva-Erdzhilasun Gulzhanat	Doctor of Historical Sc., Ankara Hacı Bayram Veli University, Turkey
Azamatova Gulnaz	Doctor of Historical Sc., Professor, Polytechnic University, Moscow, Russia
Zhanbossinova Albina	Doctor of Historical Sc., Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Shcheglova Tatiana	Doctor of Historical Sc., Professor, Altai State Pedagogical University, Barnaul, Russia
Karimov Mukhtarbek	Candidate of Historical Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan
Isin Amantay	Candidate of Historical Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Editorial Address: 071412, Kazakhstan, Semey city, Glinki Street, 20A.

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Technical Secretary: +77089285850

Shakarim University Bulletin. Series: History Sciences

Owner: Non-profit Joint Stock Company "Shakarim University"

Publication Frequency: 4 times a year.

Circulation: 100 copies

Printing House Address: 071412, Kazakhstan, Semey city, Glinki Street, 20A

Главный редактор:
Атантаева Бакыт Жумагазыевна,
доктор исторических наук, профессор,
Шәкәрім Университет
Семей, Казахстан

Редакционная коллегия:
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Байсарина Кымбат	д.и.н., Шәкәрім Университет, Семей, Казахстан
Енсенов Канат	к.и.н., ассоциированный профессор, Институт истории государства Комитета науки МНВО РК
Финке Петер	д.и.н., Universität Zürich, Швейцария
Томохико Ямаха	д.и.н., Хоккайдо Университет, Саппоро, Япония
Құрманғалиева-Ерджиласун Гүлжанат	д.и.н., Анкара Хаджи Байрам Вели Университет, Турция
Азаматова Гульназ	д.и.н., Политехнический Университет, Москва, Россия
Жанбосинова Альбина	д.и.н., профессор, Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Щеглова Татьяна	д.и.н., профессор, Алтайский государственный педагогический Университет, Барнаул, Россия
Каримов Мухтарбек	к.и.н., Шәкәрім Университет, Семей, Казахстан
Исин Амантай	к.и.н., Шәкәрім Университет, Семей, Казахстан

Адрес редакции: 071412, Казахстан, г. Семей, ул. Глиники, 20А

E-mail: history@vestnik.shakarim.kz

Технический секретарь: +77089285850

Вестник университета Шакарима. Серия: Исторические науки
Учредитель: Некоммерческое акционерное общество «Шәкәрім университет»
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 100 экземпляров
Адрес типографии: 071412, Казахстан, г. Семей, ул. Глиники, 20А

Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы
 Bulletin of Shakarim university. Historical Sciences Series
 Вестник Университета Шакарима. Серия: Исторические науки

№ 2(4)/2025

МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ – HISTORICAL SCIENCES – ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Мадияр Г. Насыров, Мұхтарбек Қ. Каримов

Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасы мәселесіне (Шаһардың XIX-XX ғасыр басындағы діни-қоғамдық келбеті қолжазбалар мен архив құжаттарында).....

Мадияр Г. Насыров, Мұхтарбек К. Каримов

К вопросу об интеллектуальном окружении Абая в Семее (религиозно-общественный облик города на рубеже XIX-XX веков в рукописях и архивных документах).....

Madiyar G. Nassyrov, Mukhtarbek K. Karimov

Abai's Intellectual Milieu in Semey (The Religious and Social Landscape of the City at the Turn of the XIXth-XXth Centuries in Manuscripts and Archival Sources).....8

Халил Б. Маслов, Сулушаш Р. Сарманова

Қоғамдық-экономикалық қиындықтардың әсерінен Қазақ КСР-інің шығыс өңірінде болған қарулы көтерілістер.....

Халил Б. Маслов, Сулушаш Р. Сарманова

Вооруженные протесты как следствие социально-экономических проблем на востоке Казахской АССР.....

Khalil B.Maslov, Sulushash R.Sarmanova

Armed uprisings in the east of the Kazakh SSR as a result of socio-economic challenges.....32

Сункар М. Сыдығалиев, Сәкен З.Раздыков

Қандастардың күнделікті тәжірибесіндегі этномәдени бейімделу: этнологиялық талдау.....

Сункар М. Сыдығалиев, Сәкен З.Раздыков

Этнокультурная адаптация кандасов в их повседневной практике: этнологический анализ....

Sunkar M. Sydygaliev, Saken Z. Razdykov

Ethnocultural adaptation of qandastar in their everyday practices: an ethnological analysis.....48

Раушан Д. Ахметова, Ерке Конбай

Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздықты зерттеу мәселелері.....

Раушан Д. Ахметова, Ерке Конбай

Проблемы изучения детских домов и беспризорности в советскую эпоху.....

Raushan D. Akhmetova, Yerke Konbay

Problems in the study of orphanages and child homelessness in soviet era..... 66

Мади Е. Турлыбаев, Халил Б. Маслов, Айжан Р. Ботабекова

Ұжымдастыру жылдарындағы халық қарсылығы: халық поэзиясындағы әлеуметтік-тарихи нарратив (1929-1931)

Мади Е. Турлыбаев, Халил Б. Маслов, Айжан Р. Ботабекова

Народное сопротивление в годы коллективизации: социально-исторический нарратив в народной поэзии (1929-1931)

Madi E. Turlybaev, Khalil B. Maslov, Aizhan R. Botabekova, <i>Popular resistance during the collectivization years: a social-historical narrative in folk poetry (1929-1931).....</i>	85
Рафик Х. Усманов <i>Аймақтық кәсіпкерліктің тарихи алғышарттары: Зайсан мысалында</i>	
Рафик Х. Усманов <i>Исторические предпосылки регионального предпринимательства: на примере Зайсана</i>	
Rafik Kh. Usmanov <i>Historical Preconditions of Regional Entrepreneurship: The Case of Zaysan.....</i>	102
Арафат М. Мамырбеков <i>Кеңестік жер реформасы және оның 1920-1940 жылдардағы Ертіс өңіріндегі ұлтаралық қатынастарға әсері.....</i>	
Арафат М. Мамырбеков <i>Советская земельная реформа и её влияние на межэтнические отношения в Прииртышском регионе (1920-1940 гг.)</i>	
Arafat M. Mamyrbekov <i>Soviet land reform and its impact on interethnic relations in the Irtysh region (1920-1940).....</i>	129
Гауһар Батырбекқызы, Қуаныш А. Нұрғазы <i>Қазақ - жоңғар тартысындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық аспектілер.....</i>	
Гауһар Батырбекқызы, Қуаныш А. Нұрғазы <i>Политические и социально-экономические аспекты казахско-джунгарского противостояния.....</i>	
Gaukhar Batyrbekkyzy, Kuanyshe A. Nurgazy <i>Political and socio-economic aspects of the kazakh–dzungar confrontation.....</i>	147

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2\(4\)-1](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2(4)-1)

АБАЙДЫҢ СЕМЕЙДЕГІ ҒҰЛАМАЛАР ОРТАСЫ МӘСЕЛЕСІНЕ (ШАҒАРДЫҢ XIX-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-ҚОҒАМДЫҚ КЕЛБЕТІ ҚОЛЖАЗБА ЖӘНЕ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА)

Мадияр Г. Насыров^{1*}, Мұхтарбек Қ. Каримов²
Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)

*E-mail: nasiyrovf@gmail.com¹

¹<https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>

²<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>

Аңдатпа. Семей қаласының тарихын пәнаралық зерттеулер негізінде қарастырудың маңызы өлкетанулық ізденістермен қоса артып келеді. Осы үрдістің қатарында қала тарихымен бірге мәдениет, дін, әдебиет, өнер, экономика салаларында қызмет еткен тұлғалардың өмірі жеке зерттеу нысандарына айналды. Ұмыт болған есімдер мен белгісіз қалған қоғам қайраткерлерінің болмысы мен мұрасын елге таныстыру, оларды ғылыми ортаға жеткізу ісі басты назарға алынды.

Мақаланың негізгі мақсаты – Семейде сақталған қолжазбалар негізінде Абайдың заманындағы ғұламалардың жазба мұрасын сөйлетіп, XIX ғ. мен XX ғ. басындағы дін қайраткерлері жайлы, олардың діндарлығына қатысты жаңа ойларды ғылыми ортаға ұсыну.

Семейдегі мұсылман қауымының тарихнамасын қарастыру ісінде татар халқы өкілдерінің діни және қоғамдық қызметтерін зерттеу үлкен үлес қосады. 2023 ж. Семейдің Ескі мұсылман қорымынан табылған Риза хазіреттің қабіртасы оның тұлғасын зерттеуге деген ізденістерді арттырып, жергілікті зиялы қауым арасында қызығушылық пен ғылыми пікірталас туғызды. Риза хазірет ибн Уәлидтің (1810-1876) тұлғасына қатысты деректерді топтап, оның өңірдегі қызметін саралай келе, Семейдің сол кездегі діни-қоғамдық келбетін жандандыру осы мақаланың өзектілігін ашуға негіз болды.

Сондай-ақ Семейдің көне мешіттеріне архив материалдары негізінде тарихи-салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың қала аумағындағы атаулары қарастырылды. Нәтижесінде Риза хазіреттің медресесіне қатысты деректер мен Семейдің XIX-XX ғ. басындағы рухани-мәдени келбетін ашатын кейбір материалдарға талқылау жүргізілді.

Түйін сөздер: Семей, діни-қоғамдық қызметтер, Риза хазірет, Абай Құнанбайұлы, ғұлама, мешіт-медресе, діндарлық, қолжазба, пәнаралық зерттеулер, өлкетану.

Кіріспе

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ руханиятының әлем контекстіндегі реформаларға интеграциялану үрдісі дәстүрлі әлеуметтік құрылымның дағдарысы мен толық орнап үлгермеген капиталистік қоғамның қайшылықтарымен қатар өтті. Осы бір күрделі кезеңде Семей қаласы еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, әдеби және діни өмірінің маңызды орталықтарының біріне айналды. XIX ғ. екінші жартысынан бастап қалада білім мен ағартушылыққа негізделген іргелі қозғалыстар орын алып, ұлттың даму жағдайына атсалысқан зиялы қауым қалыптасты. Шығыс өңірде, әсіресе, Абай Құнанбайұлының шығармашылық ортасы мен шәкірттері сол үрдісте белсенділік танытты. Бүгінгі таңда Семейдің XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы

тарихын пәнаралық және өлкетанулық тұрғыдан зерттеу ісі өткеннің көлеңкеде қалған қырларын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Ол кезеңде қалада бірнеше мешіт-медресе жұмыс істеп, олар білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы діни көзқарастың бекуін де қамтамасыз етіп тұрды. Сол ескі, қадым дәстүрмен Семейдегі медреселерде Құран тәпсірі, Шарифат ілімі, фикһ, араб тілі және т.б. пәндер оқытылса, ал 1905-1907 ж.ж. өзгерістерден соң, салыстырмалы түрде аз да болса, жәдидтік пәндер енгізіліп, дін қызметкерлері мен мүдәрістердің өзіндік мектебі қалыптаса бастады. Қадымшылдар мен жәдидшілдердің Семей қоғамындағы пікірталастары өңірдегі ғана емес, күллі Ресей аумағындағы мұсылмандарға да жеткен. Осы пікірталастардың, сөзсіз, Абайдың қоғамға белсене қатысқан жылдарында (1885-1904) қатар қозғалып, XX ғ. 10-жылдарында шарықтау шегіне жеткенін сол кездегі басылым беттерінен көреміз.

Буржуазияның әлеуметтік белсенді емес тап өкілдеріне жәрдем қолын созу, қайырымдылық, уақыттық қорларға көмек көрсету сияқты шаралары қоғамның материалды өмірінде де анық сезілді. Бұл капитализм мен қайырымдылық ұғымдарының ұштаса бастаған кезі еді. Дегенмен осы бағыттағы ағартушылықтың халық арасында тарауын екі мағынада қарастыруға болады. Бірінші, ол қадыми діннің, яғни жәдидтік кезеңге дейін орныққан діни қайраткерлердің ықпалынан шығып, қоғамның діннен тыс мәселелерін реалистік тұрғыдан шешуге шақырған өкілдердің қалыптасуы болды. Екінші – ол діни ықпалды сақтап, дін шеңберінде қызмет еткен тұлғалардың еңбегі еді. Екі топтың да біз мысалға алып отырған Семей өміріндегі қызметі мол.

Дінді халықтың рухани дүниетанымын қалыптастырып қана қоймай, ұлттық бірегейліктің оянуына, мәдениеттің дамуына да ықпал етті деп қарастырамыз. Абай Құнанбайұлы бастаған ағартушылар діннің рухани мәнін алға тартып, оны моральдық-этикалық тәрбиенің негізі ретінде ұсынған. Ал өңірдегі ислам ғұламалары, өз кезегінде, әділет, білім, тәртіп ұғымдарын кеңінен насихаттаса да, қоғамдағы діндарлықтың көрсеткішіне деген ықпалдарын бәсеңдеткен емес. Бұл жағдайда, XX ғ. басында Семейде қанат жайған қадымшылдар мен жәдидшілдердің пікірталастары қоғамдық өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Материалдар мен әдістер

Семей қаласындағы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы ағартушылықтың, оның ішінде мұсылман халықтардың өңірдегі қызметін қарастыру үшін кешенді зерттеулер қажет. Әуелі архивтік құжаттар бізге сол дәуірдегі мешіттер мен медреселердің қызметі жайлы деректерді негізгі материал ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы, ондай құжаттар топтамасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде (бұдан әрі ҚРОМА), Башқортстан Республикасы Ұлттық архивінде (бұдан әрі БРҰА) және т.б. қорларда сақталған. Олардың барлығы аталмыш тақырыпты зерттеуде маңызды дереккөз қорын құраса, артынша бұл деректер қазіргі методология негізінде интерпретацияланып, өзге де дерек қорларымен салыстырылады.

Семейдің XIX-XX ғ.ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени келбеті көпшілікке белгілі «Обзор Семипалатинской области», «Адрес-календарь» топтамаларында, Н. Абрамовтың (Абрамов, 1861), И. Завалишиннің (Завалишин, 1867) еңбектерінде ішінара кездессе, ал қазіргі заман тарихнамасында Ж. Қасымбаевтың зерттеулерінде (Қасымбаев, 1998), В. Кашляктың еңбегінде (Кашляк, 2002), П. Шаблейдің (Шаблей, 2020) зерттеулерінде және т.б. сипатталған.

Семей өңірінің мұсылмандар тарихына қатысты екі негізгі дереккөзге сол кездің ғұламалары Ахметуәли ибн Ғали әс-Семипулати және Құрбанғали Халидидің еңбектерін жатқызамыз (Frank, Usmanov, 2001). Сондай-ақ Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и Хамса-и Шәрқи» кітабында Семейдің діни-қоғамдық келбетіне қатысты бірқатар деректер кездеседі (Халидоғлы, 1911).

Қолжазба түрінде сақталған еңбектер мен шәкірттердің жазбалары ұстаздардың діни-қоғамдық қызметтері жайлы мағлұмат жинауға мүмкіндік береді. Мысалы, Семей қаласының «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорында орта ғасырларға және XX ғ. ортасына дейінгі кезеңге тиесілі қолжазба кітаптар мен көне басылымдар сақталған (Далалық материалдар, 2024). Болашақта бұл материалдардың Семей өңіріндегі ислам діні мен Абайдың ғұламалар ортасы және мұсылман халықтардың сол кездегі тұрмысы мен қызметін зерттеуге зор үлесін қосатыны анық.

Зерттеу барысында қолданылатын әдістердің қатарында тарихи-салыстырмалы талдау маңызды орын алды. Сонымен бірге деректанулық, герменевтикалық талдаулар арқылы қолжазбалар мен құжаттардың мазмұн, маңызын анықтауға септігін тигізді. Мәдени-тарихи және тарихи сын тәсілдері біз қарастырып отырған хронологиялық шеңбердегі діни ахуалдың тек рухани емес, қоғамдық-мәдени өмірге де ықпалын ашуға қолданылды. Ал пәнаралық әдіс тарих, дінтану, әдебиет және әлеуметтанудың ұштасқан тұстарын қарастырып, тақырыпты кең ауқымда талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар ауызша тарихты пайдалану сол кезеңнің куәгерлерінен жеткен естеліктерді ескеруге мүмкіндік берді.

Талқылау

XIX ғ. әлем тарихында империалистік құлшыныстармен танылса, империя құрамында өмір сүріп жатқан халықтар өзінің ұлттық болмысы мен ағартушылыққа деген қозғалыстарымен ерекшеленді. Империалистік құлшыныстарды табиғаты жағынан сыртқы экспансияға ұмтылған үстем күш ретінде қарастырсақ, бұл жағдайды ең алдымен империя құрамындағы халықтар сезініп, бейсаналық тұрғыда жүйенің әлсіреуін өздері үшін жаңа мүмкіндіктердің бастамасы деп қабылдағанын байқаймыз. Жекеленген халықтар осы империя ішіндегі жалғыздық пен шарасыздықты түсінгендей, ең алдымен арадағы кеңістікке және құрылған вертикалды, яғни тік басқару жүйесіне (vertical line of power) қарамай, көрші халықтармен қатарласып өмір сүруге әрекет жасады. Артынша империяның шегінен шығып, басқа елдердегі реформаларды көруді мұрат етті.

Тіпті бұл туралы пікірлерді сол кездегі мүфти де тысқары қалдырмаған. Айталық, тарихшы, ағартушы Риза Фахретдиннің 1908 ж. еңбегінде діндегі сұрақтар көтеріліп, Ресей бойынша жиналған хаттардың жиынтығы жарық көрген (Фахретдин, 1903). Жиынтықта көрсетілгендей, мүфти хазіреттің 1896 ж. жолдауында Русия дәулетінің кеңейгендігі себепті, исламдағы халықтың көпшілігі алыс жатқан уәлаяттарға кетіп, кейбіреулерінің өз әйелдеріне қолдау көрсетпей, тіпті қайда кеткендері жайлы да мағлұматтың жетіспеушілігіне тоқталған. Шетте қалған әйелдердің ауыр тұрмысын шешу мәселесін көтеріп, олардың «ауылдан ауылға, есіктен есікке ырызық іздеп жүргендерінен шарасыз болып, шарифат сотынан күйеулерімен некені бұзу туралы сұрайды» деп жеткізген. Мүфтият Ресейдің ойлы мұсылмандарынан бұған жауап жазуды сұраған. Мысалы, Семей облысының ахуны Ахметуәли хазіреттің мүфтиятқа жазған жауабы аталмыш жиынтықта жарық көрген (Фахретдин, 1903: 39).

Бұл деректер XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы діни-қоғамдық өмірде орын алған қайшылықтарды, әйелдер қауымының өз құқықтары үшін пікір білдірулері мен дін қайраткерлерінің қоғамдағы осы мәселені шешуге деген қызметтерін зерттеуге септігін тигізеді. Сондай-ақ Семей мұсылмандарының өңірдегі және жалпы мүфтият көлеміндегі үлестерін талдауға мүмкіндік береді.

Осы мысал негізінде қазақ даласының, соның ішінде Семей өңірінің орны айрықша. Ресей империясының XIX ғ. жүргізген әкімшілік-аумақтық реформаларына қарамастан, Семей қаласы сауда орталығы ретінде Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан керуен жолдары арқылы Еділ-Орал, Түркістан және Шыңжаңдағы экономикалық, интеллектуалдық орталықтармен байланысын үзген жоқ. Бұны біз XIX ғ. 60-ж.ж. деректерден де көре аламыз. Мысалы, этнограф Ипполит Завалишин керуен жолдарына тоқталып, Семейдің дамуына қатысты келесідей пікір білдірген: «Но не взирая на всѣ эти колебанія мѣропріятій административныхъ, Семипалатинскъ, благодаря своему счастливому мѣстоположенію, росъ постоянно, обстроивался хорошо, торговал еще лучше!» (Завалишин, 1861: 80).

И. Завалишиннің сипаттамаларын зерделей келе, Семейдің XIX ғ. соңына қарай империялық кеңістіктегі периферияның пассивті қаласы емес, мәдени автономиясы қалыптасқан, оны сақтап қалуға қызмет еткен ағартушы буын өкілдері жиналған белсенді субъектіге айналғанын көреміз.

Өңір халқының басым көпшілігі мұсылмандар болғандықтан, олар өңірдің экономикасына ғана емес, рухани дамуына да қозғаушы күш ретінде белсене қатысып отырды. Бүгінгі таңда Семейдің XIX-XX ғ. басындағы мұсылмандар тарихына ғылыми қызығушылық танытып, сол қоғамдағы, мысалы, татар халқының үлесін зерттеп жүргендердің бірі т.ғ.к. Павел Шаблейдің еңбектеріне тоқталуға болады. Соңғы жылдары архив, мерзімді басылымдармен жұмыс жасаған ол Семейдің мұсылмандар тарихнамасына едәуір үлесін қосты (Шаблей, 2020).

Осы себепті, П. Шаблейдің зерттеу методологиясын тысқары қалдыруға болмайды. Оның айтуынша, Семей мұсылмандары империямен интеграцияға асық болмаған. Ал шенеуніктер шеткі аймақтарды орыстандыру идеяларына қарамастан, мемлекеттік билікті жүзеге асыруда концептуалдық әртүрлілікті

камтамасыз етуге ұмтылған (Шаблей, 2020: 76). Бұндай жағдайда, әрине, өңір мұсылмандары орталықтандырылған биліктен алшақ қалып, жергілікті ерекшеліктерге сай мәдени алаңды, яғни автономияны құрап, даму жолына қарай жүруге қауқарлы болды. Өңір мұсылмандары қоғамдағы қайшылықтарды шешуде аталмыш мүмкіндіктерді тиісінше пайдалануға тырысты деп бағалай аламыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының Семейдегі ғұламалар ортасын зерттеуде жоғарыда айтылған себептерді ескеріп, бұған дейінгі зерттеушілердің көзқарастарын негізге алдық. Мысалы, бүгінгі таңда абайтануда өзінің алдындағы ғалымдардың ізденістерін талқылай келе, көлемді еңбектер жазып жүрген ғалымдардың бірі – ф.ғ.д., профессор, абайтанушы Тұрсын Жұртбай (Жұртбай, 2024).

Соңғы жылдары «Ахмет-Риза» есіміне қатысты деректер қоры толысып келеді. Ал Риза хазіреттің болмысын жаңаша қарастырған ғалымдардың қатарында т.ғ.к., профессор Амантай Исаұлын және тарих магистрі, археолог Айдын Жүнісхановты атап өтуге болады.

Зерттеуші А. Жүнісханов осы күнге дейін болмысы анықталмай келген Ахмет-Ризаның тұлғасына қатысты жаңа ойды ортаға ұсынды. Оның пікірінше, тарихи дереккөздерде Ахмет-Ризаға қатысты мәлімет кездеспейді (Жүнісханов, 2023:7). Ал Семей өңірінде діни қызмет атқарғандардың қатарында Ризаеддин хазірет пен қасында Ахметжан хазіреттің аталуы бірқатар дереккөздерде кездесті. Екеуі де бір мешітте имамдық еткен. Осы деректерді салыстыра келе, зерттеуші екі түрлі есімнің «Ахмет-Риза» түрінде қосарланып қолданылғаны мүмкін деген қорытындыға келген (Жүнісханов, 2023:7).

Бұл мақалада біз архивтік және мерзімді басылымдарда кездесетін деректерді негізге алып, сақталған қолжазбалардағы кейбір мәліметтер бойынша бірнеше сұрақты қарастыруға тырыстық.

Біріншіден, тарихи антропологиялық көзқарас тұрғысынан Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасына тоқталып, қолжазба деректер бойынша ұстаздары мен олардың Семейдегі діни-қоғамдық қызметтері туралы түсінікті қайта қарастыруға әрекет жасау.

Екіншіден, Семей мешіттерінің XIX ғ. аталу ерекшеліктеріне тоқталып, Абай оқыған медресе ғимаратына қатысты кейбір пікірлерді ескеру.

Нәтижелер

Семейдегі Риза хазірет мешіті

XIX ғ. 40 жж. Семей қаласында төртінші мұсылман махалласы қалыптасқан. Халықтың күшімен 1847 ж. бой көтерген №4 мешіттің алғашқы имамы болып Бұхара Шәрифте білім алған Ризаеддин Уәлидоғлы тағайындалған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 255-256 бб.). Ол махалла – Семейдің бүгіндегі

«Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» орналасқан жері немесе қазіргі Юрий Гагарин және Ғабдолла Тоқай көшелерінің қиылысы (сурет 1).



Сурет 1. «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» ғимараты. Семей. 2024 ж.

XIX ғ. екінші жартысында төртінші мұсылман махалласы Риза хазіреттің ұстаздығымен танылып, алыс-жақынға белгілі болған. Ол ұстаздық еткен медреседе шәкірттер саны жыл сайын артып отырған. Мысалы, 1870 ж. Риза хазірет медресесінде 60 шәкірт білім алса, жамағаттың саны, ерлер мен әйелдерді қоса есептегенде, 716 кісіге жеткен. Сол кездегі облыстық басқарманың Орынбор мүфтиятына жолдаған есебі бойынша, Риза хазірет діни істермен ресми түрде 1851 ж. бастап айналысқан, нақтырақ айтқанда, діни дәрежеге өтіп, қызметін жалғастырған: «Ризаутдинъ Валитовъ приходскій мулла, изъ мѣщанскаго званія, мечети №4. Съ какого времени въ духовномъ званій – 1851 г. (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466. П.6).

Осы архивтік деректі растайтын келесі бір дереккөз – Ахметуәли хазіреттің қолжазбасы. Семейдің мұсылман тарихнамасын жазған ғұлама Ахметуәли хазірет №4 мешіттің салынған жылын 1847 ж. деп көрсетіп, Риза хазіретті келесідей сипаттаған: «1847 жылы бұл мешітке Бұхара Шәрифте оқыған байыпты мінезді, ізгі, бойына бар жақсы қасиетті жинаған, діндар әрі әділ, Ғабд әл-Уахид мүфтидің емтиханынан өткен дамолла Риза ад-Дин хазірет имам болды. Және бұл дамолла Риза ад-Дин хазірет жақсы адам, келбетті әрі қайырымды, мейірімді еді. Және медресесінде шәкірттері көп болып, дәріс оқып ғұмыр кешті. Бұл ғазиз 1879 жылы дүниеден қайтты. Алла рақымына алсын» (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 255-256).

Екінші ғалым, тарихшы әрі діндар Құрбанғали Халиди Риза хазірт жайлы бірқатар деректерді жазып қалдырған. Оның хабарлауынша, Риза еттің шығутегі башқұрт не ноғайдан, оқыған жері – Бұхара. Семейге оралып, имам әрі мүдәріс болып қызметке келеді. Семейдің имам, ахун және қарилары әуелі соның медресесінде оқып, артынан Бұхараға баратын еді (Khalidi, 2005: 119, 140).

Жоғарыда келтірілген архивтік және қолжазбадағы дерекке сүйене отырып, №4 мешітке Риза хазіреттің 1847 ж. имамдық қызметке келіп, сәйкесінше 1851 ж. діни дәрежеге өткенін тұжырымдай аламыз. Себебі, мешіттің 1847 ж. салынғанын ескерсек, имамдық қызметке келу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеп, Орынбор мұсылмандар басқармасынан тиісті рұқсат алу белгілі бір уақытты талап еткені анық. Осыған орай, Ризаеддин хазіреттің діни дәрежеге тек 1851 ж. өтуін жоғарыда келтірілген себептерге байланысты деп пайымдауға толық негіз бар.

Абайдың шәкіртік кезеңіндегі «Ахмет-Риза» медресесі

Ақын Абай Құнанбайұлының Семейдегі оқу жылдары көпшілікке мәлім деректер бойынша шамамен 1855-1859 ж.ж. сәйкес келеді. Әлихан Бөкейханның хабарлауынша, Абай 10-12 жасында қырда сауатын ашып, 12 жасында Семейдегі Ахмет-Риза медресесіне оқуға түскен (Букейханов, 1907). Хронологиялық жағынан бұл дерек Ахмет Байтұрсынұлының жазбасымен сәйкес. 1913 ж.

«Қазақ» газетінің №39 санында: «Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмет Ризаның медресесінде оқыған» («Қазақ», 2009:398).

Ол кезде Семейдегі Риза хазіреттің мешіті 1847 ж. бастап ашық болғаны жайлы деректерді жоғарыда талдап, келтірдік. Абайдың заманындағы мешіттердің тізіміне тоқталатын болсақ, оның оқу жылдарымен және «Риза» есімді ұстаздың есімімен сәйкес келетін жалғыз оқу орны – ол Риза хазіреттің мешіті.

Ал енді «Ахмет» есіміне қатысты орынды сұрақ ортада қалады. Сол кездегі архивтік құжаттарға жүгінетін болсақ, Семейдегі №4 Риза хазіреттің мешітінде мәзин, яғни азан шақырушы болып қызмет атқарған Ахметжанның есімі кездеседі: «При немъ (яғни, Риза хазіреттің қасында – авторлар) Азанчей Ахмеджанъ Губайдуллинъ из казанскихъ крестьянъ. Съ какого времени въ духовномъ званій – 1860 г. (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466. П.6).

Ахметжан Ғұбайдолла оғлы туралы замандастары Ахметуәли хазірет те, Құрбанғали Халиди де өз еңбектерінде атап өтеді (Frank, Usmanov, 2001). Мысалы, ондағы деректер бойынша Риза хазірет қайтыс болған соң, мәзин және имамның қызметін атқарушы Ахметжан Ғұбайдолла оғлы имамдыққа келіп, қызметін жалғастырған (Frank, Usmanov, 2001:78). Дәл осы деректі Ахметуәли хазірет те келтірген (Frank, Usmanov, 2001:49).

Келтірілген деректерге сүйене отырып, хронологиялық реттілікке тоқталамыз. Біріншіден, 1847 ж. имамдық жолын бастған Риза хазірет 1876 ж. дейін мешітте қызмет етіп, ұстаздық қылған. Демек 30 жылға жуық уақыт аралығында жергілікті халықтың бұл мешітті «Риза хазірет мешіті» деп атап кетуіне толық негіз бар. Бұл ойды зерттеуші А. Жүнісханов өз мақаласында келтірген (Жүнісханов, 2023:7). Екіншіден, Ризахазіреттен кейін бұл мешітте Ахметжан хазірет 1876-1896 ж.ж. аралығында қызмет атқарған. Ахметжан хазіреттің 1896 ж. қайтыс болуы белгілі. Қабіртастағы әтінде оның №4 махалла имамы лауазымында 1896 ж. 77 жасында қайтыс болғаны жазылған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017:191). Яғни, тағы да 20 жыл уақыт. Хазіреттің көзі тірісінде мәзин болып жүрген Ахметжанның есімі, Риза хазіреттің есімімен әуелде «Риза-Ахмет», біріншісі қайтыс болған соң, көзі тірі имамды алдыға қойып, «Ахмет-Риза» мешіті деп аталып кеткенін, мысалы, жоққа

шығара алмаймыз. Риза хазіреттің көзі тірісінде, архивтік құжаттарда №4 мешіттің кейбір жылдары «Риза хазірет мешіті» немесе «Яшел мәсжид» (Жасыл мешіт) деп аталғаны туралы деректер кездеседі (ҚРОМА. Қ.498. Т.1. Іс.7. П. 6-7). Тіпті,

№4 мешіттің шамамен 1907 ж. кейін бұзылып (Кашляк, 2004: 510), сол махаллада салынған жаңа ғимараты ХХІ ғ. басына дейін өзінің тарихи жасыл түс элементтерін сақтап келді (сурет 2).



Сурет 2. Семейдегі №4 мешіттің орнына 1907-1910 ж.ж. салынған жаңа мешіттің келбеті (URL: <https://silkadu.com/en/content/mecheti-vostochnogo-kazahstana>)

Семейде 1870 ж. дейін жұмыс атқарып тұрған және онда қызмет еткен тұлғалардың есімдері архивтік құжаттарда (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466), ал 1888 ж. дейінгі жалпы тарихы Ахметуәли хазіреттің еңбегінде және 1912 ж. дейін Құрбанғали Халидидің жазбаларында қамтылған. Архивтік құжаттағы мешіттер мен имам, мүдәрістердің тізімін арнайы кесте түрінде берсек (Кесте-1).

Көріп отырғанымыздай, берілген 1870 ж. тізім бойынша Семейдегі медреселер ішінде Ризаетдин мен Ахметжан есімді тұлғалардың бір уақытта қызмет атқарғаны туралы мәлімет тек №4 мешітте ғана көрініс табады. Бұл сәйкестік, әрине, бүгінгі ғылыми және әдеби ортада тараған «Ахмет-Риза» есімінің түп мәнін ашуға бағытталып отыр. Өйткені, Семейдегі ғұламалардың арасында Ахмет-Риза есімді тұлғаның есімі архивтік құжаттардан да, ХІХ ғ. тарихи еңбектерден де әлі табыла қойған жоқ. Ал Семейдегі мешіт-медреселердің атауларына келетін болсақ, халық арасында олардың өзіндік атаулары қалыптасқан.

Кесте 1. Семейдегі мешіт-медреселер мен руханилардың тізімі, 1870 ж.

Мешіт №	Иманның аты-жөні	Азаншылардың аты-жөні	Шәкірттер саны	Жамағат саны (ерлер мен әйелдер)
1	Файзолла Ишмұхамметов	Сағит Сәйдәшев, Хасан Ишмұхамметов	53	587
2 (соборная)	Облыс ахуны Ибраһим Абдразақов	Исмағил Абдразақов, Латиф Абдрашитов	124	429
3	Ахметсафа Әлмұхамметов	Салих Исаев	55	420
4	Ризаәтдин Валитов	Ахметжан Ғұбайдуллин	60	716
5 (Заречная слободка)	Мұхаммедамин Мансуров	-		834
6 (Заречная слободка)	Семей уезінің қырғызы (қазағы – авторлар) Ахметжан Алтайбаев	-	55	210
7	Ахметуәли Мұнасыпов	Мұстафа Сағитов, қырғыз (қазақ – авторлар)	95	503
8	Ғабделжаппар Ғұбайдуллин	Сәйфолла Сәйдәшев	110	507
Ташкен гская	Хакімжан..., Мирная..., Сағидолла Сәйфуллин	Мұхаметбек Сағдарбеков, Маки... Сүлейман Рафиков	-	854
Жалпы саны: (авторлардың есептеуі бойынша)			552	5060

Мысалы, №1 мешіт – Шәфи бай немесе Ұлық мешіті, №2 мешіт – Соборлық мешіт немесе Ибраһим ахун мешіті, №3 мешіт – Бота мешіті немесе Ғайса хазірет мешіті, №4 мешіт – Жасыл мешіт немесе Риза хазірет мешіті, №5 және №6 мешіттер Семейдің сол жағалауында орналасқан (Тінібай, Төменгі слободка мешіті), №7 мешіт – Ахметуәли хазірет мешіті, №8 мешіт – Ғатият бай мешіті немесе Ғабделжаппар хазірет мешіті және №9 мешіт – Иштереков мешіті немесе Камали хазірет мешіті (ҚРОМА. Қ.495. Т.1. Іс.3; Қ.498. Т.1. Іс.18; Қ.498. Т.1. Іс.7; Қ.495. Т.1. Іс.24; Frank, Usmanov, 2001).

Бұл атауларға назар салсақ, мешіттердің атаулары не көп жылдар бойы имамдық еткен ұстаздармен не салуға қаражат бөлген байлардың есімдерімен аталатын болған. Келтірілген осы мысалда да Семейдегі Риза хазірет мешіті

«Ахмет-Риза» атауына сәйкес келетін бірден-бір нысан ретінде көзге түсетіні анық.

Риза хазіреттің болмысы мен Семейдегі рухани ортасы

Жалпы Риза хазіреттің шығутегі мен өміріне қатысты кейбір деректер ғалым Риза Фахретдин мен жергілікті тарихшы Құрбанғали Халидидің жазбаларында кездеседі. Мысалы, Р. Фахретдиннің еңбегінде Риза хазіреттің толық есімі Ризаэтдин ибн Уәлид ибн Құрбан деп жазылса, туған жері Минзәлә уезі деп көрсетілген. 13 жыл бойы Бұхарада тұрып, ұстазы Ғабд әл-Қадыр Ниязахмет әл-Фаруқиден тариқат бойынша куәлік алғаны да жазылған. Риза хазірет Һ. 1292 жылы, 19-зүлхижжә айында, яғни 1876 жылдың 16 қаңтарында қайтыс болған (Фәхретдин, 2010:84).

Белгілі ғалымдар Аллен Франк пен Мирқасым Усмановтар Ахметуәли хазіреттің қолжазбасын ағылшын тіліне аударған кезде, Риза хазіреттің қайтыс болған жылын «1879» деп көрсеткен. Аталмыш қолжазбадағы мәліметті автордың немесе аудармашылардың қателігі деп қабылдауға асығудың қажеті жоқ, өйткені бұл деректі салыстыра тексеруге мүмкіндік беретін қосымша дереккөздер бар. Дегенмен қадыми жазуда 6 және 9 сандарының жазылуы ұқсас (۶/۹) – 1876/1879. Сан таңбадан қате кетуі де мүмкін (Frank, Usmanov, 2001:49). Оның үстіне 2023 ж. Семейдегі Ескі мұсылман қорымынан табылған қабіртас бұл сұрақтың нақтылана түсуіне зор үлес қосты (Насыров, 2023:12).

Таста «1876» жыл көрсетілген (Сурет-3). Қабіртастағы жазу: «1876 жылы / жерленді / Риза ад-Дин / бин Уәлид 4-ші / мешіттің имам[ы]». (М. Насыровтың далалық материалдары, 2023).



1876 сәнә мәдфүн Риза ад-Дин бин Уәлид 4-ші масжид имам	۱۸۷۶ مسجد امام
--	-------------------

Сурет 3. Риза хазіреттің қабіріне қойылған эпиграфикалық ескерткіш.
Цифрлық кескінді өңдеу. Өлшемдері: 24×35×53 см. Мадияр Насыров, Рамиль Рахимбаев. 06.07.2023.

Жоғарыда (сурет 3) келтірілген материалдарды негізге ала отырып, XIX ғ. екінші жартысындағы Семейде қызмет еткен ең беделді ғұламалардың біріне Риза хазіреттің тұлғасын жатқызуға болады. Бұл туралы тарихшы Құрбанғали Халидидің пікірі маңызды. Мысалы, оның хабарлауынша, Семей өңіріне h. 1290 ж. (1873-74 ж.ж.) келген генерал қаланың білімді ғалымымен сұхбат құруды мақсат еткен. Оған алдымен Ибраһим ахун шақырылғанымен, дүниетанымдық шеңберінің тарлығына байланысты, Ибраһим ахун генералға да молла Ғабделжаппар мен да молла Ризаетдин хазреттерді ұсынады. Әңгіме барысында Еуропа адамдарының Ыстанбұл мен Мысырда тәпсір, тарих, мантық және өзге де ғылымдарды меңгеруі сөз болып, жергілікті жерде мұндай білімнің шектеулі таралғаны атап өтіледі. Осыған орай, хазіреттер пікірталасты мазмұнды ету үшін есте сақтау қабілетімен ерекшеленген да молла Камалетдинді шақырып, бірнеше сағатқа созылған діни-фәлсапалық пікірталасты өрбітеді. Генерал өз тәжірибесінде Ыстанбұл жақтарында тоғыз жылдық сапары кезінде түрлі ғұламалармен кездескенін айтып, да молла Камалетдинді солардың деңгейіндегі білімпаз ретінде жоғары бағалаған (Khalidi, 2005:151-152).

Қ. Халиди келесі бір жазбасында Риза хазіреттің есіміне тағы да тоқталып өткен: «Семейдің мәшһүр ғалымдарынан бірі да молла Ризаетдин қайтыс болғаннан кейін, бүгінгі танымал мүдәрістердің әуелгісі – түрлі ғылымдарда, әсіресе қалам ілімінде, тарих ғылымдарында терең білімі бар да молла, қажы Камалетдин әпендідүр» деп мысалға келтіріп, көпшілікке оның бір-екі бет көлеміндегі мақаласын ұсынған (Халидоғлы, 1911:396).

Бұл жерде Семей өңірі имамдарының тарихын жазған Қ. Халиди XX ғ. басындағы ақсақал Камалетдин хазіреттің алдында тұрған мәшһүр ғалымдардың ішінде Риза хазіреттің есімін атағаны, оның 1876 ж. қайтыс болса да, XX ғ. басында әлі де танымал болғандығын айғақтап тұрғандай. Ал Камали хазірет 1865 ж. бастап (Khalidi, 2005:143-144) Семейдің діни-қоғамдық ортасында Риза хазреттердің өзі мойындаған ірі ғалымдардың қатарынан орын алғаны, сөзсіз, осы контекстте анық байқалады.

Халидидің жазбасына қарай, XIX ғ. екінші жартысында Семей өңірінде қадымшылдық көзқарастардың ықпалды болғанын көреміз. Пікірталас барысында көтерілген мәселелерден байқайтынымыз – жергілікті діни-оқу жүйесі дәстүрлі медреселік үлгіге тірек еткен. Мұндай білім ордалары, негізінен, шарифат қағидаларын игерумен шектеліп, ғылымның жүйелі дамуына кең өріс аша қоймаған. Соған қарамастан қадымшылдық ұстанымдағы хазіреттер жергілікті мұсылман қауымының діни-рухани бірегейлігін сақтап, жаңа ғылымдарға қызығушылықпен қарағанын Риза хазірет пен генерал арасында болған сұхбаттан көріп, бағалай аламыз.

Демек Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасының XIX ғ. 50-60 ж.ж. әлі де қадымшыл көзқараста болғанын ескеру керек. Оны жазушы, ғалым М. Әуезов ескеріп, келісі пікірді қалдырған: «Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түркіше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады (Әуезов, 2014:162).

Жәдидтік қозғалыстың Ресей мұсылмандары арасында кең өріс алуы Исмаил Ғаспыралының 1883 ж. шығара бастаған «Тәржіман» газетінің таралу жылдарымен сәйкес. Мысалы, ғалым Веджихи Хекимоғлуның айтуынша, «Жаңа әдіс» ұғымының тарауына негіз болған Исмаил Ғаспыралының баспагерлік өмірі 1881 жылы шыққан «Тонгуч» журналымен басталса да, атақты «Тәржіман» газетін шығару үшін ол патша билігімен 4 жыл бойы келіссөздер жүргізген. Алғашында түріктердің жан-жақты мәліметке қол жеткізу әрекеті болып табылған «Жаңашылдық» аталған реформа қозғалысы XIX ғ. екінші жартысының басында тіл, оқу-білім және дінге байланысты салаларда жаңару реформасы ретінде бастау алады.

Қ. Халиди Семей өңіріндегі Көктеректе имам қызметін атқарған Дәут молда туралы айта келе, оның ғылым салаларын терең меңгергенін және ұстазы Камалетдин хазіреттен тәлім алғанын атап өтеді. Кейіннен ол Ыстанбұлдағы белгілі жазушы Ахмет Мидхатпен достасқан. Естеліктерге сүйенсек, сол кезеңде Ыстанбұлға келгендер «усул жәдид» бағытындағы оқыту тәсілін қолдауы тиіс еді. Алайда Дәут молда дәстүрлі қадымдық оқыту үлгісін ұстанатын еді. Оның өз сөзімен айтқанда: «Жәдидтердің әдісіне қарағанда, әріптерді жылдам үйретемін әрі ғылымдардың кең ауқымын қамтимын» (Khalidi, 2005:115-116).

Жәдидшілдердің Семей өңіріне енуі едәуір кеш жүзеге асқанын аңғаруға болады. Дегенмен қадым үлгісін ұстанған діндар ғұламалардың сопылық тариқатқа қатысып, ислам ғылымдарының әртүрлі саласын меңгеруге ұмтылуы Семейді ірі діни-ғылыми орталықтардың біріне айналдырды. Бұл жерде М. Әуезов келтіргендей, бала Абайдың есею жолы алғашында осы Семейдегі ғұламалар ортасы мен оның өзіндік қабілеті мен ізденістерінің тоғысуында болғанын ескерген жөн.

Риза хазірет медресесі

XX ғ. басына қарай Семей мешіттерінің жеке уақфтары мен кітапханалары қалыптасқан (Шаблей, 2020:83). Бүгінгі таңда мешіт-медреселерден қалған уақф кітаптардың бір бөлігі біз қарастырып отырған Риза хазіреттің медресесінде, қазіргі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» кітап қорында сақтаулы. Мешіттегі кітаптардың бір бөлігі тікелей мешіт тарихымен байланысты болса, енді бір бөлігі жылдар бойы аманат ретінде кітапхана қорына тапсырылып келген. Бұл жерде «аманат» ұғымы әсіресе Семейде 1950-2000 жж. аралығында өмір сүрген аға буын өкілдеріне көбірек тән. Себебі, соғыстан кейінгі ауыр жылдары қала жұртшылығы қасиетті Құран Кәрім, хадис жинақтарды мешітке аманат етіп тапсыруды дәстүрге айналдырған. М. Насыровтың үлкен әжесі Миңхәят Сиражетдинқызы да (1913-1999) Құран парақтарын аталмыш мешітке тапсырған. Кейбір парақтар М. Насыровтың жеке қорында сақталған (М. Насыровтың далалық материалдары, 2015). Өз заманында бұл дәстүрді мешітте қызмет еткен Шакиржан қари мен Алдаберген қария дәріптесе, бүгінде бас имам Дәулет Мақажан да, қаланың діндары Рамиль Рахимбаев та халық арасында сондай дәстүрдің болғанын еске алып, дәріптеп келеді. Бұның өзі ұрпақ арасындағы терең рухани сабақтастық пен байланыстың жемісі ретінде зерттеушілерге естелік материалдармен жұмыс жасауға зор мүмкіндік туғызып отыр.

Кітап қоры мамандар тарапынан зерттеліп, көшірмелері алынған жағдайда,

артынша өзінің ортасы Семей қаласында сақталуын; жергілікті халықтың аманатын орындап, тарихи мешіттің қарамағында өңір әрі ел тарихына ортақ тұрғызылған заманауи кітапханада сақталуын дұрыс деп санаймыз. Бұл сұрақтың оң шешілуі, әрине, мүфтият пен қолжазбатанушы ғалымдардың құзырында қалмақ.

Бүгінгі таңда, Семейдегі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қасында бір қабатты ескі ағаш ғимарат сақталған. Жергілікті халықтың естеліктері және өлкетанушы Шавқат Файзуллиннің (1936-2024) деректері бойынша «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» байырғы медресе ғимараты сол (М. Насыровтың далалық материалдары, 2023). Қазіргі таңда тұрғын үй ретінде жеке тұлғаның меншігінде қалып отыр (сурет 4). Үйде өмір сүруші N есімді әженің (1937 ж. туған) дерегі бойынша, ілкі жылдары сол үйде медресе болған. Әженің Мәстүрә есімді анасының дәл осы ғимаратта арабша оқығандығы туралы естеліктері сақталған (М. Насыровтың далалық материалдары, 2025).

Семейдегі №4 мешіттің 1847 ж. салынғанын және Абайдың оқу жылдарын осы діни орталықпен байланысты болғанын болжасақ, онда бұл арқылы ақынның білім алған медресесі өзінің бастапқы қалпын сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткен деген ғылыми болжамға да келуге мүмкіндік бар. Дегенмен ғимаратқа қатысты архивтік деректерді мақаланы жазу барысында кездестірмеуімізге байланысты бұл сұрақ ашық қалып отыр.



Сурет 4. Байырғы медресе ғимараты. Мадияр Насыров. Фотосурет: 3.07.2021.


XV ғасырдың қолжазбасы және Риза хазіреттің мөрі

Мешітте сақталған қолжазба кітаптардың ішінде біреуі ғана Риза хазіреттің есімімен байланысты екені белгілі (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024). Ол – Хафизуддин Кердеридің (1424 ж. қайтыс болған) «Әл-Баззазийа» еңбегі. Автор «Әл-Баззазийа» еңбегін 1409-10 ж. аяқтаған. Бұл еңбекте алғашқы Ханафи имамдарының пікірлері мен кейінгі кезеңдерде Ханафи ғұламаларының берген пәтуалары жинақталып, сенімді кітаптардың негізінде құрастырылған. Имам Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің, сондай-ақ кейінгі ғалымдардың пікірлерін айта отырып, оларға баға беріп, пәтуаға сәйкес таңдау жасауы әл-Баззазидің ғылыми

куатын көрсетеді (Электронды ресурс, URL).

Аталмыш тұлғаның еңбегі Семейдің «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорында сақтаулы. Әлем бойынша осы еңбектің көшірмелері баршылық. Мысыр, Қазан баспаларынан басылып шыққаны бүгінгі ғылыми ортаға мәлім. Ал Семейде сақталған бұл нұсқасы ең алғашқы көшірмелердің бірі болуы ықтимал. Көне кітаптың ішіне үңілсек, онда Османлы мемлекеті тұсына тиесілі жазбалар мен уақф мөрлері кездеседі. Былғарымен түптілелген кітаптың ішкі парақтары толық сақталған. Еңбектің соңғы беттерінде Нижраның 901 ж., яғни, 1496 ж. көшірілгені көрсетілген.

Форзац бетінде белгісіз бір адам (кітаптың кезекті иесі болса керек) Османлы мемлекетінің падишаһтарын тізбектеп, олардың билік еткен жылдарын көрсеткен. Соңғы жазба II Сүлейман сұлтанның есімімен аяқталған. Соған қарағанда, кітаптың кезекті иесі II Сүлейманның тұсында, яғни, шамамен 1640-1690 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Тағы бір жазба Н. 1088 жылына, Жұмаділәууәл айы, яғни 1677 ж. дәл келеді. Онда кітаптың иесі «Рұқынаддин Мехмет әл-қажы» деп көрсетілсе, қаланың атауы да – «Қынстантинийе әл-Мехмет» түрінде берілген.



Сурет 5. Семейде сақталған «әл-Баззазийа» көшірмесінің ішкі парағы.

Өлшемдері: 22,5 × 32 см

Қолжазбаның ішкі парақтарында уақф мөрінің бедерлері де кездеседі (сурет5). Араб қаріпінде берілген бедердегі жазуды оқысақ: «Уақф әл-қажы Омар әфенді 'ан Прауади, 1113». Бұл жазу арқылы көне қолжазбаның Османлы мемлекетіне қараған Прауадилік (Болгарияның Провадия қаласы?) Омар әфенді деген кісімен байланысын көреміз. Мөр бедеріндегі 1113 ж. – 1701/02 ж. сәйкес келеді (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024).

Риза хазірет бұл қолжазба кітапты Бұхарадан немесе қажылық сапардан алып

келуі мүмкін. Бәлкім басқа да жолдармен Семейге жеткен болар. Қолжазбаның қазақ жеріне жету тарихын зерттеу әлі де өзекті қалып отыр.

Кітаптың форзац беттерінің бірінде мөрдің бедері мен еңбек туралы қысқаша анықтама жазылған (сурет 6). Мөрдің бедеріндегі жазу: «Әр-ражи мин фазл әл-Мәжид, молла Ризаєтдин бин Уәлид, 1278» (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024). 1278 ж. 1861/62 ж. сәйкес келеді. «Ұлы Жаратушының сеніміне жүгінген, молда Ризаєтдин бин Уәлид» ұғымындағы жазу сол кездегі мөрлерге тән құбылыс. Мөрдің бұл бедері Риза хазіреттің Семейдегі қызметін зерттеуге қосатын деректердің бірі ретінде негізге алынып отыр.



Сурет 6. Мөрдің бедері. Қағаз бетінде 2×2 см аумағында басылған.

Мөр бедеріндегі жазу:

«Әр-ражи мин фазл әл-Мәжид, молла Ризаєтдин бин Уәлид, 1278»

Риза хазіреттің отбасы туралы кейбір деректер Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде кездеседі. Айталық, 1856 ж. Риза хазірет пен әйелі Хәбибә Халидқызының отбасында Салах ад-Дин есімді ұлдары дүниеге келген (ҚРОМА. Қ.498. Т.1. Іс.10. П.13). Ғалым Риза Фахретдиннің хабарлауына қарай, хазіреттің жалғыз ұлы өзінен ерте қайтыс болып, бір қызы күйеуде қалған (Фәхретдин, 2010: 84).

Осылайша, жоғарыда аталған мәліметтер бойынша, Абай Құнанбайұлынан (1845-1904) 35 жасқа үлкен болған Ризаєтдин хазірет ибн Уәлидті (1810-1876) оған дәріс оқыған ғұламалардың қатарына қосып қарастыруды және есімін «Ахмет-Риза» медресесімен байланыстырып, Семейдің мұсылмандар тарихнамасы мен абайтануға қатысты жаңа ғылыми ізденістерді қосуға тырыстық.


Ахметуәли хазірет ибн Ғали ибн Мүнәсіп

Семей өңірінің мұсылман тарихнамасын жазған, Абайдың діни істер бойынша кеңесшісі болған, кезіндегі Семей облысының ахуны, Ахметуәли хазірет 1833 ж. Семей қаласында дүниеге келген. Сауатын Риза хазіреттің медресесінде ашып,

оқуын Бұхара Шәрифте жалғастырған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017:260-261 бб.). Тіпті, оның шәкірттік жылдарында жазған қолжазба кітабы сақталғаны анықталып отыр. Ол – «Шарх Молла Жәми»,

«Кифаййа әл-мишрақул мәғриб» мәтіндерін қамтыған еңбек. Қолжазбаның соңғы парағында Ахметуәли хазірет келесі жазбаны қалдырып, аяқтайды: «Қад уәқағ мин тәсүид би-һәзәл Китаб бәғүн Алла л-Мәлик әл-Уаһаб фи йад әл-ғабд, әз-зәғиф, әл-фақир, әл-хақир, молла Ахметуәли бин Ғали әс-Семеуи фи мәдрәсә-и дамолла Риза ад-Дин бин Уәлид фи бәлдатү Семей, ғафирулла зүнүбүһүм уә Алла (...) әйүбүһүм амин, йа Раббил ғаләммин би-хүрмәти саид әл-Мүрсәлин, фи сәна-и Һижри 1269, фи сәна-и милади 1852». Яғни, бұл жерде Ахметуәли хазірет кітапты Ұлы Алланың көмегімен Семейдегі Риза хазірет медресесінде 1852 ж. жазып болғаны туралы мәліметті келтірген (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024).

Ахметуәли қолжазбасын 1852 ж. Семейде жазып аяқтаса, бұл кезең Абайдың шәкірттік жылдарына жақын келеді. Абайдың бала күннен Ахметуәлимен таныс болу ықтималдығын жоққа шығармаймыз. Екеуі бірге Риза хазіреттің медресесінде 1850-1860 ж.ж. оқулары әбден мүмкін. Дегенмен Ахметуәли хазірет Семейдегі медресені 1852 ж аяқтап, оқуын Бұхарада жалғастырды деген ойға келеміз. Себебі, ғалым Риза Фахретдиннің айтуынша, Ахметуәли хазіреттің Бұхарадағы оқуы 12 жылға созылған (Фәхретдин, 2010: 268). Ахметуәли хазіреттің өзі баян еткендей, ол туған еліне тек 1864 ж. қарай оралып, имамдық лауазымға келген (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 260).



Сурет 7. Мөрдегі мәтін: «Әл-Мүтәваккилү Ғали Аллаһ әл-Ғани, Молла Ахметуәли бин Ғали, 1277». 1277 жс. – 1860/61 жс. сәйкес келеді

Оған дәлел ретінде Ахметуәли хазіреттің келесі қолжазбасын мысалға келтіруге болады. Ол – толық сақталмаған, мұқабасы жоқ, өлшемдері 13×19,5 см болатын жинақ. Қолжазба араб тілінде, настағлиқ хатымен бір парақта 17 жолдан жазылған. Соңғы парағы сақталған. Онда Ахметуәлидің аталмыш көшірме кітапты Һ. 1269, яғни 1862/63 ж. жазып аяқтағанын; жазылған орны – Бұхарадағы Абд әл-Ғазиз хан медресесінде, Мұзафар Баһадүр сұлтанның кезінде екенін көрсеткен. Кітаптың ішкі парақтарында хазіреттің мөрі басылған (сурет 7).

Ахметуәли хазірет Бұхарада тек дәстүрлі діни білім алып қана қоймай, сопылық ілімді де меңгерген. 1864 ж. қарай арнайы куәлікпен елге оралып, кейінгі жылдары халық арасында абыройлы тұлға ретінде танылған (Шаблей, 2020:81,87). Бұхарада 1862/63 ж. аяқтап жазған қолжазбасы, оның сол жылы оқуды аяқтап,

1864ж. Семейдегі №7 мешітке имам болып тағайындалуы хронологиялық тұрғыдан сәйкес келіп, екі дереккөзді өзара растап тұр.

Осымен, Ахметуәли хазіреттен қалған үш қолжазба кітап белгілі:

1. Семейдегі Риза хазірет медресесінде 1852 ж. көшірген кітабы;
2. Бұхарадағы Абд әл-Ғазиз хан медресесінде 1862/63 ж. көшірген кітабы;
3. Семейде 1888 ж. жазған «Кітаб-ы тауарих-ы Семипулат қала» кітабы (Frank, Usmanov, 2001: 9).

Ахметуәли хазірет 1902 ж. Одесса қаласында қайтыс болып, сол жердің Мұсылмандар қорымына жерленгендігі туралы дерек ғалым Риза Фахретдиннің еңбегінде кездеседі. Сонымен қатар оның «Кітаб-ы тауарих-ы Семипулат қала» еңбегі жайлы де естіген. Алайда, Риза Фахретдиннің хабарлауынша, аталған еңбек Шиһабетдин Мәржанидің көзі тірі кезінде қолына тимеген. Егер бұл еңбек оған белгілі болған жағдайда, оны сөзсіз «Мөстафәдел-әхбар» жинағына енгізген болар еді деп жазады автор (Фәхретдин, 2010:268).

Жалпы XIX ғ. орта тұстарында Риза хазірет пен Ахметуәли хазірет және басқа да Семей ғұламаларының сопылық тариқатта болуы, атап айтқанда нақышбандийа-мүжәдидийә бағыты бойынша куәлік алулары (Шаблей, 2020:87) қаладағы қадыми діннің басымдылығын көрсетсе керек. XX ғ. басында ғалым Құрбанғали Халиди бұл мәселеге тоқталып өткен. Оның айтуынша, жәдидтік мектептер Семейде тек 1907 ж. кейін ашылса, ал 1912 ж. қайтадан қадыми мектептердің ықпалы арта түскен (Frank, Usmanov, 2001:2).

Бұл туралы қызықты мәлімет «Қазақ» газетінің 1913 ж. №12 санынан көруге болады. Онда Серік есімді азаматтың Камалетдин хазіреттің екі мұзыны (азаншысы) бұзықтық қылғанын жазып, «Усул жәдид харам деп дүниені жаңғырықтырып жүрген мұзындар» деп өзінің пікірін қосқан («Қазақ», 2009:123). Бұған қарағанда Қ. Халидидің қадымшылдардың ықпалы 1912 ж. кейін артты деген пікірі дұрыс болып шығады. Ал оның ішінде Камалетдин хазіреттің аталуы XIX ғ. ғұламалар мектебінің Семейдегі ықпалы өте зор болғанын аңғартады. Осындай күрделі пікірталас жылдары қазақ даласында мұғалім мен молданың айырмашылығы жайлы мақаланың көтерілуі әбден орынды еді. Бұл туралы мақала «Қазақ» газетінің №22 санында жарық көрген: «...Молданы осы кезде мұғалім деп жүрміз. Мұғалім – үйретуші деген сөз. Молда мен мұғалімнің айырмасы бар...» («Қазақ», 2009:219). Біріншіден, молдалар дәстүрлі діни білім берумен, яғни Құран, шариғат ілімі, араб-парсы тілдерін үйретумен айналысса, мұғалімдер жаңа үлгідегі жәдидтік мектептерде арифметика, география, жаратылыстану сияқты зайырлы пәндерді оқытумен ерекшеленді. Бұл айырмашылық діни білімнен бөлек, жаңа дүниетанымдық бағдардың қалыптасуына жол ашты. Екіншіден, «молда» ұғымы көбіне ауылдық ортада сақталып, шариғи құндылықтарды жеткізуші ретінде қабылданды.

Ал «мұғалім» сөзі қоғамда жаңаша педагогикалық бағыттың, яғни ұлтты ілгерілетуге бағытталған ағартушылық қозғалыстың көрсеткішіне айнала бастағанын осы XX ғ. басындағы мерзімді басылымдардың беттерінен кезіктіріп отырмыз.

Ғабд әл-Жаппар хазірет ибн Ғұбайдолла

Электронные таблицы - Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Миграция населения // Бюро национальной статистики [Электронный ресурс]. 2025. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/> (дата обращения: 05.08.2025).

Этапы возвращения кандасов на историческую Родину – независимый Казахстан // Zakon.kz [Электронный ресурс]. 2025. – URL: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5084699-etapy-vozvrashcheniya-kandasov-na.html> (дата обращения: 16.08.2025).

Яковлев А.И. Городская повседневность Якутска конца XIX – начала XX века. Автореф. дисс... канд. ист. наук. Улан-Удэ, 2014. – 22 с.

Berger P., Luckmann T. The Social Construction of Reality. New York: Anchor Books, 1966. – 240 p.

De Certeau M. The Practice of Everyday Life. Berkeley: University of California Press, 1984. – 260 p.

Garfinkel H. Studies in Ethnomethodology. Englewood Cliffs: Prentice-Hall, 1967. – 312 p.

Glick Schiller N., Levitt P. Conceptualizing Simultaneity: A Transnational Social Field Perspective on Society. International Migration Review, 2004. – 39 p.

Kazakhstan – International Migrant Workers Survey // Reliefweb [Electronic resource]. 2025. – URL: <https://reliefweb.int/report/kazakhstan/kazakhstan-international-migrant-workers-survey-may-2024-round-4-enru> (date accessed: 19.08.2025).

Lefebvre H. Critique of Everyday Life. London: Verso, 2008. – 316 p. Said E. Culture and Imperialism. New York: Vintage, 1993. – 407 p.

Schütz A. The Phenomenology of the Social World. Evanston: Northwestern University Press, 1967. – 300 p.

Сункар М. Сыдығалиев*, Сакен З.Раздыков

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ҚАНДАСТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ БЕЙІМДЕЛУ: ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақала қандастардың күнделікті өмірі феноменін олардың мәдени бірегейлігін қалыптастырудың және қазіргі қазақстандық қоғамға сәтті кірігуінің негізгі тетігі ретінде зерттеуге арналған. Жұмыста тұрмыстық және рәсімдік тәжірибелердің этномәдени мұраны сақтаудағы және қоныс аударушылардың бейімделуіндегі маңызы ашылады, жаһандық сын-қатерлер жағдайында дәстүрлі құндылықтар мен отбасылық құрылымдардың рөлі айқындалады. Зерттеуде мәдени кодтардың динамикасы мен олардың қабылдаушы аймақтардың әлеуметтік кеңістігіне қосылу барысында өзгеруі талданады. Әйелдер мен жастар қауымдастықтарының мәдени үлгілерді жеткізудегі, инновациялық тәжірибелерді игерудегі және этносаралық өзара әрекеттесуді кеңейтудегі ықпалына ерекше назар аударылады. Зерттеу көрсеткендей, қандастардың бейімделуі тек қана сызықтық интеграция процесі емес, ол дәстүрлі мәдениеттің элементтерін, қазіргі экономикалық стратегияларды және білім беру ресурстарын ұштастыратын күрделі, көпқырлы тетік болып табылады. Репатрианттардың күнделікті өмірі тарихи жадыны Қазақстанның әлеуметтік нормалары мен құндылықтарымен тоғыстыратын жаңа гибриді бірегейлікті қалыптастыратын кеңістік ретінде қарастырылады. Зерттеу материалының практикалық маңызы зор: нәтижелер этномәдени және әлеуметтік бейімделу бағдарламаларын жетілдіруге, этнология және көші-қон зерттеулері бойынша оқу курстарын әзірлеуге, сондай-ақ репатрианттарды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға пайдаланылуы мүмкін. Мақала этнологиялық ғылымды дамытуға үлес қосып, қандастардың бейімделу стратегияларына кешенді көзқарас ұсынып, күнделікті өмірді этномәдени талдаудың маңызды санаты ретінде айқындайды.

Түйін сөздер: қандастар; күнделікті өмір; бейімделу; мәдени тәжірибелер; дәстүрлер; еңбекпен қамтылу; әлеуметтік-мәдени кеңістік.

Sunkar M. Sydygaliev*, Saken Z. Razdykov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ETHNOCULTURAL ADAPTATION OF QANDASTAR IN THEIR EVERYDAY PRACTICES: AN ETHNOLOGICAL ANALYSIS

Abstract. This article explores the phenomenon of everyday life of *qandastar* as a key mechanism in shaping their cultural identity and ensuring successful integration into contemporary Kazakhstani society. The study highlights the significance of daily and ritual practices in preserving

ethnocultural heritage and adapting migrants, emphasizing the role of traditional values and family structures under global challenges. Particular attention is paid to the dynamics of cultural codes and their transformation in the process of incorporation into the social space of host regions. The research underscores the influence of women's and youth communities in transmitting cultural models, mastering innovative practices, and expanding interethnic interaction. Findings demonstrate that the adaptation of *qandastar* is not a linear process of integration but a complex, multidimensional mechanism that combines elements of traditional culture, modern economic strategies, and educational resources. The everyday life of repatriates is considered as a space where a new hybrid identity is formed, connecting historical memory with the social norms and values of Kazakhstan. The material of the study carries significant practical value: the results can be applied in improving ethnocultural and social adaptation programs, developing educational courses in ethnology and migration studies, as well as shaping state policies in supporting repatriates. The article contributes to the advancement of ethnological science by offering a comprehensive view of *qandastar*'s adaptation strategies and emphasizing everyday life as a key category of ethnocultural analysis.

Keywords: *qandastar*; everyday life; adaptation; cultural practices; traditions; employment; sociocultural space.

Reference

Akhmetbekov A. Bolshe 16,5 tysiāchi etnicheskikh kazakhov vernulis' na istoricheskuiu rodinu s nachala goda [More than 16.5 thousand ethnic Kazakhs have returned to their historical homeland since the beginning of the year] // Azattyq Rýhy – Informatsionno-analiticheskoe agentstvo Kazakhstana [Electronic resource]. 2025. URL: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/news/77135-bolshe-16-5-tysiachi-etnicheskikh-kazakhov-vernulis-na-istoricheskuiu-rodinu-s-nachala-goda> (data obrashcheniia: 16.08.2025). [in Russian]

Bobrovnikova T.A. Povsednevnaia zhizn' [Daily life]. Moskva: Molodaia gvardiia, 2001. 514 s. [in Russian]

Bolee 7 tys. etnicheskikh kazakhov poluchili status kandas s nachala 2024 goda v Kazakhstane [More than 7 thousand ethnic Kazakhs have received the status of kandas since the beginning of 2024 in Kazakhstan] // Vremia [Electronic resource]. 2024. URL: <https://time.kz/news/politics/2024/06/24/bolee-7-tys-etnicheskikh-kazakhov-poluchili-status-kandas-s-nachala-2024-goda-v-kazahstane> (data obrashcheniia: 19.08.2025). [in Russian]

Bolee 18 tys. etnicheskikh kazakhov poluchili status kandas s nachala 2024 [More than 18 thousand ethnic Kazakhs have received the status of kandas since the beginning of 2024] // Sluzhba tsentral'nykh kommunikatsii pri Prezidente Respubliki Kazakhstan [Electronic resource]. 2024. URL: <https://ortcom.kz/ru/novosti/1735015111> (data obrashcheniia: 03.08.2025). [in Russian]

Berger P., Luckmann T. The Social Construction of Reality. New York: Anchor Books, 1966. – 240 p.

Garfinkel H. Studies in Ethnomethodology. Englewood Cliffs: Prentice-Hall, 1967. – 312 p.

Glick Schiller N., Levitt P. Conceptualizing Simultaneity: A Transnational Social Field Perspective on Society. International Migration Review, 2004. – 39 p.

De Certeau M. The Practice of Everyday Life. Berkeley: University of California

Press, 1984. – 260 p.

Derzhat'sia kornei. Kandasy rasskazali, chem zanimaiutsia na istoricheskoi Rodine [Sticking to the Roots. Kandasy tell what they do in their historical homeland] // Zakon.kz [Electronic resource]. 2022. URL: <https://www.zakon.kz/kultura-shoubiz/6379127-derzhatsya-korney-kandasy-rasskazali-chem-zanimayutsya-na-istoricheskoy-rodine.html> (data obrashcheniia: 19.08.2025). [in Russian]

Dudinova E., Negizbaeva M., Turlash G. Pozitivnaia kommunikatsiia kak tekhnologiia adaptatsii migrantov i kandas v Kazakhstane: aspekty mezhkul'turnoi integratsii [Positive communication as a technology of adaptation of migrants and kandas in Kazakhstan: aspects of intercultural integration] // Vestnik KazNU. Serii zhurnalistika, 2022, №3(65), s.58-67. <https://doi.org/10.26577/HJ.2022.v65.i3.06> [in Russian]

Elektronnye tablitsy. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskemu planirovaniu i reformam Respubliki Kazakhstan. Migratsiia naseleniia [Electronic tables – Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Population migration] // Byuro natsional'noi statistiki [Electronic resource]. 2025. URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/> (data obrashcheniia: 05.08.2025). [in Russian]

Etapy vozvrashcheniia kandasov na istoricheskuiu Rodinu – nezavisimyi Kazakhstan [Stages of the return of kandas to their historical homeland – Independent Kazakhstan] // Zakon.kz [Electronic resource]. 2025. URL: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5084699-etapy-vozvrashcheniya-kandasov-na.html> (data obrashcheniia: 16.08.2025). [in Russian]

Kak Kazakhstan pomozhet kandasam i pereselentsam v 2025 godu [How Kazakhstan will help kandas and migrants in 2025] // Akimat goroda Zhezkazgan [Electronic resource]. 2025. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-zhezkazgan/press/news/details/915289?lang=ru> (data obrashcheniia: 05.08.2025). [in Russian]

Kandasy vozrozhdauiut drevnie remesla v Vostochnom Kazakhstane [Kandasy revive ancient crafts in East Kazakhstan] // Kazinform [Electronic resource]. 2022. URL: https://www.inform.kz/ru/kandasy-vozrozhdayut-drevnie-remesla-v-vostochnom-kazahstane_a3898861 (data obrashcheniia: 19.08.2025). [in Russian]

Karatabanov R.A., Saipov A.A., Balgabaeva B.Kh., Saparov K.T. Razdel 4. Sotsial'naia geografiia... // Geografiia Kazakhstana 9 klass. Almaty: TOO "ALMATYKITAP BASPASY", 2024, s.168. [in Russian]

Kurganskaia V.D., Shaukenova Z.K., Dunaev V.Yu., Abrakhmatova G.A. Kandasy i demograficheskie protsessy v Kazakhstane [Kandas and demographic processes in Kazakhstan] // Acta biomedica scientifica, 2024, №9(2), s.67-79. <https://doi.org/10.29413/ABS.2024-9.2.7> [in Russian]

Kurganskaia V.D., Shaukenova Z.K., Dunaev V.Yu., Abrakhmatova G.A. Repatianty v Kazakhstane: analiz problem integratsii... // Monitoring obshchestvennogo mneniia, 2024, №4, s.67-90. <https://doi.org/10.14515/monitoring.2024.4.2576> [in Russian]

Lebina N.B. Chelovek povsednevnyi: Ocherki povsednevnoi zhizni v Rossii v XX

veke [Everyday man: essays on everyday life in Russia in the 20th century]. SPb.: Dmitrii Bulanin, 2015. 472 s. [in Russian]

Lefebvre H. Critique of Everyday Life. London: Verso, 2008. – 316 p.

Mironov B.N. Sotsial'naia istoriia Rossii perioda imperii (XVIII – nachalo XX v.) [Social history of Russia during the imperial period (18th – early 20th centuries)]. SPb.: Dmitrii Bulanin, 2000. 548 s. [in Russian]

Shäken B. Qazaq repatriatsiasy üğymy turasynda: sipattamasy, türi jäne ereksheligi [On the concept of Kazakh repatriation: description, type and specifics] //

L.N. Gumilyov ENU Khabarshysy. Tarikhii gylymdar, 2023, №2(143), b.108-123. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-108-123> [in Kazakh]

Sokhraniaia vse traditsii: otkroveniia kandas o kul'turnoi zhizni kazakhov v Irane [Preserving all traditions: revelations of a kandas about the cultural life of Kazakhs in Iran] // Liter [Electronic resource]. 2024. URL: <https://liter.kz/sokhraniaia-vse-traditsii-kak-prazdnuiut-toi-kazakhi-v-irane-1721193634/> (data obrashcheniia: 19.08.2025). [in Russian]

Ushakin S.V. O muzhe(N)stvennosti. Sbornik statei [On masculinity. Collection of articles]. Moskva: Novoe literaturnoe obozrenie, 2003. 720 s. [in Russian]

Yakovlev A.I. Gorodskaiia povsednevnost' Yakutska kontsa XIX – nachala XX veka. Avtoref. diss... kand. ist. nauk [Urban everyday life of Yakutsk at the end of the 19th – beginning of the 20th centuries. Author's abstract. diss. cand. hist. sci.]. Ulan-Ude, 2014. 22 s. [in Russian]

Qudaibergenova A.I. Keñes дәuirindegi Qazaqstandagy köshi-qon üderisteri: tarikhii-demografiialyk aspekt... [Migration processes in Kazakhstan during the Soviet era...] Avtoref. diss... Almaty, 2010. 55 b. [in Kazakh]

Kazakhstan – International Migrant Workers Survey // Reliefweb [Electronic resource]. 2025. – URL: <https://reliefweb.int/report/kazakhstan/kazakhstan-international-migrant-workers-survey-may-2024-round-4-enru> (date accessed: 19.08.2025).

Said E. Culture and Imperialism. New York: Vintage, 1993. – 407 p.

Schütz A. The Phenomenology of the Social World. Evanston: Northwestern University Press, 1967. – 300 p.

Сведения об авторах:

Сыдығалиев Сункар Маратулы – PhD докторант кафедры археологии и этнологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Раздыков Сакен Зейнуллович – доцент кафедры археологии и этнологии, кандидат исторических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Sunkar M. Sydygaliev – PhD student at the Department of Archaeology and Ethnology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Saken Z. Razdykov – Associate Professor at the Department of Archaeology and

Ethnology, Candidate of Historical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan..

Авторлар туралы мәліметтер:

Сыдығалиев Сұңқар Маратұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасының PhD докторанты, Астана, Қазақстан.

Раздықов Сәкен Зейноллаұлы – археология және этнология кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Поступила в редакцию 05.04.2025

Поступила после доработки 19.05.2025

Принята к публикации 27.06.2025

FTAMP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2\(4\)-4](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2(4)-4)

КЕҢЕС ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ МЕН ПАНАСЫЗДЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раушан Д.Ахметова¹, Ерке Конбай^{2*}
Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: r.d.akhmetova@mail.ru¹

konbayyerke@gmail.com²

¹<https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

²<https://orcid.org/0009-0003-2678-945X>

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздық мәселесінің зерттелуі қарастырылады. Кеңестік жүйедегі әлеуметтік және білім беру саясаты, панасыз балалар мекемелері, ашаршылық тарихы сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Балалар панасыздығы тарихы өзекті тақырып болып саналғанымен, зерттеулер сирек көздеседі. Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері мен панасыздық мәселесін кешенді түрде зерттеу, оның әлеуметтік-саяси себептерін, мемлекеттік саясаттағы орны мен ғылыми тарихнамадағы зерттелу ерекшеліктерін айқындайды. Ең алдымен архивтік деректерге, атап айтқанда, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті (БОАК/ВЦИК) мен Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК/СНК) қаулыларына талдау жасап, олардың балаларға арналған мекемелерді ұйымдастырудағы рөліне тоқталады. Сонымен бірге, кеңестік педагогикалық ой мен ғылыми еңбектерде осы мәселенің қарастырылғанына шолу жасалды. Мақалада қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері негізінде балалар үйлерінің дамуы мен панасыздық себептері, түрлері сипатталады. Кеңестік әлеуметтік саясаттың балаларды қамқорлыққа алу тәжірибесін, оның ерекшеліктерін және аймақтық деңгейдегі іске асырылуын көрсетті. Зерттеу нәтижелері Кеңес дәуіріндегі балалар үйлері жүйесінің қалыптасу тарихын түсінуде, сондай ақ тарихнамадағы өзгерістерді айқындауда маңызды рөл атқарды. Балалар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық реформаларының нәтижесінде аштыққа ұшырады. Кеңес үкіметі панасыздардың материалдық жағдайын жақсарту барысында, жетімдерді балалар үйлеріне, коммуналар мен қабылдау пунктеріне орналастыруда маңызды іс-шаралар атқарды. Орталық, өлкелік балалар комиссиялары панасыз, қорғансыз қалған балалардың өмірін сақтап қалуға үлес қосты. Қазақстанның және басқа да зерттеушілердің тарапынан кеңестік дәуірдегі балалар панасыздығы мен жетімдер үйлерінің тарихын зерттеу бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Балалар панасыздығы тек кеңестік билікті ғана емес, бүкіл қоғамды толғандырған маңызды әлеуметтік құбылыс болды. Сол кезеңдегі деректер мен мерзімді басылымдарда мемлекеттің панасыздық пен қорғансыздыққа қарсы саясатының кемшіліктері жасырылмай, қайта олардың себептері айқындалып, болашақта еңсеру жолдары жан-жақты талданды.

Түйін сөздер: Кеңес дәуірі, панасыздық, балалар үйлері, әлеуметтік саясат, тарихнама

Кіріспе

Кеңес дәуіріндегі балалар панасыздығы мен жетімдерге арналған мемлекеттік мекемелер жүйесінің даму мәселесі біздің елде ғана емес, бүкіл әлемде өзектілігін жойған жоқ. Ресейдегі Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы кезеңінде жетім қалған балаларды әлеуметтік тұрғыда қорғау және қалпына келтіру мәселесі аса өзекті сипат алды. Кеңестік Қазақстанда 1920-1930 жылдары балалар үйінің пайда болуына алып келген саяси-әлеуметтік себеп салдарын анықтау, балалар үйінің материалдық жайы, ондағы балалардың аштықтан қырылуы, жұқпалы

аурулардың таралуы, моральдық-психологиялық жағдайын анықтау маңызды. Балалар панасыздығы мәселесіне қатысты зерттеулерде саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың іске асырылуының балалар өміріне тигізген салдары көрініс таппайды. Себебі, кеңес дәуірінде «балалар өмірі қорғалған, әлеуметтік жағдайлары шешілген» деген қағида берік ұсталды. Көше кезген панасыз балаларды қабылдау пунктеріне жинап, балалар үйі мен коммуналарға тәрбиеленуге жіберіліп отырды. Жетімдер үйі кеңестік дәуірдегі әлеуметтік-мәдени құндылықтарды іс жүзінде жүзеге асырудың бір нәтижесі ретінде қарастырылды.

Посткеңестік кезеңде Ресей, Украина тарихшыларының балалар панасыздығы тарихын зерттеу басымдылығы байқалады. Аштық тақырыптарын зерттеуде, балалар панасыздығы жанама түрде қарастырылады.

Отандық тарихнамада балалар панасыздығы мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулер баршылық. Кеңестік дәуірдегі панасыздық пен балалар үйлерінің құрылу жүйесі, даму процесін айқындайтын нақты ғылыми тұжырым әлі де толық қалыптаспаған. Ғылыми мақалаларда архивтік құжаттар негізінде статистикалық мәліметтер келтірілгенмен, нақты балалар саны, мемлекеттік мекемелердің жай-күйі анықталмайды. Себебі, құжаттарда нақты статистика үнемі өзгеріп отырған, ХКК, БОАК-ның есептерінде, қаулыларында мәліметтер әртүрлі. Бұл, сол уақыттағы адам саны мен әлеуметтік жағдайды толық қағаз бетіне түсірудегі мүмкіндіктердің жетіспеуі (жол қашықтығы, мамандардың тапшылығы, 10-12 жыл сайын қайталанатын ашаршылық, репрессия). Осы тұста, кеңес дәуіріндегі мемлекеттің ішкі саясатындағы балалар панасыздығы мен балалар үйі жүйесінің даму бағыттарының келеңсіз тұстарын көрсетеді. Панасыз балалар тарихын зерттеу архивтегі деректердерді сыни талдап, ғылыми еңбектердегі жазбалармен салыстырып, шынайы баға беруді үйретеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік қорына XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мен балалар үйі жүйесінің даму мәселесіне арналған қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері және 1920-1950 жылдары құқын-сүргінге ұшырағандарды толық ақтау бойынша құрылған комиссияның шығарған құжаттар жинақтарының материалдары жатады.

Ғылыми зерттеудің методологиясы қоғамдық құбылыстарды олардың даму барысы мен өзара байланысында қарастыруға негізделеді. Кеңестік дәуірдегі балалар панасыздығы мен балалар үйлері жүйесін талдауда тарихилық пен объективтілік қағидаттары негізгі әдіснамалық тірек болып табылады. Тарихилық қағидаты құбылысты нақты тарихи жағдайлармен байланыстыра зерделеуді талап етсе, объективтілік деректерді жан-жақты әрі шынайы талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және деректанулық талдау әдістері қолданылып, кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы мен балалар үйлері тарихының зерттелу мәселелері қарастырылды.

Талқылау

1918 жылғы 26 қаңтарда Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан кәмелетке

толмағандарды қамқорлыққа алу жөніндегі коллегия құрылып, ол панасыз балалардың жағдайын шешуге бағытталды. Сол жылдың сәуір айында аталған комиссариатта Балаларды қорғау бөлімі ашылып, соның нәтижесінде революцияға дейін Ресейде қызмет еткен жеке қайырымдылық мекемелері мемлекеттік балалар үйлеріне қайта ұйымдастырылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бұл мекемелер Халық Комиссарлар Кеңесінің қарамағында болып, балалар қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелеріне теңестіріліп, толық мемлекеттік қамқорлыққа ие болды. 1920 жылдан бастап балалар үйлері халық ағарту органдарының жүйесіне берілді. 1921 жылға қарай Кеңестік мемлекеттерде панасыз балалардың саны шамамен 4,5 миллионға жеткен (Сажина, 2013:2-3).

1918 жылдан бастап Азамат соғысының ауыр жағдайында БОАК жанындағы Балалар комиссиясы қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, балаларға қажетті тұрмыстық заттарды жинақтау, аштыққа ұшыраған губернияларға санитарлық және азық-түлік пойыздарын жіберу, сондай-ақ балалар мекемелері арасында мемлекеттік пайларды бөлу ісін жүзеге асырды. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы қолайсыз аймақтардағы балаларды астық өндірумен айналысатын шалғай губернияларға көшіру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде, 1918 жылдың алғашқы жартыжылдығында шамамен 5,5 мың бала эвакуацияланған (Медынский, 1952:124).

Зерттеуде деректерді талдаудан бастау орынды, өйткені олар тарихшылардың барлық ғылыми ізденістерінің негізін құрайды. Осы тұрғыда ерекше атап өтер жайт ХКК 1919 жылғы 20 ақпандағы «Балаларды қабылдау пунктері мен өзге де балалар мекемелерін Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариатының (ӘҚХК) қарамағынан Халық Ағарту Комиссариатына (ХАК) беру тәртібі туралы» қаулысы (Абакумов т.б., 1974:346). Аталған құжатқа сәйкес, барлық балалар мекемелері ғимараттарымен және мүлкімен қоса Халық Ағарту Комиссариатының қарамағына өткізілді. Ал Әлеуметтік қамтамасыз ету халық комиссариаты қаулы қабылданған күннен бастап бір ай ішінде бұл мекемелерді азық-түлікпен қамтамасыз ету міндетін өзіне алды.

Панасыз балаларға қатысты осындай өзгеріс Кеңес билігінің ендігі жерде олардың тек материалдық қамсыздандырылуын ғана емес, сонымен бірге кеңестік қоғамға әлеуметтенуін (білім беру, еңбекке тәрбиелеу) қамтамасыз етуге ұмтылғанын көрсетеді.

1925 жылғы 21 қыркүйекте РКФСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің «Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін еңбекке және қоғамдық қызметке дайындау шаралары туралы» қаулысы қабылданғанын атап өткен жөн (Абакумов т.б., 1974:350). Аталған құжат балалар үйлерін бітірген тәрбиеленушілердің одан арғы еңбекке орналасуын және оларды фабрика-зауыт училищелеріне қабылдауды қамтамасыз етті. Бұл қаулының жүзеге асырылуы балалар үйлеріндегі барлық тәрбиеленушілердің тағдырында маңызды рөл атқарды. Отбасылық тәрбие мен тиісті материалдық қамсыздандырудан айырылған балаларға кеңестік биліктің шешімдері кәсіби білім алу мен кейінгі еңбекке орналасуға нақты мүмкіндік берді. Мұндай тәжірибенің әлемдік деңгейде алғаш рет қолданылғанын да айта кеткен жөн.

Тікелей зерттеулерге назар аударсақ, 1952 жылы жарық көрген Е.Н.

Медынскийдің «Халық ағарту ісі КСРО-да» атты еңбегін ерекше атап өткен жөн (Медынский, 1952). Бұл еңбекте автор 1917 жылы Кеңес өкіметінің орнауынан бастап 1947 жылға дейінгі халық ағарту жүйесінің дамуын қарастырады. Медынский ресми түрде жарияланған деректерге, әсіресе «КСРО-да мәдени құрылыс» атты статистикалық жинақтағы мәліметтерге сүйене отырып, кеңестік биліктің ағарту саласындағы жетістіктерін көрсетуге ұмтылған.

Зерттеуде балалардың панасыздығы мен балалар үйлерін салу мәселесі Халық ағарту комиссариаты шешуге тиіс негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тақырыпқа арнайы тарау арнаған автор Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тағдыры өткір әлеуметтік мәселе болғанын атап өтеді (Медынский, 1952:123-124).

Медынский кеңестік билік алдымен ескі балалар үйлерін жөндеу және жаңа мекемелер салу міндетін қойғанын жазады. Оның мәліметтеріне сүйенсек, 1921 жылы балалар үйлерінің саны 5251-ге жетіп, онда 260,6 мың бала тәрбиеленген. 1923 жылға қарай жетімдер санының артуына байланысты олардың саны 7120-ға дейін көбейген. Ал 1920-жылдардың ортасына таман панасыз балалар саны азайғандықтан, балалар үйлерінің саны 2925-ке дейін қысқарған. Бұл көрсеткіш Кеңес билігінің панасыздық мәселесін шешудегі белсенді әрі нәтижелі қызметін айғақтайды.

Кеңестік билік алға қойған маңызды міндеттердің бірі – балаларды моральдық күйзелістен қорғау және олардың қоғамға толыққанды әлеуметтенуін қамтамасыз ету болды. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, балалар үйлеріне жүктелді. Е. Н. Медынскийдің мәліметтеріне сәйкес, Кеңес Одағындағы балалар үйлері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен арнайы мақсатына қарай жіктелді. Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар үйлері екі санатқа бөлінді: мектепке дейінгі жастағы (3-7 жас) балаларға арналған және мектеп жасындағы (7-14/17 жас) балаларға арналған үйлер. Ал арнайы мақсаттағы балалар үйлеріне өнер саласында ерекше қабілеті бар балаларға арналған мекемелер, сондай-ақ санаторийлік балалар үйлері және басқа да түрлер жатқызылды (Медынский, 1952:128-130).

КСРО-да, әсіресе 1920-жылдары балалар панасыздығы мен балалар үйлерін ұйымдастыру мәселесіне қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Алайда 1930-жылдардың ортасынан бастап бұл тақырып ғылыми зерттеулерден мүлде алынып тасталды. Мұның себебі айқын: мәселені жан-жақты қарастыру кеңестік мемлекеттің репрессивтік саясатына алып келетін. Осы кезеңнен бастап «беспризорниктер» (панасыздар) және «безнадзорные» (қамқорсыздар) ұғымдары ашық жарияланымдарда «жетім балалар» деген терминмен алмастырылды. Ресми көзқарас бойынша, 1930-жылдары балалардың панасыздығы «кулактардың» әрекетімен байланыстырылса, 1940-жылдары оның себебі соғыс салдарынан деп түсіндірілді. Дегенмен терминологиялық өзгерістер құқықтық құжаттарға әсер еткен жоқ: онда панасыз әрі қамқорсыз балалардың бар екендігі және бұл жағымсыз әлеуметтік құбылысты жою қажеттігі мемлекеттік деңгейде мойындалды. Алайда барлық мәлімет қатаң құпия сақталды (Славко, 2011:7-8).

Қайта құру жылдары балалар панасыздығы тақырыбына қатысты зерттеулер ғылыми ортада қайта көтеріле бастады, бірақ олардың саны шектеулі болды. Себебі тарихи ғылымды сол кезеңде өткен мен қазіргі заманның жаһандық сипаттағы

проблемалары көбірек қызықтырды. Тек 2000-жылдардың басынан бастап 1920-жылдардағы балалар үйлерін ұйымдастыру және жетім балалардың жағдайына арналған еңбектер белсенді түрде жарық көре бастады. Бұл кезеңдегі зерттеулердің ерекшелігі – олардың тар ауқымдылығында. Егер 1920-1930-жылдары зерттеушілерді негізінен заңнамалық база, орталық билік шешімдері және бүкіл КСРО аумағында балалар үйлері желісін құру сияқты кең ауқымды мәселелер толғандырса, қазіргі еңбектерде балалар үйлерінің аймақтық тарихына, сондай-ақ осы мекемелерде тәрбиеленген жетім балалардың күнделікті өміріне терең назар аударылады.

1920 жылдардың аяғында Қазақстандағы балалар үйіне қатысты статистикалық мәліметтердің негізінде балалар үйінің арқасында аман қалған балалар туралы тұжырымдар жасалған Н.В. Мананникованың «Охрана материнства и младенчества в Казахстане» еңбегі біржақты көзқарасқа ие деп танылды (Мананникова, 1938). Ана мен баланы қорғау мәселесін тереңірек зерттеген А.Б. Бисенованың «Материнство и детство (Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане)» ғылыми еңбегі бала мен ана өмірін сақтап қалуда, денсаулық сақтау шаралары мен қазақ қоғамындағы ұлттық құрамның сақталып қалуы мен қалыптасуы туралы талдаулар береді. Кеңестік саяси-экономикалық, әлеуметтік реформаларға қатысты зерттеулерінде алғашқы пайда болған балалар үйінің құрылуына қатысты деректер кездеседі. (Бисенова, 1960). Ф.Н.Базанова «Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект» еңбегі қоғамдық-әлеуметтік, саяси үрдістердің салдарын жанамалай алып келіп, елде панасыз балалар саны көбейгенде, мемлекеттік органдар балаларды қорғауда прогресивті рөл атқарғандығын ашып көрсетеді (Базанова, 1987).

1980 жылдардағы қайта құру кезеңі кеңестік саясаттың теріс тұстарын сынай бастады. Әсіресе ресейлік авторлар аштық, балалар үйлерінің құрылуы мәселелерін зерттеуге ұмтылды. Л.А. Гордан, Э.В. Клопов зерттеулері мен, отандық Ж.Б. Абылхожин, А.Н. Алексеенконың еңбектерін атауға болады.

КСРО құлағаннан соң, посткеңестік кезеңде ғылыми цензура алынып, жаңа идеялар мен көзқарастарға негізделген еңбектер пайда болды. Голощекиндік асыра сілтеу «кіші қазан» идеясы туралы М.Қ. Қозыбаев (Қозыбаев, 1992), қазақ даласындағы алапат аштықтың салдарынан балалар тағдырының қасіретін ашуға тырысқан Т.О. Омарбеков (Омарбеков, 2001), 1931-1933 жылдардағы нәубеттің себеп-салдарын статистикалық деректер аясында дәлелдеген М.Х. Асылбеков, М. Тәтімов, Ә.Б. Ғалиев т.б. зерттеулері балалар панасыздығы мен балалар үйінің қалыптасу мәселесін негіздеуде мүмкіндік беретін зерттеулер болып табылады (Асылбеков, Ғалиев, 1991). М.П. Малышева мен В.С. Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западный Сибири (1931-1934 г.г.)» зерттеулері аштық жылдары Батыс Сібірге босқан қазақ балаларының тағдыры деректер береді (Малышева, Познанский, 1999). Ашаршылық кезеңінен кейінгі қазақ балаларының өмірін жақсарту, мемлекеттік балалар үйіне орналастыру, жасақталған асханалардан тамақтандыру, киім-кешекпен қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсету шараларын ұйымдастыру фактілері талданады.

Отандық тарихнамада КСРО аумағын қамтыған 1921-1923 жылдардағы

ашаршылықтың зардаптары мен балалардың жаппай індетке шалдығу мәселесі З.Г. Сактаганова мен Г.Б. Карсакованың «Ақмола губерниясында 1920 жылдардағы ашаршылық әсерінен панасыз балалар санының өсуі» ғылыми зерттеуінде қарастырылады. Мақалада партиялық-мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың індетке ұшыраған балаларды құтқару бағытындағы қызметі сипатталып, «панасыздық» ұғымына түсіндірме беріліп, оның туындау себептері ашылады. Архивтік деректер негізінде республика мен өңірлердегі панасыз балалардың нақты саны айқындалып, балалар үйлеріндегі санитарлық жағдай, елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, соғыс пен аштықтың салдары талданады (Сактаганова, Карсакова, 2017: 4-10).

Шетелдік зерттеушілердің қатарында Р. Конквест Кеңестік биліктің саясатындағы қатігездігін сынап, солақай реформалардың салдарынан қоғамда қорғансыз балалардың пайда болуы мен көбеюіндегі зардаптарын талдайды. Қоғамдағы жағымсыз құбылыстарды талдап, оныолардың ішкі сипаттарын анықтауға бағытталған теориялық негіздеме қалыптастырды. (Конквест, 1988). В. Шмидт «Трагедия Казахстана 1921-1922 годов: голод и его последствия» мақаласында 1921–1922 жылдардағы ашаршылықтың ең ауыр зардаптарының бірі ретінде балалардың күйін, панасыздық мәселесін ерекше атап өтеді. Урал губерниясындағы жағдайды сипаттай келе, ол: «Қалада қорқынышты көрініс, ісініп, ыңырсып жүрген балалар жол бойынан түрлі қоқыстарды жинауда. Уральскіде 500-ге жуық адам жиналған, оларды тамақтандыруға мүмкіндік жоқ» деп жазады (Шмидт, 2018:42). Бұл дерек ашаршылық кезінде балалардың ең ауыр әлеуметтік топқа айналғанын, олардың тамақтану мүмкіндігінен айырылып, панасыз қалғанын көрсетеді. Шмидттің пайымдауынша, балалар арасындағы аштық пен панасыздық ашаршылық қасіретінің ең шынайы көріністерінің бірі, әрі кеңестік биліктің ұйымдастырған көмегі бұл мәселені шеше алмаған. Панасыз балалардың жағдайы, аштықтың адамзаттық қырының ең ауыр дәлелі болып табылады.

Аризона университетінің доценті М.В. Кашыкчы өзінің «Growing up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing, and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953» ғылыми зерттеу диссертациясында, кеңестік Қазақстандағы балалардың өсу ортасын куәгерлердің естеліктері, ауызша тарихи сұқбаттар мен архив материалдары негізінде зерттеген. Құжаттар жинақтарын алғаш рет ғылыми талдай отырып, ашаршылық жылдарындағы балалар тәжірибесіне ғылыми тұрғыдан талдау жасайды (Кашыкчы, 2020).

Зерттеулер арасында халықаралық көмек ұйымдарының маңызын ашып, панасыз балалардың аман қалғанын дәлелдейтін дерек келтірген. Тарихшы Г.Г. Циденковтың «Везучие беспризорники из Актюбинска» мақаласы. Ол 1921-1923 жылдардағы ашаршылық кезеңінде қазіргі Солтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы шетелдік гуманитарлық ұйымдардың (АРА, Католикалық миссия, «Межрабпом» және т.б.) панасыз балаларға көрсеткен қызметіне тоқталады. Әсіресе Ақтөбедегі панасыз балалардың тағдыры мен оларға көрсетілген көмекке баса назар аударған. Ақтөбе қаласындағы Бельгия коммунистік секциясы ұйымдастырған балалар үйінің тарихын кеңінен сипаттап, оның шетелдік ұйымдардың есебінен қаржылардырылғанын дәлелдейді. Ашаршылық кезінде

панасыз балалардың тағдыры ауыр болғандығын айта отырып, Ақтөбедегі бір топ баланың шетелдік ұйымдардың тікелей қамқорлығына өткенін ерекше жағдай ретінде көрсетеді: «Один из самых интересных детских домов „Межрабпома“ был открыт в Актюбинске Бельгийской коммунистической секцией... В детском доме в Актюбинске нашли приют 100 сирот. Бельгийские шефы решили сделать на базе детского дома кухню-столовую...» (Циденков, 2022:154). Мақалада Ақтөбедегі панасыз балалардың тағдыры халықаралық гуманитарлық көмектің арқасында жеңілдегені, бірақ бұл тек жекелеген бастамалардың нәтижесі болғанын көрсетеді.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Г.Б. Сүгірәлімова өзінің кандидаттық диссертациясында 1920-1940 жылдардағы панасыз балалар тарихын зерттеуде, мемлекеттік органдардың қызметін, алаш қайраткерлерінің балалар өмірін сақтап қалудағы іс-әрекеттерін кешенді талдауға талпынды (Сүгірәлімова, 2006). Сонымен қатар, Қазақстандағы 1920-1940 жылдардағы панасыз балалардың тарихы мен жетімдер үйінің құрылуы мен дамуын Г.К. Кемелжанова ғылыми мақаласында қарастырады (Кемелжанова, 2020). Зерттеуде 1920-1940 жылдары балалар мекемелері жүйесінің дамуы панасыздық, қараусыздықпен күрес жағдайында жүзеге асқандығы айқындалады. Сонымен қатар, қамқорсыз қалған жасөспірімдер мен балалар үйі тәрбиеленушілерінің күнделікті өмірін қарастыру барысында, бұл мекемелердің қызметіне сол кезеңдегі елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың елеулі ықпал еткенін назарға алу қажеттігі атап көрсетіледі. Әрине, панасыздықты толық жою немесе ауылдық жерлердегі балалардың тұрмыс жағдайын түбегейлі жақсарту мүмкін болмағанымен, қолайсыз экономикалық жағдайға қарамастан мемлекет тарапынан бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылды.

Жаңа архивтік және жазба деректерге сүйенген 2023 жылы «XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары» атты ұжымдық монография жарық көрді. Еңбектің алғашқы тараушасы ашаршылық жылдарындағы балалар панасыздығымен күрес мәселесіне арналды. Мұнда Ресей Федерациясы мен Қазақстан архивтеріндегі материалдар негізінде ашыққандарға көмек көрсету (Помгол) органдарының балаларға жәрдем ұйымдастыруы және панасыздықпен күрес бағытындағы есептік мәліметтері мен статистикалық деректері талданады. Сонымен қатар 1920-жылдардың басындағы Орталық балалар комиссиясының қызметі, балалар үйлерінің жағдайы, ондағы тәрбиеленушілер саны, олардың санитарлық ахуалы және балаларды құтқару мақсатында жүргізілген эвакуациялық шаралар қарастырылады. Зерттеушілер өз тұжырымдарын дәлелдеуде Орталық балалар комиссиясының қабылдаған шешімдері мен жүзеге асырған іс-шараларына сүйенеді. Комиссияның негізгі міндеттеріне ашаршылыққа ұшыраған балаларға кезең-кезеңімен көмек ұйымдастыру, жергілікті аштыққа қарсы ұйымдармен бірлесіп әрекет ету, балаларды азық-түлікпен қамтамасыз ету, оларды аштықтан аман қалған аймақтарға эвакуациялау, сондай-ақ қаржылық мәселелерді шешу арқылы жалпы көмек жұмыстарын үйлестіру кірді. Зерттеуде аштыққа ұшыраған балаларға көмек ұйымдастыруда А. Кенжиннің ерекше еңбегі атап көрсетіледі. Ол 1921 жылдың екінші жартысында ҚАССР Халық ағарту комиссары қызметімен қатар Орталық балалар комиссиясын басқарды. Оның жетекшілігімен «балаларға көмек

апталықтары» өткізіліп, эвакуациялау ережелері, есеп үлгілері әзірленді және санитарлық пойыздар өкілдерімен бірлескен кеңестер ұйымдастырылды (XX ғасырдың, 2023а). Зерттеліп отырған еңбек аштық пен қараусыз қалған балаларға қатысты статистикалық деректердің көптігімен ерекшеленіп, 1920-жылдардағы Қазақстандағы панасыз балалар мен балалар үйлері тарихын зерделеуде маңызды дереккөзі болып табылады.

Ұжымдық монография «XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: орналасуы мен бейімделуі» атты жоба бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі болып табылады. Жинақта ашаршылық салдарынан орын алған жаппай босқыншылық құжаттық деректер мен куәгерлердің естеліктері арқылы жан-жақты көрсетілген. Қазақ халқының Орта Азия мен Ресей аумағына амалсыз қоныс аударуы, олардың жаңа ортаға бейімделуі, сондай-ақ босқындардың тағдыры айғақталады (Құдайбергенова және т.б., 2022).

Сонымен қатар, кеңес үкіметі тарапынан ашаршылыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырылғанымен, нақты көмекке аса мұқтаж елді мекендерге бұл қор жеткіліксіз болды. Мардымсыз, бір-екі рет берілген азық-түлік көмегі аштықтан қырылғандардың өмірін сақтап қала алмады. Панасыз қалған балалар балалар үйіне тапсырылғанымен, олардың көпшілігі аштық пен аурудың салдарынан қайтыс болды. Бұл деректер кеңестік биліктің XX ғасырдың 1920–1930 жылдары елді азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмағанын көрсетеді (Құдайбергенова және т.б., 2022:69).

Бұл бағытта Е. Сыдықовтың 2010 жылы жарық көрген «Гонимые голодом» атты құжаттар жинағында Батыс Сібірге босып кеткен қазақтар туралы құнды мәліметтер келтірілген (Сыдықов, 2010). Құжаттар жинағында XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы ашаршылық салдарынан Сібірге жапырлай көшкен он мыңдаған қазақтардың тағдырына қатысты деректер топтастырылған. Авторлар материалдарды талдай келе, сол кезеңде Қазақстаннан Сібірге қоныс аударған қазақтардың ресми құжаттарда көрсетілгеннен 30–40 %-ға артық болғанын, яғни шамамен 100 мыңға жуығын құрағанын болжайды. Батыс және Шығыс Сібірге негізінен орта жүз және ішінара ұлы жүз қазақтары қоныс аударғаны айтылады. Сібірге барған қазақ балаларының жағдайы аса ауыр болған. Жинақтағы архивтік 50-ге жуық құжат панасыз қалған, жетім балалардың ахуалы, оларды балалар үйлеріне орналастыру және жаңа балалар үйлерін ашу мәселелеріне арналған. Батыс Сібірдегі балалар үйлеріне байланысты құжаттарда жергілікті билік тарапынан немқұрайлылық, жабдықтаушы ұйымдардың жауапсыздығы, асханаға бөлінген нанның жүйесіз берілуі немесе басқа мақсаттарға жұмсалуды, киім-кешек пен аяқ киімнің жетіспеушілігі, ғимараттардың жөнделмеуі және қаржы тапшылығы секілді мәселелер кеңінен көрініс тапқан.

Сондай-ақ 2021 жылы жарыққа шыққан «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника» атты үш томдық құжаттар жинағы бұрын-соңды болмаған экономикалық дағдарыстарды, әлеуметтік-демографиялық өзгерістерді зерделеуде және қазақ балаларының панасыз қалу динамикасын айқындауда ерекше ғылыми мәнге ие. Құжаттар жинағында 1932-1934 жылдары панасыз балаларға, сондай-ақ шаруашылығы мүлде күйреген отбасылардың балаларына

арналып Халық денсаулық комиссариаты (ХДК) мен Халық ағарту комиссариаты (ХАК) желісі облыстар бойынша барлығы 6000 балаға арналған балалар үйлерін ұйымдастырғаны жайлы деректер келтіреді (Ашаршылық, 2021: 205).

Және де, 1933 жылғы 3 сәуірден кейін Мәскеуде жазылған ВЦИК Балалар комиссиясы өкілінің құпия баяндамасында Қазақстандағы панасыз балалардың жағдайы «аса ауыр» деп бағаланған. Құжатта көрсетілгендей, 1933 жылдың 1 сәуірінде республикадағы балалар үйлерінде 57–58 мың бала болған, сонымен қатар көшелерден әлі де 2,5–3,5 мың баланы жинау қажеттігі атап өтілген. Балалар үйлері толып кеткен, бейімделмеген ғимараттарда орналасып, балалардың басым көпшілігі бір ғана көйлекпен жалаңаш жүрген, төсек-орын жетіспей еденде жатқан. Тамақтану деңгейі «өте нашар» деп сипатталып, азық-түлік кешігіп, қысқартылып берілгені, ал кейде мүлде жетпегені көрсетіледі.

Қаржыландырудағы жағдай да мүшкіл еді: 1932 жылы Қазақстандағы балалар үйлеріне бөлінуі тиіс 4 579 000 рубльдің орнына тек 1 545 000 рубль (33,9%) ғана жеткен. Қалған шығындарды Орталықтың қаражаттары есебінен жабуға тура келген. Соның салдарынан көптеген балалар үйлерінде балалардың өлім-жітімі күрт өскен, ал тәрбиелеу жұмысы іс жүзінде жүргізілмеген. Құжат авторы жағдайды «катастрофа» деп бағалап, Қазақстандағы тиісті мекемелердің немқұрайлылығы мен жауапсыздығын сынға алған (Ашаршылық, 2021:562-564). Бұл дерек Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде панасыз балалардың жағдайының қаншалықты ауыр болғанын дәлелдейді. Кеңестік билік балалар үйлерін ұйымдастыруда жүйелі саясат ұстана алмады: қаражат жеткіліксіз бөлінді, тамақ пен киім жетіспеді, бақылау тетіктері болмады. Соның нәтижесінде балалар үйлері гуманитарлық мекеме емес, өлім ордасына айналды. Осы құжат кеңестік әлеуметтік қамқорлық жүйесінің формалды сипатта ғана болғанын, іс жүзінде балалардың өмірін сақтап қалуға қауқарсыздығын көрсетеді.

С.О. Смағұлованың «Зұлмат жылдар зардабы» монографиясында аштық жылдарындағы балалардың ашығуы мен өлімі мәселесіне бір тарау арналады (Смағұлова, 2024). Автор Қазақстан өңіріндегі балалар мәселесін архив деректері негізінде сипаттайды. 1931-1933 жылдардағы аштыққа ұшыраған балалар жөніндегі мәліметтер күнделікті түрде өлкелік комитетке жіберіліп отырған. Архив құжаттарыда, әр облыста ашыққан балалардың саны күннен-күнге артып, олардың арасында өлім-жітімнің көбейгендігі жөніндегі хабарлар құпия түрде жеткізілген. 1931 жылғы қыста ашыққандардың қатарында балалардың басым болғаны және оларға қажетті көмектің көрсетілмей отырғаны жөніндегі ақпараттар жоғары орындарға толассыз ағылғанын, мәліметтердің барлығы құпия құжат ретінде сақталғанын архив деректері арқылы көрсете білген.

18 ақпандағы Ақтөбе округінің Ақтөбе ауданынан жіберілген аса құпия ақпаратқа сәйкес, азық-түліктің тапшылығынан ауылды жерлерде аштық асқына түскен. Ісініп кеткендердің арасында балалардың көптігі ерекше атап көрсетілді. Мәселен, №39 ауылдағы Зайченко, Шеботаева, Сүйіндіковтің балалары аштықтан ісініп, жүре алмай қалған, ал кейбіреулері ауыл-ауылды аралап қайыр тілеуге кеткен. Қобда ауданының №1 ауылында кедей шаруа Расқалиевтің отбасында екі бала аштықтан қайтыс болып, қалғандары ісініп, өлім халінде жатқаны хабарланды (Смағұлова, 2024:202).

Жоғары жаққа жолданған бір хатта мынадай жағдай суреттеледі: *«Ашыққандар мекеме алдына аш, жартылай үсіп қалған балаларын тастап кетуде. Балалар үйлері толып кеткендіктен, келгендерді қабылдамай отыр. Қаладан күн сайын аштықтан ісінген, үсіп қалған барлық жастағы тастанды балаларды кездестіруге болады. Олардың әдеттегі жауабы: «Әкем өлді, шешем де қайтыс болды, үйім жоқ, нан да жоқ»... Жеке азаматтар мұндай балаларды милиция бөліміне апарды, бірақ олар қабылдамай, қайтадан көшеге қуып шығады».*

Сондай-ақ хат иесінің айтуынша, балалар үйлерінің жағдайы аса ауыр болған. Іші лас әрі сасық иіске толы, балалар еденде жатады, әлсіздері жылай да алмай, дәреттерін астына жіберіп қояды. Тамақтандыру өте мардымсыз. Балалар үйінің ауласы мен шөп қорасы өлген балалардың мүрделерімен толып кеткен. Мұндай көрініс балалар үйін мәйітханаға теңеуге мәжбүр еткен (Смағұлова, 2024:203). 1933 жылдың 1-тамызындағы мәлімет бойынша Қазақстанда үй-күйсіз босқан балалардың саны 61 000-ға жеткен (Смағұлова, 2024:222). Бұл деректер кеңес үкіметінің халықты, әсіресе балаларды қорғаудағы толық дәрменсіздігін көрсетеді. Жеткізілген азын-аулық көмек аштыққа қарсы тұра алмады.

Осындай қиын қыстау кезеңдегі ашаршылық тарихы үнемі зерттеліп, жарияланып отырған. Ашаршылықтың 90 жылдығына орай Қырғызстан Республикасының Орталық архиві, К. Дикамбаев атындағы Дипломатиялық академия, Юсуп Абдрахманов ұрпақтарының қоғамдық қоры, сондай-ақ Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Мемлекет тарихы институтының бірлескен еңбегі нәтижесінде жарық көрген «Ашаршылық в Казахстане: казахские беженцы в Кыргызстане 1932-1933 гг.» атты құжаттар мен материалдар жинағында қазақ босқындарының Қырғызстанға өтуі, олардың арасында балалардың жағдайы мен оларға көрсетілген көмек мәселелері 185 архив құжаты негізінде айғақталған. Бұған қоса, жинақта сол кезеңде қырғыз жерінде қазақ босқындарына қол ұшын берген тұлғалар туралы деректер және Қырғызстанда тұрақтап қалған қазақтардың ұрпақтары жайында жазылған ғылыми мақалалар да енгізілген.

Қазіргі зерттеулердің ішінде О. Х. Мұхатованың еңбектерін атап өткен жөн. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан панасыз қалған балалардың тағдыры архив деректері мен куәгерлердің естеліктері негізінде талданады. Автор аштықтан аман қалған балалардың әлеуметтік жағдайын, олардың жетімдер үйлері мен қабылдау пункттеріне орналастырылуын, сондай-ақ Өлкелік балалар комиссиясының қызметін айқындайды. Сонымен қатар, ашаршылық жылдарында қорғансыз балаларды құтқару шаралары жүргізілгенімен, олардың советтік идеология негізінде тәрбиеленгенін ерекше атап көрсетеді (Мухатова, 2025).

Ал, З.Г. Сактаганова, Т.Қ. Сақабай 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық панасыз, қараусыз балалар санының күрт өсуіне себеп болғанын дәлелдейді (Сактаганова, Сақабай, 2024). К. Байсарина Шығыс Қазақстан өңіріндегі 1930-1931 жылдары ұйымдастырылған күштеп ұжымдастыру науқаны салдарынан орын алған панасыз балалардың ауыр жағдайы жіне қиын тағдырын ақты мысалдармен жан-жақты баяндайды. Шығыс Қазақстан өңіріндегі: Көкпекті, Зайсан, Жарма, Мақаншы, Үржар, Абай, және Тарбағатай аудандарындағы

ашыққан балаларға, сонымен қатар өңірдегі барлық балалар үйінде орналастырылған жетім балаларға үкімет тарапынан көмек жасалды. Бірақ сол көмек өте мардымсыз, тіпті тиісті орынға жетпегенін, 1932 жылдың 1-қазанына дейін Шығыс Қазақстанға берілуі тиіс ақша 632 мың сом толық берілмеген. Өңірдегі балалар үйін қамтамасыз ететін 5 мекеменің қаржыландыру жүйесінің дұрыс жолға қойылмауы көбіне олардың балалар үйлерінің қаржылық жағдайын білмеуімен және оларға қатысты ақшаны дұрыс бөлмеуімен түсіндіріледі (Байсарина, 2021:12). Б.Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова, А.Р. Ботабековалар өз зерттеулерінде кеңестік биліктің қатыгез саясатының салдарынан балалардың ауыр тағдырға ұшырағанын тұжырымдайды (Атантаева, Ахметова т.б., 2024)

Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесі зерттеген А.Т. Қайипбаева мен А.М. Әбікей XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы балалар панасыздығы мен балалар үйлерінің жағдайы мәселесін зерттеу тарихына тарихнамалық шолу жасайды. Балалар панасыздығына әсер еткен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың салдарын айқындайды. Қазақстандағы және іргелес елдердегі балалар үйлерінің азық-түлікпен қалыпты қамтамасыз етілмеуі 30-шы жылдардың ортасынан асқанша жалғасып келгені, балалар үйлерінің жай-күйінің және ондағы балаларға қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмегені, балалардың қажетті киімкешегінің жетіспеушілігі немесе мүлдем қамтамасыз етілмеуі, медициналық және тәрбиелеуші кадрларының болмауы сияқты мәселелердің зерттелу қажеттілігін анықтайды (Қайипбаева, Әбікей, 2024: 676).

Осы зерттеу бағытында Р.К.Айдарбаева, С.К.Уалиева ғылыми мақаласында Қазақстанның тыс аймақтарындағы қазақтың панасыз балаларының саны, негізгі категорияларын анықтады. Панасыз қазақ балаларын негізгі үш категорияға жіктеп ата-анасынан айрылған жетім балалар; босқыншылық кезінде ата-анасы мен туыстарынан ажырап, адасып қалған балалар; тастанды балалар. Өртүрлі деректерді салыстыру нәтижесінде қазақ босқындарының шамамен 30 %-ын балалар құрағанын дәлелдеді (Айдарбаева, Уалиева, 2025).

А.Т.Қайипбаева мен А.Белялованың «Панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі (1920-1930жж.)» ғылыми мақаласы Кеңес дәуірінде панасыз балаларды әлеуметтік қорғау жүйесінің қалай қалыптасқанын, оның қайшылықтары мен әлсіз жақтарын ғылыми тұрғыдан талдаған. Авторлар балалар үйлері мен еңбек колонияларының жұмысын сипаттай отырып, кеңестік биліктің негізгі мақсаты «балаларды құтқарудан» гөрі мемлекеттік бақылауды күшейту болғанын айтады. Нәтижесінде «балаларды қайта тәрбиелеу» идеясы іске аспай, балалардың көпшілігі аштық, ауру және қараусыздық жағдайында қаза болған (Қайипбаева, Белялова, 2025). 1922 жылғы 15 қазандағы мәлімет бойынша Қазақстан аумағында 189 233 панасыз бала тіркелген. Архивтік құжаттарда бұл балаларға арналған мекемелердің шамадан тыс толы болғаны көрсетілген. Мысалы, Орынбор губерниясында – 37 400, Оралда – 56 100, Қостанайда – 25 960, Семейде – 7 040, Ақмолада – 6 105, Бөкей губерниясында – 28 193, Ақтөбеде – 22 440 бала есепке алынған (Қайипбаева, Белялова, 2025: 808). Бұл деректер кеңестік биліктің балалар үйлері жүйесін кеңейткенімен, нақты тұрғыда оны тиімді басқара алмағанын дәлелдейді. Жоспарлы түрде қаржы бөлінгенімен, азық-түлік пен киім жетіспеушілігі, педагог кадрлардың дайын еместігі салдарынан балалар

үйлеріндегі өлім-жітім деңгейі жоғары болды. Демек, кеңестік әлеуметтік қамқорлық жүйесі идеологиялық мақсатты көбірек көздеп, нақты гуманитарлық қажеттілікті қамтамасыз ете алмады.

Мәселеге қатысты зерттеулердің негізгі бағыттары: ашаршылық жылдарындағы панасыз балалардың жағдай, олардың әлеуметтік бейнесін сипаттау, шетелдік көмектің балалар үйлерін ұйымдастырудағы рөлі, Қазақстандағы кеңестік балалар үйлері мен панасыздықпен күрес жүйесінің ұйымдастырылуы, іргелес елдердегі балалар панасыздығы, Батыс Сібірге босып кеткен қазақтар туралы архив құжаттары. Осы қарастырылған зерттеулердің барлығы ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылықтың ең ауыр салдарының бірі балалардың жаппай панасыз қалуын жан-жақты дәлелдейді. Архив құжаттары сол кезеңдегі жағдайдың ауырлығын ашып көрсетсе, ғылыми зерттеулер мен құжаттар жинағы бұл әлеуметтік құбылысты сандық деректер мен тарихи динамика тұрғысынан талдайды. Алайда, зерттеушілер өз еңбектерінде панасыз балалардың тарихы мен балалар үйінің қызметі жайлы белгілі бір деңгейде талданғанмен, біздің зерттеп отырған хронологиялық кезең тұрғысынан алғанда, тарихымыздағы панасыз балалар тағдырын жан-жақты ашып көрсету үшін уақыт ауқымын және қамтылған аймақты толық қамтитын кешенді зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде кеңестік кезеңдегі панасыз балалар мен балалар үйлерінің тарихына қатысты еңбектер талданып, олардың негізгі бағыттары айқындалды. ХХ ғасырдың 1920-1930 жылдарындағы ашаршылықтар Қазақстанда балалар панасыздығының кеңінен таралуына ықпал еткен басты факторлардың бірі екендігі анықталды. Сонымен қатар, КСРО-дағы әлеуметтік-саяси дағдарыстардың отбасы институтына және балалар тағдырына тигізген ауыр зардаптары көрсетілді.

Соңғы жылдары балалардың панасыздық тарихын зерттеу бағытында айтарлықтай алға жылжу байқалады. Әсіресе, ғылыми айналымға жаңа архивтік деректердің енгізілуі зерттеу нысанының нақтылануына және қалыптасуына ықпал етті. Арнайы монографиялар әлі жазылмағанымен, ашаршылық тақырыбын зерттеген еңбектерде бұл мәселе жанама түрде қозғалып, кейбірінде жеке тарау ретінде қарастырылған. Дегенмен, монографиялық еңбектер мен құжаттар жинақтарында берілген мәліметтер көбіне толық емес, үзінділі сипатта және тең дәрежеде қамтылмаған. Сондықтан қазақ балаларының панасыздығы мен балалар мекемелеріндегі жағдайын кешенді түрде ашып көрсететін интегралды зерттеулер жүргізу қажеттілігі өзекті болып отыр.

Сонымен бірге, кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы белгілі деңгейде зерттелгенімен, Қазақстанның батыс өңіріндегі қазақ балаларының тағдыры мен олардың орналастырылған мекемелерінің жағдайы арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Көптеген еңбектерде Қазақстанға қатысты мәселе жалпы сипатта сөз етілгенімен, нақты бағытталған зерттеулер негізінен Орталық пен Шығыс Қазақстанға шоғырланған. Осыған байланысты 1920-1930 жылдардағы панасыздық тақырыбы бойынша құжаттар жинағын құрастыру және дербес монографиялық зерттеулер жазу мәселесі әлі де өзекті. Мұндай жинақтарға

шетелдік архивтердегі құжаттарды енгізу зор маңызға ие, ал болашақтағы монографияларда Қазақстандағы панасыз балалар проблемасын шетелдегі қазақ балаларының тағдырымен салыстыра талдау қажет.

Кеңестік кезеңдегі балалар панасыздығы тарихын ресейлік және шет елдердегі зерттеулердің деректік-әдіснамалық негізінде қарастыру, сонымен қатар жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану арқылы аз зерттелген қырларын тың тұжырымдармен толықтыру қоғамдық сананы отарлық көзқарастан арылту үдерісіне елеулі үлес қосады.

Қорытынды

Осылайша, Қазақстан тарих ғылымында, ресейлік және шетелдік тарихнамасындағы панасыз балалар тарихының зерттелу аясы шектеулі болғандықтан, мәселенің тұтас бейнесін, кеңес дәуіріндегі панасыз балалардың таралу аймақтарын, санын толық көрсете алмаймыз. Яғни, балалар панасыздығы тақырыбы кең ауқымда қарастырылып, архив қорларындағы құжаттарды саралап ғылыми айналымға енгізу, аталған мәселеге қатысты монографиялар мен еңбектерді зерделеу жаңа көзқарастағы кешенді зерттеулерді талап етеді.

Кеңестік билік кезеңінде орын алған балалар панасыздығы құбылысы мемлекет жүргізген әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларының тікелей салдары ретінде бағалануы қажет.

Әдебиеттер тізімі

Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника: сб. док. Т. 4. 1928-1929 / отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы : Атамұра, 2021.

XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (жаңа архивтік және жазбаша дереккөздер негізінде) : ұжымдық монография / жауапты ред. М. М. Қозыбаева. – Алматы : «Мадияр», 2023. – 264с. 1917–1973 гг. / сост. А. А. Абакумов, Н. П. Кузин, Ф. И. Пузырев [и др.]. – М. : Педагогика, 1974. – 560 с.

Айдарбаева Р. К., Уалиева С. К. Босқыншылық және қазақ балаларының тағдыры (XX ғ. 30-жж.) // Отан тарихы. – 2025. – Т. 28. – № 2. – Б. 290-306. – DOI: 10.51943/27889718_2025_28_2_290-306.

Асылбеков М. Х., Галиев А. Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). – Алматы, 1991. – 185 с.

Атантаева Б. Ж., Ахметова Р. Д., Ботабекова А. Р. Дети – жертвы казахстанского голодомора (по материалам Государственного архива области Абай) // Вестник Университета Шакарима. Исторические науки. – 2024. – № 1. – С.115-128 – URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9>

Базанова Ф. Н. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР: национальный аспект. – Алма-Ата: Казахстан, 1987. – 154 с.

Байсарина Қ. Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930–1932 жж.) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2021. – № 1(68). – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.01>

Бисенова А. Б. Материнство и умственный труд / Пер. с нем. М. Кучинского // Здоровье женщины и материнство. – М. : Знание, 1960. – 48 с.

Бисенова А. Б. Очерки развития охраны материнства и детства в Казахстане. – Алма-Ата : Казахстан, 1965. – 208 с.

Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. – Алматы: Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. – 304с.

Кемелжанова Г. К. Становление и развитие детских домов в 1920-40-е годы в Казахстане // Молодой ученый. – 2020. – № 23(313). – С. 616-620. – URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/>

Конквест Р. Жатва скорби = The harvest of sorrow: Сов. коллективизация и террор голодом / Пер. с англ. Исраэль Коэн, Нели Май ; под ред. М. Хейфеца. – London : Overseas Publ. Interchange, 1988. – 620 с.

Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық мәселесіне тарихнамалық шолу // Отан тарихы. – 2024. – Т. 27. – № 3. – Б. 665-679. – DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_665-679

Қаипбаева А.Т., Белялова А. Панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі (1920–1930 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – Т. 12. – № 3. – Б. 803-822. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_803-822.

Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992.

Омарбеков Т. О. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001. – 404 б. – ISBN 9965-468-43-5.

Құдайбергенова А. И., Қозыбаева М. М., Мамытова С. Н., Курманов З. К., Исенов Ө. И., Мұсағалиева А. С., Байдалы Р. Ж., Кубеев Р. Д. XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. – Алматы : «Мадияр» ЖК, 2022.

Малышева М. П., Познанский В. С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934 гг.). – Алматы: Ғылым, 1999. – 535 с.

Мананникова Н. В. Охрана материнства и младенчества в Казахстане // Охрана материнства и младенчества в Союзе ССР. 1918-1938. – М., 1938. – 276с.

Медынский Е. Н. Народное образование в СССР. – М. : Изд-во Академии пед. наук РСФСР, 1952. – 283 с.

Мухатова О. Аштық жылдарындағы қорғансыз балалар жағдайы // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – Т. 12. – № 2. – Б. 516-530. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530.

Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа: сб. документов. – М., б. г.

Сажина Н. С. Социальная политика в отношении материнства и детства в первые годы советской власти // Вестник Брянского государственного университета. Серия «История и археология». – 2013. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru>

Сактаганова З.Г., Карсакова Г.Б. Влияние голода на рост числа беспризорных детей в Акмолинской губернии в 1920-е гг. // Вестник КазГУ. Сер. историческая. – 2017. – № 3(86). – С. 4-10. – ISSN 1563-0269.

Сақтағанова З.Г., Сақабай Т. Қ. 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2024. – № 29. – 4(116). – С. 156-166. – DOI: 10.31489/2024NPh4/156-166.

Сүгірәлімова Г.Б. Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920-1940 жылдар) : дис. ... канд. ист. наук. – Қарағанды, 2006. – 147 б.

Циденков Г.Г. «Везучие беспризорники из Актюбинска»: иностранная гуманитарная помощь на территории современного Северного и Северо-Западного Казахстана во время голода 1921-1923 гг. // Одиннадцатые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен. – Оренбург, 2022. – С. 152-155.

Шмидт В. Трагедия Казахстана 1921-1922 годов: голод и его последствия // Восточный архив. – 2018. – № 1(37). – С. 40-49.

Kaşıkcı M.V. Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. – Arizona State University, 2020. – 398p.

Раушан Д. Ахметова, Ерке Конбай*

Шәкәрім университет, Семей, Қазақстан

ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ДЕТСКИХ ДОМОВ И БЕСПРИЗОРНОСТИ В СОВЕТСКУЮ ЭПОХУ

Аннотация. В статье рассматривается исследование проблемы детских домов и беспризорности в Советский период 1920-1930-х гг. Особое внимание уделено вопросам социальной и образовательной политики советской системы, деятельности учреждений для беспризорных детей, а также истории голода. Несмотря на актуальность проблемы детской беспризорности, она нашла относительно ограниченное отражение в научных исследованиях. *Цель и задачи* исследования заключаются в комплексном анализе вопроса детских домов и беспризорности в советское время, выявлении их социально-политических причин, места в государственной политике и особенностей изучения в историографии. В работе проведён анализ архивных материалов, прежде всего постановлений ВЦИК и СНК, определивших организацию учреждений для детей, показана их роль в системе социальной защиты. Рассмотрены педагогические и научные подходы советского времени к данной проблематике, а также исследования казахстанских и зарубежных учёных. В статье охарактеризованы развитие детских домов, причины и формы беспризорности. *Результаты исследования* выявляют специфику советской социальной политики в отношении сирот и беспризорных, демонстрируют её реализацию на региональном уровне. Установлено, что дети становились жертвами социально-экономических реформ и массового голода. Советская власть предпринимала меры по улучшению положения беспризорных, размещая их в детских домах, коммунах, приёмниках, а также через деятельность центральных и региональных детских комиссий. Сделан *вывод* о том, что исследования казахстанских и зарубежных авторов внесли значительный вклад в изучение истории беспризорности и детских домов в советский период. Беспризорность рассматривалась не только как проблема советской власти, но и как важное социальное явление для общества в целом. В источниках и периодике того времени подробно анализировались недостатки государственной политики в отношении беспризорных детей и предлагались пути их преодоления.

Ключевые слова: Советский период, беспризорность, детские дома, социальная политика,

историография.

Raushan D. Akhmetova, Yerke Konbay*

Shakarim University, Semey, Kazakhstan

PROBLEMS IN THE STUDY OF ORPHANAGES AND CHILD HOMELESSNESS IN SOVIET ERA

Abstract. This article examines the issue of orphanages and child homelessness during the Soviet period of the 1920s-1930s. Particular attention is paid to the social and educational policies of the Soviet system, the activities of institutions for homeless children, and the impact of famine. Despite the significance of child homelessness, it has received relatively limited coverage in scholarly research. The *purpose and objectives* of this study are to conduct a comprehensive analysis of orphanages and child homelessness in the Soviet era, identifying their socio-political causes, their place in state policy, and the specifics of their treatment in historiography. The study employs an analysis of archival materials, primarily decrees of the VTsIK (All-Union Central Election Committee) and the SNK (Council of People's Commissars), which defined the organization of children's institutions, and demonstrates their role within the social welfare system. Pedagogical and scholarly approaches to this issue from the Soviet time are considered, alongside research by Kazakhstani and foreign scholars. The article characterizes the development of orphanages and the causes and forms of child homelessness. The *results* of the study reveal the specifics of Soviet social policy towards orphans and homeless children, illustrating its implementation at the regional level. It is established that children were victims of socio-economic reforms and mass famine. The Soviet authorities took measures to improve the situation of homeless children by placing them in orphanages, communes, reception centers, and through the work of central and regional children's commissions. The *conclusion* states that research by both Kazakhstani and foreign authors has made a significant contribution to the study of the history of homelessness and orphanages in the Soviet period. The child homelessness viewed not merely as a problem for the Soviet government, but as an important social phenomenon for society as a whole. Contemporary sources and periodicals provided a detailed analysis of the shortcomings of state policy regarding homeless children and proposed ways to overcome them.

Keywords: Soviet period, child homelessness, orphanages, social policy, historiography.

References

Asharshylyq. Golod. 1928–1934. Dokumental'naia khronika : sb. dok. T. 4. 1928-1929 / otv. red. B. Abdigaliuly. – Almaty: Atamura, 2021.

XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары (зһаһа архивтік және жһазбаша дерекко'здер негізінде) : уһымдық монография / жһауапты ред. М. М. Қозыбаева. – Almaty: «Madiar», 2023. – 264 s.

Abakumov A. A., Kuzin N. P., Puzyrev F. I. [i dr.] 1917-1973 gg. – M.: Pedagogika, 1974. – 560 s. [In Russian]

Aidarbaeva R. K., Ualieva S. K. Bosqynshylyk zhane qazaq balalarynyñ taғdyry (XX g. 30-zhzh.) [Refugeehood and the fate of Kazakh children (1930s)] // Otan tarihy. – 2025. – T. 28. – № 2. – B. 290-306. – DOI: 10.51943/27889718_2025_28_2_290-306.

Asylbekov M.Kh., Galiev A.B. Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917-1980). [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980)]. – Almaty, 1991. – 185 s. [In Russian]

Atantaeva B. Zh., Akhmetova R. D., Botabekova A. R. Deti – zhertvy kazakhstanskogo golodomora (po materialam Gosudarstvennogo arkhiva oblasti Abai) [Children as victims of the Kazakh famine (based on the materials of the State Archive of

Abai Region)) // Vestnik Universiteta Shakarima. Istoricheskie nauki. – 2024. – №1. – S. 115-128 – URL: <https://history.vestnik.shakarim.kz/index.php/my/article/view/28/9> [In Russian]

Bazanova F. N. Formirovanie i razvitie struktury naseleniia Kazakhskoi SSR: natsional'nyi aspekt. [Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR: National aspect] – Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. – 154 s. [In Russian]

Baisarina Q. Q. Shygys Qazaqstan óńirindegi asharyshlyq zhane panasyz balalar taǵdyry (1930-1932 zhzh.) [The famine in East Kazakhstan and the fate of homeless children (1930-1932)] // Abai atyndaǵy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universitetiniń Khabarshysy. «Tarih zhane saiasi-áleumettik ǵylymdar» seriiasy. – 2021. – № 1(68). – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.01>

Bisenova A. B. Materinstvo i umstvennyi trud [Motherhood and intellectual work] / Per. s nem. M. Kuchinskogo // Zdorov'e zhenshchiny i materinstvo. – M.: Znanie, 1960. – 48 s. [In Russian]

Bisenova A. B. Ocherki razvitiia okhrany materinstva i detstva v Kazakhstane. [Essays on the development of maternal and child health protection in Kazakhstan] – Alma-Ata: Kazakhstan, 1965. – 208 s. [In Russian]

Kameron S. Ashtyq zhaılaǵan dala. Asharyshlyq, ozbyrlyq zhane Keńestik Qazaqstandy ornatu. [The famine-stricken steppe: Famine, violence and the making of Soviet Kazakhstan] – Almaty : Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. – 304 s.

Kemelzhanova G. K. Stanovlenie i razvitie detskikh domov v 1920-40-e gody v Kazakhstane [The formation and development of orphanages in Kazakhstan in the 1920s–1940s] // Molodoi uchenyi. – 2020. – № 23(313). – S. 616-620. – URL: <https://moluch.ru/archive/313/71445/> [In Russian]

Konkvist R. Zhatva skorbi = The harvest of sorrow: Sov. kollektivizatsiia i terror golodom. [The harvest of sorrow: Soviet collectivization and the terror-famine]

/ Per. s angl. Israel' Koen, Neli Mai.; pod red. M. Kheifetsa. – London : Overseas Publ. Interchange, 1988. – 620 s.

Qaipbaeva A. T., Ábikei A. M. Qazaqstandaǵy 1931–1933 j. j. jappai asharyshlyq maseleisine tarihnamalyq sholu [A historiographical review of the mass famine in Kazakhstan (1931–1933)] // Otan tarihy. – 2024. – T. 27. – № 3. – B. 665-679. – DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_3_665-679.

Qaipbaeva A. T., Beliialova A. Panasyz balalary áleumettik qorǵaudyń memlekettik júiesi (1920–1930 zhzh.) The state system of social protection for homeless children (1920s–1930s)]// Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – T.12. – № 3. – B. 803-822. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_803-822.

Qozybaev M. Aqtańdaqtar aqıqaty. [The truth of the white spots] – Almaty, 1992.

Omarbekov T. O. XX ǵasyrdaǵy Qazaqstan tarihyńyń ózekti maseleleri. [Topical issues of the history of Kazakhstan in the 20th century] – Almaty : QAZAQQPARAT, 2001. – 404 b. – ISBN 9965-468-43-5.

Qudaıbergenova A. I., Qozybaeva M. M., Mamytova S. N., Kurmanov Z. K., Isenov Ó. I., Músaǵalıeva A. S., Baidaly R. Zh., Kubeev R. D. XX ǵasyrdyń 30-zhzh. basyndaǵy jappai asharyshlyq kezeńindegi Ortalyq Aziia respublikalary men Reséidegi qazaq bosqyndary: Uzhyndyq monografia. [Kazakh refugees in Central Asian republics and Russia during the mass famine of the early 1930s: A collective monograph] – Almaty:

«Madiiar» ZhK, 2022.

Malysheva M.P., Poznanskii V.S. Kazakhi-bezhentsy ot goloda v Zapadnoi Sibiri (1931-1934 gg.). [Kazakh refugees from famine in Western Siberia (1931-1934)] – Almaty : Gylym, 1999. – 535 s. [In Russian]

Manannikova N.V. Okhrana materinstva i mladenchestva v Kazakhstane. [Protection of motherhood and infancy in Kazakhstan] // Okhrana materinstva i mladenchestva v Soiuzе SSR. 1918–1938. – M., 1938. – 276 s. [In Russian]

Medynskii E.N. Narodnoe obrazovanie v SSSR. [Public education in the USSR] – M.: Izd-vo Akademii ped. nauk RSFSR, 1952. – 283 s. [In Russian]

Mukhatova O. Ashtyq zhyldaryndaǵy qorǵansyz balalar zhaǵdaıy [The situation of defenseless children during the famine years] // Asian Journal “Steppe Panorama”. – 2025. – T. 12. – № 2. – B. 516–530. – DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530.

Narodnoe obrazovanie v SSSR. Obshcheobrazovatel’naia shkola: sb. dokumentov. [Public education in the USSR. General education school: Collection of documents] – M., b.g.

Sazhina N. S. Sotsial’naia politika v otnoshenii materinstva i detstva v pervye gody sovetskoi vlasti [Social policy regarding motherhood and childhood in the early years of Soviet power] // Vestnik Brianskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriia i arkhеologіia». – 2013. – Rezhim dostupa: <https://cyberleninka.ru> [In Russian]

Saktaganova Z. G., Karsakova G. B. Vliianie goloda na rost chisla besprizornykh detei v Akmolinskoi gubernii v 1920-e gg. [The impact of famine on the increase in the number of homeless children in Akmola Province in the 1920s] // Vestnik KazGU. Ser. istoricheskаia. – 2017. – № 3(86). – S. 4-10. – ISSN 1563-0269. [In Russian]

Saktaganova Z.G., Saqabai T.Q. 1930-shy zhyldardaǵy ashарshylyq kezeńindegi Ortalyq Qazaqstandaǵy panasyz balalar mәselesi [The problem of homeless children in Central Kazakhstan during the famine of the 1930s] // Qaragandy universitetiniń khabarshysy. – 2024. – № 29. – 4(116). – S. 156-166. – DOI: 10.31489/2024HPh4/156-166.

Súgirálimova G.B. Qazaqstandaǵy panasyz balalar: Mәseleni sheshu tarihy, tәzhiribesi, qorytyndysy (1920-1940 zhyldar) [Homeless children in Kazakhstan: The history, experience, and outcomes of addressing the problem (1920-1940)] : dis. ... kand. ist. nauk. – Qaragandy, 2006. – 147 b.

Tsidenkov G.G. «Vezuchie besprizorniki iz Aktiubinska»: inostrannaia gumanitarnaia pomoshch’ na territorii sovremennogo Severnogo i Severo-Zapadnogo Kazakhstana vo vremia goloda 1921-1923 gg. [“Lucky homeless children from Aktobe”: Foreign humanitarian aid in the territory of modern Northern and Northwestern Kazakhstan during the famine of 1921-1923] // Odinnadtsatye Bol’shakovskie chteniia. Orenburgskii krai kak istoriko-kul’turnyi fenomen. – Orenburg, 2022. – S. 152-155. [In Russian]

Shmidt V. Tragediia Kazakhstana 1921-1922 godov: golod i ego posledstviia [The tragedy of Kazakhstan in 1921-1922: Famine and its consequences] // Vostochnyi arkhiv. – 2018. – № 1(37). – S. 40-49. [In Russian]

Kaşıkcı M.V. Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. – Arizona State University, 2020. – 398p.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Раушан Дюсенбековна – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.

Конбай Ерке – «8D01601 - Тарих» ББ-ның 2 курс докторанты, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.

Сведения об авторах:

Ахметова Раушан Дюсенбековна – к.и.н., ассоциированный профессор, Шәкәрім университет, Казахстан, г. Семей.

Конбай Ерке – докторант 2-курса по ОП «8D01601 - История», Шәкәрім университет, Казахстан, г. Семей. E-mail:

About the authors:

Akhmetova Raushan Dyusenbekovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey.

Konbay Yerke – 2st year doctoral student in the program "8D01601 - History", Shakarim University, Kazakhstan, Semey.

Редакцияға түсті 11.04.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 13.05.2025

Жариялауға қабылданды 27.06.2025

FTAMP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2\(4\)-5](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2(4)-5)**ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚАРСЫЛЫҒЫ:
ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ НАРРАТИВ
(1929-1931)****Мади Е. Турлыбаев^{1*}, Халил Б. Маслов², Айжан Р. Ботабекова³***Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті (Семей, Қазақстан)*E-mail: toleuoffmadi@gmail.com^{1*},khalil.maslov@mail.ru²,aizhan.botabekova@mail.ru³¹<https://orcid.org/0009-0000-3918-6082>²<https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>³<https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

Аннотация. Бұл мақалада XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік реформалар – ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылықтың қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен рухани дүниесіне тигізген зардаптары қарастырылады. Авторлар осы кезеңдегі халық поэзиясын тарихи дереккөзі ретінде талдай отырып, ақын-жыраулар шығармаларындағы әлеуметтік сын мен астарлы қарсылықты анықтайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Төлеу Көбдіков, Таймас Есенұлы, Шахан Мусин, Шәкір Әбенев сынды тұлғалардың шығармалары арқылы кеңестік саясаттың нақты салдарлары – мал-мүліктен айыру, аштық, босқындық пен рухани күйзеліс сипатталады. Сонымен қатар, мемлекет басшыларына арналған анонимді хат пен ресми тұлғалармен кездесулерде жазылған өлеңдер негізінде халық наразылығы, саяси-идеологиялық қысымға деген көзқарасы сараланады. Мақалада поэзиялық мәтіндердің тарихи-мәдени құндылығы, куәгерлік сипаттағы мазмұны мен әлеуметтік-психологиялық астары ашылады. Зерттеу нәтижелері халық шығармашылығын кеңестік дәуірдегі саяси репрессия мен әлеуметтік күйзелістерді сипаттайтын қосымша нарративтік дереккөздер ретінде қарастырудың маңызын көрсетеді.

Түйін сөздер: Ұжымдастыру, қуғын-сүргін, халық наразылығы, поэтикалық дерек, әлеуметтік қарсылық, тарихи нарратив, кеңестік идеология, ауызша тарих.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің AP23485479 «Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931жж.)» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Кіріспе

XX ғасырдың 20-30-жылдары қазақ қоғамы үшін ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін сынды ауыр тарихи кезеңдер болды. Кеңестік биліктің жүргізген реформалары дәстүрлі өмір салты мен қоғамдық құрылысты түбегейлі өзгертумен қатар, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына үлкен зардап келтірді. Осы кезеңдегі қоғамдық-саяси процестерді дәстүрлі дереккөздермен қатар, ақындардың поэтикалық шығармалары арқылы зерттеу – тарихи шындықты кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Ақындар шығармалары – ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі

халықтың ішкі толғанысы, билікке деген наразылығы мен рухани күйзелісінің көркем тілдегі айқын бейнесі болып табылады. Бұл поэтикалық туындылар ресми насихаттан тыс қалған әлеуметтік жағдайлардың куәгері әрі баламалы тарихи дереккөз ретінде құнды.

Осы мақалада XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы ұжымдастыру саясатына байланысты қазақ халқының қарсылық қозғалыстары мен әлеуметтік-экономикалық күйзелісін зерттеуде ақын шығармаларының рөлі қарастырылады. Ақындардың поэзиясы – ұжымдастыру дәуіріндегі тарихи оқиғаларды әлеуметтік және рухани контекстте түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашатын, дәстүрлі архивтік дереккөздерді толықтыратын маңызды құрал ретінде бағаланады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу және саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі халық наразылығын бейнелейтін поэтикалық шығармалар тарихи дерек көзі ретінде талданды. Зерттеу материалы ретінде сол кезеңде өмір сүрген және қуғын-сүргінге куә болған халық ақындарының (Төлеу Көбдіков, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Таймас Есенов, Шахан Мусин, Шәкір Әбенов және т.б.) өлең-жырлары, куәгерлік сипаттағы ауызша деректер, сондай-ақ сол кездегі анонимді хаттар мен естеліктер пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде деректанулық талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс, сондай-ақ мәтіндік және дискурстық талдау әдістері қолданылды. Ақын шығармаларындағы тарихи жағдайлар, әлеуметтік сипаттамалар және билікке қарсылық мотивтері тарихи шындықты бейнелейтін дерек көзі ретінде қарастырылып, халықтың ішкі әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйін сипаттауға бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеуде интердисциплинарлық тәсіл, яғни тарих пен әдебиеттің тоғысында жатқан дерекнамалық әдіс қолданылды. Көркем мәтіндер ресми архивтік құжаттармен толық қамтылмаған тарихи үдерістерді сипаттайтын қосымша нарративтік дереккөздер ретінде сараланды.

Талқылау

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік реформалар – ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін – қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті. Аталған реформалардың зардаптары тек материалдық жағынан ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени кеңістікте де терең із қалдырды. Осы тұрғыда халық поэзиясы – сол дәуірдегі қоғамдық ахуалды бейнелейтін маңызды нарративтік дереккөз ретінде қарастыруға негіз бар.

Алдыңғы зерттеулердің арасында А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және С.С. Жандыбаевалардың «Устная микроистория «Большого террора» атты мақаласы кеңестік кезеңдегі репрессияларды ауызша тарих пен архивтік материалдар негізінде қарастырған маңызды зерттеу ретінде ерекшеленеді (А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және С.С. Жандыбаева,

2020). Бұл зерттеуархивтік және ауызша дереккөздерге негізделген зерттеулері кеңестік репрессиялардың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттеуде маңызды ғылыми үлес болып табылады.

Сонымен қатар, Қ. Мұхамедхановтың Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына арналған зерттеулері әдеби-тарихи тұрғыдан құнды болып, ақынның шығармаларын кезең-кезеңімен жан-жақты зерделеп, олардың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін және тарихи мәнін терең талдайды (Мұхамедханов, 1988). Бұл зерттеулер Шәкәрім поэзиясының замана болмысымен байланысын ашып, ақынның қоғамдық көзқарасы мен тарихи жағдайларға деген қатынасын түсіндіруге ғылыми негіз қалыптастырады. Мұрат Төлеуұлының әкесі жайлы естеліктері зерттеуде маңызды ауызша дереккөзі ретінде пайдаланылды. Бұл естеліктер ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік-рухани ахуал мен халық қарсылықтарының нақты көрінісін ашуға мүмкіндік береді.

А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және Б.Ж. Атантаевалардың «Social Adaptation of Kazakh Nomads in the Period of Forced Collectivization» атты зерттеуі қазақ көшпенділерінің ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік бейімделу тәжірибелерін жан-жақты қарастырады (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019). Бұл мақалада көшпенділердің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер, жаңа экономикалық және саяси жағдайларға бейімделу үдерістері, сондай-ақ ұжымдастыруға қарсы қарсылық әрекеттері талданады. Зерттеу ұжымдастыру процесінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік трансформация мен рухани күйзелістерге әсерін көрсетуде құнды мәліметтер береді.

Сонымен қатар, зерттеуде бірқатар өлкетанушы мен тарихшылар — Ш. Мұратқызы (Мұратқызы, 2015), С. Жүсіп (Жүсіп, 2016), Н. Нұрышов (Нұрышов, 2019), З. Ижанов (Ижанов, 2004), К. Төлемісұлы (Төлемісұлы, 2016) және Р. Нүсіповтың (Нүсіпов, 2020) зерттеулеріндегі естеліктер маңызды дереккөзі ретінде пайдаланылды. Бұл естеліктер ұжымдастыру және ашаршылық кезеңіндегі әлеуметтік-мәдени ахуалды ашып көрсетуге, тарихи оқиғалардың жергілікті деңгейдегі көрінісін нақтылауға мүмкіндік береді.

Мақалада қарастырылған ақын-жыраулар шығармалары (Шәкәрім Құдайбердіұлы, Төлеу Көбдіков, Таймас Есенұлы, Шахан Мусин, Шәкір Әбенев және т.б.) кеңестік саясаттың әлеуметтік салдарларын көркем тілмен сипаттап қана қоймай, халық санасындағы өзгерістерді де танытады. Бұл туындыларда ұжымдастыру мен тәркілеу нәтижесінде орын алған мал-мүліктен айырылу, аштық, босқындық және рухани күйзеліс нақты тарихи-фольклорлық бейнелер арқылы өрнектелген.

Ақындар шығармаларындағы саяси-әлеуметтік сын, көбінесе, ашық емес, астарлы тілмен, метафоралар мен бейнелеу құралдары арқылы берілген. Бұл — кеңестік идеологиялық бақылау жағдайында қарсылық білдірудің балама формасы ретінде қабылдануы тиіс. Халық поэзиясындағы мұндай жасырын қарсылық элементтері қоғамдық көңіл күйдің және халықтың ішкі қарсылығының көрінісі ретінде ерекше маңызды.

Зерттеу барысында қарастырылған анонимді хаттар мен ресми тұлғалармен кездесулерде айтылған өлеңдер де сол кезеңдегі наразылық пен сенімсіздіктің айқын дәлелі болып табылады. Бұл мәтіндер билік пен халық арасындағы алшақтықты, мемлекеттік саясаттың төменгі деңгейде қабылдану сипатын көрсетеді.

Поэзиялық шығармалар тарихи дерек ретінде оқиғалар хронологиясын толықтырмаса да, олардың әлеуметтік-психологиялық астарын, жеке адам мен қауымның субъективті тәжірибесін, ұжымдық жадтағы ұстанымдарын ашуға септігін тигізеді. Осыған байланысты, ауызша халық шығармашылығы кеңестік дәуірді зерттеуде құнды қосымша нарративтік дереккөз ретінде танылуы қажет.

Жалпы, мақалада талданған материалдар XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы саяси реформалардың қазақ қоғамына тигізген ықпалын дәстүрлі мәдениет пен халық поэзиясы аясында қарастырудың өзектілігін көрсетеді. Бұл тәсіл ресми тарихи баяндаулармен қатар, баламалы тарихи сана мен қоғамдық қабылдауларды зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары қазақ халқы жаңа үкіметтен теңдік, бостандық және әділеттілік күтті. Көп ғасырлық отарлық езгіден кейін «теңелдік», «еркін ел болдық» деген ұрандар халық арасында кең таралған еді. Бұл үміт ақын-жыраулар шығармаларында ерекше көрініс тапты. Мәселен, халық ақыны Төлеу Көбдіков 1922 жылы Қарқаралыда өткен Қазақ автономиясының екі жылдық тойына арналған өлеңінде: *«Тең туған біз де совет баласымыз, Айтпайды ақын жалған расымыз...»* – деп басталатын жолдар арқылы ақын Кеңес үкіметінің ұсынған теңдік, әділет және жаңарған қоғам туралы уәделеріне зор сенім білдіреді (Төлеуұлы. 2025).

Алайда бұл сенім көп ұзамай-ақ қатігез шындықпен бетпе-бет келді. Ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық кеңестік билікке деген халық сеніміне селкеу түсіріп, қоғамдық-психологиялық тұрақсыздыққа алып келді. Халықтың ішкі наразылығы енді поэзияда ашық қарсылық емес, әлеуметтік сын, астары терең күйініш және жасырын наразылық жиі көрініс тапты. Бұл трансформация – кеңестік кезең поэзиясындағы күрделі әлеуметтік-психологиялық процестің дәлелі.

1928-1932 жылдары Қазақстанда жүргізілген ұжымдастыру және ірі байларды тәркілеу науқандары қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық құрылымын бұзып, әлеуметтік-демографиялық дағдарысқа ұшырады. Кеңес билігі жүргізген бұл саясаттар халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты мен шаруашылық құрылымын күйретіп, ел ішінде әлеуметтік апатқа алып келді. Қазақ ауылының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық бейнесі өзгеріп, бұрын-соңды болмаған аштық, босқындық белең алды. Осы тарихи ахуал ақын-жыраулар шығармашылығында кеңінен көрініс тауып, халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі күрделі өзгерістерді сипаттауға негіз болды. Ақындар мен жыраулар халықты жаппай күштеп ұжымдастырудың салдарынан туған

ашаршылықты, малы мен жерінен айырылған елдің мұңын, босқындық өмірді, туған жерге деген сағынышты жырларына арқау етті. Бұл туындыларда идеологиялық сүзгіден өтпеген нақты тарихи жағдайлар, жергілікті оқиғалар мен жеке адамдар тағдыры көрініс тапқан.

Келесі бір халық жадында сақталған поэтикалық туынды ұжымдастыру жылдарындағы кеңестік қуғын-сүргіннің әлеуметтік және саяси мазмұнын терең ашып көрсетеді. Бұл өлеңде кеңестік биліктің әділетсіз саясаты, жалған жала арқылы жазықсыз адамдарды қудалауы, жеке тұлғаның тағдырын билік мүддесіне сәйкес оңай өзгерте алатын озбыр жүйенің табиғаты көркем тілмен бейнеленген. Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің бірі — Бөжей Мыңғатұлының кеңестік жүйе тарапынан негізсіз айыпталып, тұтқындалуы мен кейінгі тағдыры суреттеледі. Ақын әділдіктің жойылуын, адам тағдырының жалған айыптаулар негізінде шешілуін поэтикалық құралдар арқылы сынға алады. Бұл туынды халықтың ішкі қарсылығын және әділетке деген сенімінің жойылмағанын білдіретін рухани-мәдени куәлік ретінде де бағаланады. Мысалы, өлеңдегі келесі жолдар:

*«Жер – көкте жоқтан құрап, пәле жауып,
Ауданға Бөжейді әкеп тұтқындатқан
Құндақбай Шоламбаев куә тауып.»*

Бұл жолдар кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыруда жергілікті белсенділердің рөлін көрсетеді. Жала жабу, жалған куәлік беру сияқты құбылыстар архивтік материалдармен де расталады. Поэтикалық мәтіндегі «Құндақбай» образы нақты адамға қатысты емес, халық жадында сақталған әлеуметтік модельдің көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар:

*«Жаласы жаза болмай босанған соң,
Өлтіріп жолда, өш біреу қаза тапқан.»* (Төлемісұлы, 2016:196).

Бұл жолдар қуғын-сүргін құрбандары мен олардың жақтастарының кек алуға деген ұмтылысын көрсетеді, яғни репрессияның қоғамға ұзақ мерзімді әлеуметтік-психологиялық әсерін айқындайды. Бұл кеңестік репрессиялық жүйенің тек құқықтық механизмдермен ғана шектелмей, зорлық пен жазалаудың бейресми тәсілдерін де қалыптастырғанын білдіреді.

Бөжей Мыңғатов туралы поэтикалық баяндауда берілген жалған жала, әділетсіз соттау, заңсыз қудалау сияқты сипаттамалар сол кезеңге тән ортақ құбылыс болғанын өзге де деректер растайды.

Халық ақыны Төлеу Көбдіковтің өмір жолына қатысты маңызды деректерді оның кенже ұлы, Мұрат Төлеуұлының естеліктерінен табуға болады. Оның айтуынша, Төлеу ақын 1928 жылғы тәркілеу науқанынан аман қалса да, 1930 жылдың қаңтар айында басталған саяси қуғын-сүргін кезінде түрлі негізсіз айыптаулармен он жылға сотталып, Қарқаралыдағы халық арасында «Қоңыр абақты» деп аталатын түрмеге қамалған.

Мұрат Төлеуұлы өз естелігінде әкесінің бұл оқиға туралы айтқан сөздерін келтіреді: *«Не үшін сотталғанымды өзім де білмеймін, әйтеуір түрлі жалаларды жауып, он жылға соттап жіберді»,* – деп, ақын еске алған екен (Автордың, 2013).

Бұл дерек Төлеу ақынның өміріндегі қиын кезеңдерді айқын көрсетіп, оның шығармашылығындағы әлеуметтік-саяси жағдайларды түсінуге көмектеседі. Соның бірі Төлеу ақынның Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаровпен кездесуінде елдің ауыр халін арнау түрінде жеткізген. Бұл өлең – сол тарихи кезеңдегі нақты көріністерін сипаттайтын тарихи құнды дерек.

Ақын бұл өлеңді Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаровпен түрмеде жолыққан кезде арнап шығарған (Көбдікұлы, 2018:202-203). Туындыда заман шындығы, халықтың ауыр тұрмысы мен ел ішіндегі қуғын-сүргін нақты әрі астарлы түрде сипатталады. Шығарманың мазмұны ресми билікке қарсы ашық наразылық сипатында емес, алайда онда әлеуметтік қарсылық пен зұлматқа деген ішкі күйініш көркем тәсілмен берілген.

Мәселен, ақын ауылдағы тәркілеу науқанының қисынсыз әрі халықты ауыр жағдайға душар еткенін былай деп суреттейді:

*«Егін ор, қар үстінен бидай тап деп,
Кәмпеске қаттау жүрді малымызға...».*

Мұнда үкіметтің нақты табиғи жағдаймен, халықтың өмірлік шындығымен санаспай, жоғарыдан күштеп тапсырма бергені ашық көрінеді. *«Қар үстінен бидай тап»* деген жол — биліктің әрекетінің шынайы өмірге мүлдем сәйкес келмейтінін, саяси формализмді әшкерелейді. Ал *«малымызға кәмпеске қаттау жүрді»* дегені — қазақ тіршілігінің негізгі өзегі болған малдың күшпен тартып алынуын білдіреді.

Ақын ұжымдастырудың салдарынан ел ішіндегі әлеуметтік апаттың күшейіп, аштық, жетімдік, жоқшылық белең алғанын былайша сипаттайды:

*«Қолдағы бар азықты сыпырып ап,
Тамақсыз шуылдап аш бала қалды...».*

Бұл жолдарда халықтың ең соңғы азығынан айырылып, тіпті балалардың аштықтан жылап жатқанын көреміз. Мұндай поэтикалық бейнелер – кеңестік саясаттың адамгершілікке жат болмысын әшкерелейтін шынайы суреттер.

Келесі бір шумақта ауыл белсенділерінің (төменгі буындағы орындаушылардың) шектен шыққан қатігездігі сыналады:

«Сыпырды белсенділер жонымызды...».

Осы бір-ақ жолда қазақ қоғамының жон арқасы болған шаруашылық құрылым мен дәстүрлі тұрмыс толықтай тоналып, қоғамдық құрылым мен шаруашылық қатынастар түбірімен өзгерді. Белсенділердің әрекеті — халық жадында әділетсіздіктің, отарлық қысымның символына айналған.

*«Ішінде бес қаралы кедейде бар,
Міне отыр қорқақ қоян сорлы байың...».*

Ақын кедей мен байдың теңескенін емес, байдың қорланғанын, кедейдің де күйзелгенін көрсетіп отыр. *«Қорқақ қоян сорлы байың»* деген теңеу арқылы бұрынғы дәстүрлі иерархиямен өмір сүрген әлеуметтік топтың психологиялық күйзелісін бейнелейді. Мұнда байға деген аянышпен қатар, қоғамдағы құндылықтардың құлдырауына ішкі наразылық бар.

Ұжымдастырудан зардап шеккен халықтың жағдайы өлеңде дәл әрі нақты суреттеледі:

*«Үй басы бірді-екілі қара қалды,
Бейкүнә, талай момын жараланды...».*

Ақын бұл жолдарда қарапайым қазақ отбасыларының қаншалықты күйзеліске түскенін, бейкүнә жандардың жазықсыз жапа шеккенін көрсетеді. Мұнда өлең саяси сипаттан гөрі әлеуметтік-философиялық тереңдікке ие болып, жаппай тәркілеу мен ұжымдастырудың шынайы зардаптарын ашады.

Өлеңде ақын өзінің ресми билікке қарсы еместігін білдіретіндей көрінгенімен, бұл тұс та ерекше назар аударуды қажет етеді:

*«Қалайша өкіметке қас болады,
Білесіз қойдан момын қазақ жайын...».*

Бұл – кеңестік кезең ақындарына тән поэтикалық автоцензураның мысалы. Ақын өзінің сөзін тікелей қарсылық ретінде көрсетпеу үшін өкіметке қарсы емес екенін айтқан кейіп танытады. Алайда осы сөздің өзі «момын қазаққа мұндай қатыгездік жасау қаншалықты әділетті?» деген астарлы сұрақ тудырады. Бұл да жасырын наразылықтың бір көрінісі.

Сонымен бірге, ақын жоғары билік өкіліне сенім артқан кейіп танытады:

*«Сізсіз зой бұқараның тиянағы,
Отырған аузын ашып, көзін жұмып,
Сары ауыз балапан ұядағы...».*

Бұл шумақта елдің аңғал, қамқорлыққа зәру күйі мен үкіметке деген әлсіз үміті қатар өріледі. Бірақ өлеңнің бүкіл құрылымы мен мазмұны осы сенімнің де шынайылығына күмәнмен қарауға итермелейді. Төлеу ақын бұл жолдар арқылы да өз сөзін тұспалдап жеткізуге тырысады.

Осылайша, ақын өз заманындағы зобалаңды көркем тілмен жеткізу арқылы ұжымдастыруға ашық қарсы шықпағанымен, шын мәнінде терең әлеуметтік қарсылық білдірген. Бұл – кеңестік кезең әдебиетіне тән астарлы ойлау мен шындықты жанама жеткізу тәсілдерінің жарқын мысалы. Төлеу Көбдіков өлеңі арқылы тек бір ақынның ғана емес, халықтың наразылық әлеуеті көркем формада көрініс тапты.

Алайда үкімет басшысы халық ақынының ұжымдастыру жылдарындағы әлеуметтік әділетсіздіктерді жыр арқылы жеткізуін саяси қауіп ретінде бағалаған. Бұл оның мына сөзінен анық байқалады: *«Мынау түрмеде отырғанда мынаны айтты, босатсаңдар тіпті бүлдіреді. Апарып қамап қойыңдар»*, – деген (Төлеуов, 2016:241).

Халық ақыны Төлеу Көбдіковтің 1931 жылы түрмеде отырып шығарған өлеңі – осы зобалаң кезеңді бейнелейтін, көркем де саяси маңызы зор туындылардың бірі. Ақынның бұл өлеңін көркем шығарма ғана емес, тарихи-мәдени құжат, кезең шындығын бейнелеген дерек ретінде қарастыруға болады. Онда ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, белсенділердің озбырлығы – барлығы халық көзімен көріп, жүрегімен сезінген ақын сөзі арқылы жеткізілген. Өлеңде ашық саяси үндеу байқалмағанымен, тарихи әділетсіздікке деген поэтикалық наразылық айқын аңғарылады.

Байқағанымыздай ел тізгінін ұстаған басшылар идеологиялық ұстанымдарды адам тағдырынан жоғары қойған. Осыған ұсас жағдай 1931

жылы Шыңғыстау өңірінде де (қазіргі Абай ауданы) орын алды. Аталған ауданға Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров арнайы сапарымен келеді. Бұл сапарға үміт артып жиналған халықтың жағдайы өте ауыр еді: аштық белең алған, малдан айырылған, ашынған ел арыз-шағым айтып, үкіметке соңғы үмітпен қарайды. Осы оқиғаның куәгері Аюбай Кенесариннің айтуы бойынша: «...Қазақ үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров келгенде (1931) Шәкәрім сол кісіге кіріп, ұзақ әңгімелесіп, шығып тұрғанда көрдім. Жаздыкүні болатын. Елтайға арналып Қарауыл өзенінің жағасына бірнеше қазақ үйі тігілгенді. Елтай отырған үйді милиция адамдары күзетіп тұрды. Арыз айта келгендер өте көп еді. Бірқатары кіруге рұқсат ала алмай күнұзақ тосумен болды. Сол күні атақты өнер иесі, әнші Ағашаяқ ретін тауып кіріп, сиырымды қайтарып беретін болды деп қуанып шықты. Басқалары арызымыз шешілмеді деп ренжіп шығып жатты. Бір кезде Елтай отырған үйден Шәкәрім де шығып келіп, тұрған халыққа: «Малдан айрылған елдің ашыға бастағанын айтып, тәуір-ақ сөйлестім. Көнбеді. Мәселе шешетін басшыға ұқсамайды. Босқа әуре боп кірмей-ақ қойыңдар» - деп, атына мініп жүріп кеткен» (Жүсіп, 2016). Дәл осы оқиғадан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы терең рухани күйзеліс үстінде «Өтініш зарым» атты өлеңін жазыпты (Абай, 1995:52). Бұл өлеңде:

*«...Бостандыққа елім қана алмай,
Әділет жолын таба алмай.*

*Басшыға айтқан мұңдары
Есепке жатыр саналмай,
Кеп арыз жолда қалатын.
Түзелмей отыр басшылар,
Қойылса екен жақсылар,
Елменен еркін санасар
Саналы, ойлы сақшылар,
Әділет жолға салатын.*

*...Қазақтың басшы баласын
Сөйлестім, көріп шамасын
Қалайша қалап қойған ел
Сезімсіз, ойсыз шаласын,
Түк келмейтін қолынан?!*

*Ел мұңын ондай ұға алмас,
Бастық та болып тұра алмас.
Мансапқа өзің мақтансаң,
Еліңнің басы құралмас,*

Адасар айқын жолынан...» - деген жолдар ақынның билік өкілімен болған нақты диалогқа негізделген. Бұл — кездейсоқ пікір емес, Шәкәрімнің мемлекеттік басқару жүйесіне берген сыни бағасы. Ол «үкімет басшысы» бейнесі арқылы кеңестік биліктің кадрлық саясатына астарлы түрде сын айтады: биліктің жоғарғы органдарына іріктеліп алынған адамдардың ішкі дүниесі жұтаң, интеллектуалдық және моральдық тұрғыдан әлсіз екенін байқатады. Ақынның айтуынша, мұндай адамдар ел тағдырын

шешуге қауқарсыз және саяси ерік-жігерден жұрдай. Бұл өлең жолдары арқылы Шәкәрім тұтас жүйенің халықтан ажырап қалғанын, оның ішінде басқарушы буын мен бұқара арасындағы алшақтықтың артқанын нақты тарихи куәлік ретінде сипаттайды. Осылайша, ақын басқарудың тек прагматикалық немесе материалистік, қолданыстағы әлеуметтік-саяси мақсаттарға негізделген жүйесі туралы айтып отыр.

Осылайша, бірқатар ақындардың Елтаймен кездесулері кезінде дүниеге келген шығармаларында халықтың жанайқайы, әлеуметтік әділетсіздікке деген наразылығы айқын көрініс тапқан. Бұл шығармалар — поэтикалық формада берілген тарихи шындықты жеткізудің бір әдісі ретінде бағаланды. Алайда, мұндай көркемдік туындылармен қатар, халық үнінің айқын әрі тікелей формасы ретінде азаматтық және саяси сипаттағы жазбалар да орын алды.

Осы орайда ерекше назар аударуға тұрарлық маңызды деректің бірі — Елтайға жолданған анонимді ашық хат. Бұл құжат — көркем шығармалармен үндес, бірақ мазмұны жағынан одан да өткір, саяси тұрғыдан батыл әрі әлеуметтік реализмге толы құжат болып табылады. Хатта қазақ ауылының аштық, суық, жоқшылық пен үмітсіздікке тап болғаны, жайылымдарынан айырылғаны, балалар мен аналардың ауыр халде екені жан тебіренерлік тілмен сипатталады. Сонымен қатар, автор билік басындағыларды халық мүддесін сатқан, отаршыл саясатты қолдаған деп ашық айыптайды. Осы хат мәтіні автордың қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды жан-жақты, жан тебіренерлік әрі ашық сипаттайтынын дәлелдейді: «Елтай! Теперешний казахский аул переживает тяжелые бедствия, у них отобрали джайляу (летовки), хлеб, который принадлежал детям аула. У них нет одежды, питания, они кормятся самообманным, безрезультатным и бесконечным разговором и этим самым начинают пропадать. Этот позор, этот голод, этот холод, этот самообман завтра же должен занимать место в истории на белой бумаге красной кровью. Кто же тогда даст на это ответ? Завтра молодое поколение и образованная интеллигенция казахского народа, будут выводить казахский народ из темноты, невежества, болезней и очищать от неприятного запаха, будут стремиться к тому, чтобы он стоял на высоте. У кого же тогда будет краснеть лицо? Если наступит день, что плачущий народ, голодающие дети, нуждающиеся женщины, сжатая степь — будут радоваться и придут в себя. То чье лицо должно быть намазано черной сажой? Конечно, я не буду давать ответа и не буду краснеть и не будет на моем лице черной сажи, ибо я буду изгонять имеющиеся болезни и сажу помощь в строительстве кирпичей будущего хорошего. Кто же будет отвечать? Отвечать будешь ты как дураки бывших предков — ты продал интересы народа за желтый билет и за красный стол и не думая о будущем народа, ты продал их интересы русским пришельцам — колонизаторам. Тебя не избрал голос народа и дух предков, а ты посажен колонизаторами России. Ты за это готов даже пожертвовать своего собственного сына, ибо ты палка в руках колонизаторов. 70 проц. пролетариата запада боролись и борются с 30 проц. индивидуальниками капиталистами уже 200 лет, но они строительства социализма не добились. Социализм Елтая — 99 проц.

имущему индивидуальнику казахского народа навязал ярмо и тянет его на веревке, на автомобиле вперед. Елтай! Подумай, не заставляй народ плакать, богатыря найти можно, но найти народ трудно. Если найдется народ, то не найдется земли. Если будет народ и будет богатырь, если будет земля и будет народ» (Ижанов, 2004:11).

Хаттың соңында автор кеңестік билікті халық алдындағы жауапкершіліктен жалтарды деп айыптай отырып, болашақ ұрпақтың қазақ халқын қараңғылықтан, надандықтан, аурудан құтқарып, ұлттық намысты қалпына келтіруге күш салатынына үміт артады. Бұл үзінді хаттың тек тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық зардаптарын емес, сонымен қатар ұлттық сана мен рухани жаңғыруға деген ұмтылысты білдіретінін көрсетеді. Автордың сөзі – кеңестік жүйеге деген сыншыл көзқарас пен азаматтық ұстанымның көрінісі.

Дәл осы құжат сияқты, халық поэзиясы да ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік зұлматты шынайы әрі терең жеткізудің қуатты құралына айналды десек болады. Сол дәуірде ел ішінде туған өлең-жырлар халықтың шын көңіл-күйін, жүйеге деген қарсылығын, әділет іздеген арманын айқын аңғартады. Осы ретте халық мұңын жыр еткен ақындардың бірі – Таймас Есенов (1889-1937).

Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы өңірінде дүниеге келген Таймас Есенов – суырып салма, шешен, айтыскер, әрі ел ішінде үлкен құрметке ие болған тұлға. Оның шығармашылық мұрасындағы ең бағалы тұс – кеңестік саясаттың бұқараға тигізген зардабын батыл әрі ашық жырлай білгені.

Таймас Есеновтің шығармалары ұжымдастыру жылдарында ауыл халқының әлеуметтік жағдайының күрт өзгеруі, мал-мүлік тәркілеу науқандары мен жергілікті белсенділердің әрекеттері секілді тарихи оқиғаларды бейнелеуімен құнды. Ақын жырлары сол кезеңдегі халық наразылығы мен күйзелісін білдіретін ауызша дереккөзі ретінде қарастыруға негіз береді. Мәселен, ол бір өлеңінде былай дейді:

Әй, белсенді, белсенді,

Қамқоршы деп ел сенді.

Бар малынан айырылып,

Кедей сорлы теңселді.

Бұл жолдарда ақын ұжымдастыру науқанын жүзеге асырған жергілікті өкілдердің әрекеттеріне сын көзбен қарайды. Халық үміт артқан белсенділердің іс-әрекеті нәтижесінде, кедей шаруалар да күнкөріс көзінен айырылып, әлеуметтік дағдарысқа ұшырайды.

Өлең мазмұны ақынның сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайға деген қарсылығын және жеке азаматтық көзқарасын айқын аңғартады.

Келесі бір жолдарда:

Елге әмір жүргізді,

Тақыр шалбар кигізді.

Жаңғыз сиырды қорға алып,

Артты жерге тигізді (Нүсіпов, 2020).

Аталған жолдарда ұжымдастыру саясатының салдарынан туған жоқшылық, аштық және жеке меншіктің жойылу үдерісі бейнеленген. Өлең мазмұны ресми насихаттан тыс, халықтың шынайы әлеуметтік жағдайын көрсететін ауызша дерек ретінде бағалы.

Шәкір ӘбенOVтың шығармашылығында 1930-жылдардағы кеңестік ұжымдастыру, діни сенімдерге қысым көрсету сияқты зұлматты саяси үдерістерге халықтың ішкі наразылығы терең әрі шынайы көрініс табады. Оның «Бұл – шындық, көзім көрді, емес өсек...» деген өлеңі – сол кезеңнің тарихи ақиқатын жеткізетін көркем шежіре ғана емес, сонымен қатар тарихи дерек көзі ретінде талдауға болатын мазмұнды туынды (ӘбенOV, 2020:54).

Ақынның «көзім көрді» деген сөзі шығарманың куәгерлік сипатта жазылғанын көрсетеді. Бұл – өлеңді жай пікір немесе насихат емес, деректік куәлік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Кеңестік тарихнаманың үстірт немесе біржақты сипаттарын ескере отырып, Шәкір ӘбенOVтың өлеңін баламалы дерек көзі ретінде пайдалану – ұжымдастыру дәуіріндегі халықтың нақты күйзелісі мен наразылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Өлеңнің алғашқы шумақтарында кеңестік экономикалық саясаттың ауыл халқына тікелей тигізген зардабы нақты көрініс тапқан. Мысалы:

«Қаниша мың колхозшыға займ келді,

«Осавиахим» артынан дайын келді»

Бұл жолдар кеңестік кезеңде колхозшыларға салынған мәжбүрлі займдарды және әскери-патриоттық ұйымдарға (ОСОАВИАХИМ) зорлықпен тарту әрекеттерін көрсетеді. Архивтік деректерде кеңестік займдардың ресми түрде «ерікті» деп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың күштеу арқылы жиналғаны белгілі. ӘбенOV бұл шындықты ашық айтып, оның билік тарапынан қысым жасау құралы болғанын көрсетеді.

Ақын кеңес билігінің ресми құжаттарында көрінбейтін, бірақ ауыл халқына салынған жасырын, бейресми салықтарды да әшкерелейді:

«Жарияға жатпайтын бір салық бар,

«Төлемесең, табылар жайың», – деді»

Мұндағы «жарияға жатпайтын» салық – қосымша, бейресми міндеттемелердің кеңес аппараттары арқылы (жергілікті белсенділер мен парторгтар) іске асырылғанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, 1930-жылдардың басындағы азық-түлік тапшылығы, жеке мал-мүлікті тәркілеу сияқты науқандардың аясында жиі қолданылған.

Сонымен қатар:

«Тауығың жоқ та болса, үй бас сайын

Жүз жұмыртқа телейсің, қайдан тапсаң» – деген жолдар экономикалық нақты әділетсіздікті бейнелейді. Мал ұстауға мүмкіндігі жоқ кедей шаруаларға да салық бірдей салынып, қиянат жасалғанын айқын білдіреді.

Кеңестік билік өзін «азаттық әкелуші» ретінде көрсеткенімен, ақын бұл ұрандардың жалғандығын батыл сынайды:

«Халыққа әпердік деп теңдік, азат,

Азат, теңдік дегені – сайқымазақ»

Бұл жолдар кеңес идеологиясының қоғамдық қабылданбауын, оның сатиралық

тұрғыда әшкереленуін білдіреді. Мұндай мысқыл – халық наразылығының жасырын формасы, саяси репрессия жағдайында ақынның ішкі қарсылықты жеткізу тәсілі болған.

«Құдай жоқ, алдау, – дейді ислам діні,

Тіріге көйлек, өлсе – жоқ кебіні»

Бұл жолдар кеңес өкіметінің атеистік насихатына халықтың қарсылығын білдіреді. Ислам дінін «алдамшы» деп сипаттау кеңестік билік тарапынан күштеп жүргізілген үгіт жұмыстарының салдары болса, ақын бұл насихатты жоққа шығарып, халықтық сенімнің тапталуын сынға алады. Сонымен қатар, тіріге көйлек, өліге кебін таба алмау – экономикалық күйреудің ғана емес, рухани апаттың да символы.

Зерттеу барысында анықталғандай, ұжымдастыру қарсаңындағы халық наразылығы әртүрлі сипатта көрініс тапқанымен, оның басты мазмұны – билікке сенімсіздік, әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық және аштықпен байланысты күрделі ахуал болды. Бұған дейін қарастырылған ауызекі шағымдар мен анонимді хаттармен қатар, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың шығармаларынан да халықтың ішкі толғаныстары мен жүйелі қарсылықтары айқын аңғарылады.

Осы орайда XX ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрген ақын, халық әртісі Шахан Мусиннің «Наркомға хат» атты өлеңі назар аудартатын деректің бірі болып табылады (Мусин, 2003:45-47). Автор кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатының салдарынан туындаған аштық пен босқындықты сипаттап қана қоймай, нақты тұлғаларға – халық комиссарына және өлкелік партия басшылығына – тікелей үндеу жолдайды:

«Көрші осыны, ағатайым – наркомым,

Өзің қаздың көрін тірі әкеңнің...»

Бұл жолдарда ақын кеңестік билікті тікелей әлеуметтік апатқа себепкер деп айыптайды. Билік әрекетсіздігін сынға ала отырып, ол гуманитарлық дағдарыстың алдын алуға шақырады. Бұл – азаматтық поэзияның саяси дерек көзіне айналған үлгісі.

Өлеңнің келесі шумақтарында босқынға айналған ауыл халқының трагедиясы беріледі:

«Сәбилерін құрым киізге орасып,

Әке-шеше тағы бірер дөң асып.

Сүлдер құрып, Сібірге де жете алмай, Сұлай

кетті айдалада жыласып...»

Бұл – 1931-1933 жылдардағы жаппай ішкі босқындар мен өлім-жітім көріністерінің көркем, бірақ айқын тарихи сипаттамасы. Автор поэтикалық тәсіл арқылы кеңестік ресми баяндамаларда жабық қалған әлеуметтік шындықты жеткізеді.

Сондай-ақ, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының өлімін еске алады:

«Әне жатыр Шыңғыстауда Шәкәрім, Қаныпезер атқан оқтан қансырап...»

Бұл жолдарда репрессияның тек қана әлеуметтік таптарға емес, рухани элитаға бағытталғанын көрсетеді. Шәкәрімнің есімі арқылы қазақ руханиятына жасалған зұлмат ашық әшкереленеді.

Аталған туындының мазмұны мен құрылымы көрсетіп отырғандай, «Наркомға хат» өлеңі – ұжымдастыру қарсаңындағы халық қарсылығының көркем, бірақ тарихи-дәл нысаны болып табылады. Ақынның жеке өмірбаяны да оның жазғандарын деректік негіз ретінде қабылдауға мүмкіндік береді: ол 1936 жылы тұтқындалып, ұзақ жылдар бойы Сібірде айдауда болды (Нұрышов, 2019). Демек, автор осы өлеңді билікке жалпылама наразылық емес, тұлғалық және куәгерлік негізде жазған.

Қорытынды

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылықпен қатар жүрген кеңестік реформалар қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына, шаруашылық құрылымына және қоғамдық санасына терең соққы берді. Бұл әлеуметтік сілкіністер тек материалдық емес, сонымен қатар рухани кеңістікте де терең із қалдырды. Осы кезеңдегі ауызша және жазбаша поэтикалық шығармашылықты тарихи дерек ретінде қарастыру – сол уақыттағы халықтың шынайы көңіл-күйін, қарсылығын және қоғамдық-саяси трансформацияға берген бағасын ұғынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында айқындалғандай, Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде ақын-жыраулар кеңестік биліктен әділет, теңдік және еркіндік күтті. Бұл үміт Төлеу Көбдіков сияқты халық ақындарының шығармаларында көрініс тапқанымен, кейінгі жылдарда қалыптасқан қатігез шындық – ұжымдастыру мен тәркілеу, зорлық пен репрессия – шығармашылықтағы мазмұн мен интонацияны түбегейлі өзгертті. Ашық қолдау үмітсіз күйінішке, саяси романтизм әлеуметтік реализмге ұласты.

Халық поэзиясы мен жеке ақындардың шығармалары – ресми дереккөздерде көрініс таппаған тарихи процестердің альтернативті шежіресі қызметін атқарды. Олар ұжымдастыру саясатының ауыр зардаптарын, оның ішінде азық-түлік таршылығы, босқындық, аштық және әлеуметтік әділетсіздіктерді бейнелеу арқылы халықтың наразылық әлеуетін көрсетті. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Өтініш зарым» өлеңі арқылы ол кеңестік басшылықтың халықпен санаса алмауын, ел мүддесін ескермеуін өткір сынға алған. Бұл өлең – кеңестік кадрлық саясаттың кемшілігін, басқару сапасының төмендігін, халық пен билік арасындағы үзілісті поэтикалық тұрғыда шебер сипаттаған тарихи куәлік. Шәкәрім шығармасындағы «басшыға сенімсіздік» мотиві кейінгі әдебиеттерде де жиі ұшырасатын әлеуметтік реңкті тақырыптардың бірі.

Төлеу Көбдіковтің Елтай Ерназаровқа арнаған өлеңі мен оған қатысты жазбаша естеліктер поэтикалық формада жасырын қарсылықтың айқын үлгісі болып табылады. Ақынның кеңестік саясатты тікелей сынамағанымен, астарлы бейнелер арқылы зұлмат шындықты жеткізуі – кеңестік цензура жағдайында қалыптасқан бейімделу тактикасын көрсетеді.

Сол сияқты, Таймас Есенов, Шәкір Әбенев, Шахан Мусин шығармаларында да ұжымдастыру жылдарындағы ауыр ахуал – аштық, тәркілеу, рухани күйзеліс — нақты деректік сипатта берілген. Бұл өлеңдерде ауыл белсенділерінің қатігездігі, билік тарапынан көрсетілген қысым,

халықтың әлеуметтік-экономикалық деградациясы нақты оқиғалар мен бейнелер арқылы суреттелген. Ақындар жаппай кәмпеске, мәжбүрлі салықтар, бейресми жарналар мен зайымдарды, діни сенімге қысым жасалуын ашық айыптаған. Бұл – поэзияның көркемдік құрал ғана емес, азаматтық және тарихи құжат ретіндегі маңызын көрсетеді.

Мемлекет басшыларына анонимді түрде жолданған хаттарда айтылған әлеуметтік-философиялық пайымдар – ұлттық сана, рухани тәуелсіздік және ұлт болашағы мәселелеріне қатысты күрделі көзқарасты білдіреді. Елтай Ерназаровқа жолданған хат кеңестік саяси жүйеге бағытталған ашық айыптауларымен ерекшеленеді және өз кезеңінің батыл қоғамдық үндеу үлгісі ретінде бағаланады.

Жалпы алғанда, зерттелген шығармалар мен куәгерлік мәтіндер ұжымдастыру жылдарындағы қазақ қоғамының терең дағдарысын, халықтың күйзелісін, рухани қарсылығын және билікке деген үміт пен үмітсіздіктің қатар тоғысуын дәл сипаттайды. Кеңестік биліктің күштеп жүргізілген реформалары – қазақ халқының тарихи жадына трагедиялық сипатта енген, ал осы тарихи кезең поэзиясы – сол жадының көркемдік формасы, әлеуметтік шындықтың символикалық айнасы болып отыр.

Осылайша, ұжымдастыру дәуіріндегі поэтикалық мұра – бір мезгілде деректік, эстетикалық және саяси мәні бар тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде дүниеге келген өлең-жырлар – халықтың күрделі ішкі күйзелісін, азаматтық үнін, билікпен арадағы қайшылықты және болашаққа бағытталған үмітін поэтикалық тілде жеткізген маңызды тарихи дереккөздер болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- Абай мұрагерлері / Қ. Мұхамедханов ... – Алматы : Атамұра, 1995. – 202б.
- Жанбосинова А.С., Жириндинова К.Р., Жандыбаева С.С. Устная микроистория «Большого террора» (по материалам архивно-следственных дел репрессированных). // Исторический курьер. 2020. № 5 (13). С. 98-108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>
- Әбенев Ш. Шығармалары. Екі томдық. 1-том / Ш. Әбенев. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 400 б.
- Автордың далалық зерттеу материалдары 2013 ж. Информант Төлеуұлы М., Абай облысы, Қарақол ауылы
- Жүсіп С. Елтай Ерназаров кім? 2016 ж. <https://e-history.kz/kz/news/show/3362>
- Ижанов З. Кәмпеске. // Ана тілі. 2004. № 15,16. 20-21 бб.
- Көбдікұлы Т. Шығармалары. Атандым өз тұсымда ақын Төлеу. – Астана: Фолиант, 2018. – 296 б.
- М. Төлеуұлының жеке архивінен алынған қол жазбалар. 2025 ж.
- Мұратқызы Ш. Заманның зарын айтқан Төлеу ақын. 2015 ж. <https://didar-gazeti.kz/zamanny-zaryn-aytan-tleu-ayn/>
- Мұхамедханов Қ. Шәкәрім. // Қазақ әдебиеті. 1988. № 16 (2038). 5-10 бб.

Мусин Ш. [Мәтін] : 24-кітап / ; [құраст., жауапты ред. А. Ж. Құдабаев ; ред. алқасы: Е. М. Арын [ж.б.] ; С. Торайғыров атын. Павлодар мемлекеттік университеті... – Павлодар : ЭКО, 2003. - 162 б.

Нүсіпов Р. Шәкір Әбенів – дуалы ауыз ақын. 2020 ж. <https://qazaqadebieti.kz/34281/sh-kir-benov-dualy-auyz-a-yn>

Нұрышов Н. Шахан Мусин. 18 лет за 16 строк. 2019 ж. <https://e-history.kz/ru/news/show/4523>

Төлеуов М. Жыр дария: өлеңдер / М. Төлеуов: Семей: «Интеллект», 2016. – 322 б.

Шұбартау тарихы [Мәтін] / К. К. Төлемісұлы .., толықт., қосымша бас.. – Семей : [б. ж.], 2016. - 388 б.

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.
<https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>

Маді Е. Турлыбаев^{1*}, Халил Б. Маслов², Айжан Р. Ботабекова³
Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

НАРОДНОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В ГОДЫ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ: СОЦИАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ В НАРОДНОЙ ПОЭЗИИ (1929-1931)

Аннотация. В статье исследуются последствия советских реформ 1920-1930-х годов, таких как коллективизация, конфискация имущества, политические репрессии и голод. Рассматривается их влияние на социально-экономическое положение и духовное состояние казахского народа. Особое внимание уделяется народной поэзии того времени, которая выступает как исторический источник и выражает социальную критику и скрытое сопротивление. На примере произведений таких поэтов, как Шакарим Кудайбердиев, Толеу Кобдиқов и других, показаны реальные последствия советской политики – лишение скота и имущества, голод, массовые переселения и духовные страдания. В статье также анализируются народные настроения и отношение к политическому давлению на основе анонимного письма, а также поэтических произведений, созданных в ходе официальных встреч с представителями власти. Исследование раскрывает культурную и историческую значимость этих поэтических текстов, рассматривая их как важные свидетельства своего времени, отражающие сложные социальные и психологические процессы. Итоги работы акцентируют внимание на роли народного творчества как ценного дополнительного нарративного источника для понимания масштабов политических репрессий и социальных потрясений в советскую эпоху.

Ключевые слова: коллективизация, репрессии, народное недовольство, поэтический источник, социальный протест, исторический нарратив, советская идеология, устные истории.

Madi E. Turlybaev^{1*}, Khalil B. Maslov², Aizhan R. Botabekova²,
Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan

POPULAR RESISTANCE DURING THE COLLECTIVIZATION YEARS: A SOCIAL-HISTORICAL NARRATIVE IN FOLK POETRY (1929-1931)

Abstract. This article examines the consequences of Soviet reforms of the 1920th-1930th, including collectivization, property confiscation, political repression, and famine. It explores their impact on the socio-economic conditions and spiritual state of the Kazakh people. Particular attention is paid to the folk poetry of that period, which functions both as a historical source and as a form of social critique and covert resistance. Through the works of poets such as Shakarim Kudaiberdiev, Toleu Kobdikov, and others, the article highlights the tangible outcomes of Soviet policies – loss of livestock and property, famine, mass displacement, and spiritual suffering. The article also examines public sentiment and responses to political pressure, drawing on an anonymous letter and poetic works composed during official meetings with government representatives. The study underscores the cultural and historical significance of these poetic texts, considering them as valuable testimonies of their time that reflect complex social and psychological processes. The findings emphasize the role of folk creativity as an important supplementary narrative source for understanding the scope of political repression and social upheaval in the Soviet era.

Keywords: collectivization, repression, popular dissent, poetic source, social protest, historical narrative, soviet ideology, oral history.

References

- Abaj muragerleri / Қ. Muhamedhanov... – Almaty : Atamura, 1995. – 202 b.
- Abenov Sh. Shygarmalary. Eki tomdyk. 1-tom / Sh. Abenov. – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 400 b.
- Avtordyn dalalyk zertteu materialdary 2013 zh. Informant Toleuuly M., Abaj oblysy, Karakol auyly
- Zhanbosinova A.S., Zhirindinova K.R., Zhandybaeva S.S. Ustnaja mikroistorija «Bol'shogo terrora» (po materialam arhivno-sledstvennyh del repressirovannyh). // Istoricheskij kur'er. 2020. № 5 (13). S. 98-108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>
- Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>
- Zhusip S. Eltaj Ernazarov kim? 2016 zh. <https://e-history.kz/kz/news/show/3362>
- Izhanov Z. Kampeske. // Ana tili. 2004. № 15,16. 20-21 bb.
- Kobdikuly T. Shygarmalary. Atandym oz tusymda akyn Toleu. – Astana: Foliant, 2018. – 296 b.
- Muhamedhanov K. Shakarim. // Kazak adebieti. 1988. № 16 (2038). 5-10 bb.
- Muratkyzy Sh. Zamannyn zaryn ajtkan Toleu akyn. 2015 zh. <https://didar-gazeti.kz/zamanny-zaryn-aytan-tleu-ayn/>
- Musin Sh.: 24-kitap – Pavlodar : JeKO, 2003. - 162 b.
- M. Toleuulynyn zheke arhivinen alyngan kol zhazbalar. 2025 zh.

Nuryshov N. Shahan Musin. 18 let za 16 strok. 2019 zh. <https://e-history.kz/ru/news/show/4523>

Nusipov R. Shakir Abenov – dualy auyz akyn. 2020 zh. <https://qazaqadebieti.kz/34281/sh-kir-benov-dualy-auyz-a-yn>

Shubartau tarihy / K. Tolemisuly. – Semej: 2016. - 388 b.

Toleuov M. Zhyr darija: olender / M. Toleuov: Semej: «Intellect», 2016. – 322b.

Авторлар туралы мәліметтер

Турлыбаев Маді Ермекович – докторант, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

Халил Борисович Маслов – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ботабекова Айжан Рымбековна – тарих магистрі, Шәкәрім университетінің оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Information about the authors

Turlybaev Madi Ermekovich – PhD candidate, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Khalil Borisovich Maslov – PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University

Botabekova Aizhan Rymbekovna – Master of History, lecturer at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Турлыбаев Маді Ермекович – докторант, Шәкәрім университет, Семей, Казахстан.

Халил Борисович Маслов - PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Ботабекова Айжан Рымбековна – магистр истории, преподаватель Шәкәрім университета, Семей Казахстан.

Редакцияға түсті 29.03.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 02.05.2025

Жариялауға қабылданды 27.06.2025

FTAMP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2\(4\)-6](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2(4)-6)

АЙМАҚТЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ: ЗАЙСАН МЫСАЛЫНДА

Рафик Х. Усманов

В.Н. Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университеті, Астрахан, Ресей Федерациясы

E-mail: usmanr@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-2502-7667>

Аңдатпа. Мақалада Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуы әлеуметтік-экономикалық және геосаяси факторлар тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - өңірлік кәсіпкерліктің тарихи динамикасын айқындап, оның аймақ тарихындағы орнын көрсету. Зерттеу барысында Зайсанның географиялық ерекшеліктері мен шекаралық жағдайының кәсіпкерлікке әсері, XIX-XX ғасырлардағы кәсіпкерлік құрылымдары мен бағыттары, сауда жолдары, жәрмеңкелер, қолөнер және өнеркәсіп салаларының дамуы талданады. Сондай-ақ, татар, орыс және жергілікті қазақ кәсіпкерлерінің қызметтері салыстырылып, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік саясаттың кәсіпкерлікке ықпалы зерттеледі. Тәуелсіздік жылдарындағы кәсіпкерлік тәжірибесі тарихи сабақтастық тұрғысынан бағаланған.

Зерттеудің ерекшелігі - Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық және геосаяси факторлар аясында кешенді түрде қарастыруында. Еңбектердің басым бөлігінде кәсіпкерлік жалпы қазақ қоғамы немесе бүкіл Шығыс Қазақстан деңгейінде сипатталса, бұл мақалада нақты өңірге басымдық берілген. Мұрағат деректері, статистикалық жинақтар, этнографиялық материалдар мен заманауи зерттеулерге сүйене отырып, аймақтық кәсіпкерліктің тарихи дамуы алғаш рет жүйелі түрде талданған.

Зерттеу нәтижелері экономикалық тарих, әлеуметтік тарих және этнография салаларында кешенді көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай -ақ қазіргі заманғы аймақтық кәсіпкерлікті дамыту стратегияларын жасауға, тарихи туризм мен өлкетану жұмыстарын жетілдіруге негіз бола алады.

Түйін сөздер: Зайсан, кәсіпкерлік, әлеуметтік-экономикалық фактор, геосаяси жағдай, сауда, көпес, жәрмеңке, татар.

Кіріспе

Қазақстан тарихының аймақтық қырларын зерттеу бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып отыр. Елдің әрбір өңірі өзіндік тарихи дамуы, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, этнодемографиялық құрылымы және геосаяси орны арқылы айшықталады. Соның ішінде Зайсан өңірі Қазақстанның шығыс бөлігінде орналасқан, табиғи байлықтарға бай, шекаралық аймақ ретінде геосаяси тұрғыдан да аса маңызды өлке болып табылады. Бұл өңірдің кәсіпкерлік дәстүрлерін, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін жан-жақты зерттеу тек қана аймақтық тарих үшін емес, жалпы қазақ қоғамының экономикалық тарихын түсінуде де ерекше рөл атқарады. Зайсан өңірінің ерекшелігі – оның Шығыс

Қазақстанның Қытаймен шектесетін аймағында орналасуында. XIX ғасырдан бастап мұнда халықаралық сауда жолдары тоғысқан, ал XX ғасырдың басында кеңестік экономикалық саясаттың ықпалымен жаңа кәсіпкерлік бағыттар дамыған. Бұл өңірдегі кәсіпкерлік тарихын зерттеу арқылы біз тек жергілікті деңгейдегі сауда-өнеркәсіп қатынастарын ғана емес, сонымен қатар шекаралық саясаттың, геосаяси жағдайдың, этносаралық қатынастардың және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің өзара ықпалын айқындаймыз.

Кәсіпкерлік – кез келген қоғамның экономикалық дамуының басты факторларының бірі. Қазақстанның шығысындағы Зайсан өңірінде кәсіпкерлік үрдістер әрқашан табиғи-географиялық ерекшеліктермен, көршілес мемлекеттермен шекаралық қарым-қатынастармен және ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланыста дамыды. Мұнда қазақтармен қатар татар, орыс, және басқа да этностар қоныстанып, сауда-саттық пен қолөнер кәсібін өркендетті. Әсіресе татар көпестері мен жергілікті қазақ байларының экономикалық қызметі аймақтық кәсіпкерлік тарихында маңызды орын алды.

Мақала мазмұны Қазақстанның кәсіпкерлік пен шағын бизнесті дамыту стратегиясымен де үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи тәжірибені зерделеу бүгінгі кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды. Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи тамырларын ашу қазіргі заманғы экономикалық даму саясатына сабақ бола алады.

Материалдар мен әдістер

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуын зерттеу үшін әртүрлі дереккөздер мен әдіснамалық тәсілдер кешені пайдаланылды. Зерттеу материалы ретінде мұрағаттық құжаттар, статистикалық жинақтар, ғылыми еңбектер, этнографиялық және фольклорлық деректер, сондай-ақ заманауи баспасөз бен ресми құжаттар қолданылды. Статистикалық деректер арасында ресми жинақтар, Ресей империясы Ішкі істер министрлігінің баспасөз материалдары, халық санағы мен экономикалық жоспарлау құжаттары пайдаланылды. Ғылыми негіз ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қолданылып, аймақтық кәсіпкерліктің тарихи эволюциясы салыстырмалы тұрғыда қарастырылды. Этнографиялық және фольклорлық деректер аймақ халқының дәстүрлі шаруашылық мәдениеті мен кәсіпкерлік тәжірибесін сипаттауға мүмкіндік берді, ал заманауи деректер мен мерзімді баспасөз материалдары Тәуелсіздік кезеңіндегі кәсіпкерлік даму үрдістерін көрсетуге негіз болды.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, экономикалық-статистикалық, геосаяси және мәдени-тарихи әдістер кешенді түрде қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс кәсіпкерліктің шығу тегі мен эволюциясын қарастыруға мүмкіндік берсе, тарихи-салыстырмалы тәсіл Зайсан кәсіпкерлігін Қазақстанның басқа аймақтарымен және көршілес мемлекеттермен салыстыруға жағдай жасады. Тарихи-типологиялық әдіс кәсіпкерліктің түрлері мен қатысушыларын жүйелеуге бағытталса, экономикалық-статистикалық әдіс сандық деректерді талдауға негіз болды.

Геосаяси талдау өңірдің шекаралық ерекшеліктерінің кәсіпкерлікке әсерін анықтаса, мәдени-тарихи тәсіл кәсіпкерліктің тек экономикалық ғана емес, мәдени құбылыс ретінде маңызын көрсетуді қамтамасыз етті.

Әдіснамалық негіз ретінде М. Вебердің әлеуметтік әрекет теориясы, А. Тойнби мен Ф. Бродельдің өркениеттік тәсілі және қазақ тарихнамасындағы этносоциомәдени әдіс пайдаланылды. Сонымен қатар посткеңестік зерттеулерде қолданылатын аймақтық идентичность, шекаралық аймақ тарихы және трансұлттық байланыстарға қатысты жаңа әдіснамалық бағыттар ескерілді. Деректер мен әдістердің кешенді үйлесімі зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен нақтылығын арттырды, тарихи-генетикалық талдау кәсіпкерліктің шығу тегін және эволюциясын ашса, статистикалық және жүйелі талдау нақты көрсеткіштер мен әлеуметтік-саяси контексті байланыстырды. Геоақпараттық талдау сауда жолдары мен жәрмеңке орталықтарының орналасуын визуализациялауға мүмкіндік берді, бұл Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи даму ерекшеліктерін кешенді түсінуге жағдай жасады.

Талқылау

Зайсан өңірінің кәсіпкерлік тарихы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде жанама түрде қарастырылғанымен, арнайы кешенді зерттеу аз жүргізілген. XIX-XX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдаған М. Қозыбаев, Е. Бекмаханов, Н. Масанов сияқты тарихшылардың еңбектерінде негізінен аграрлық қатынастар мен сауда жолдары қарастырылған, ал аймақтың нақты кәсіпкерлік тарихы көбінесе жергілікті өлкетанушылардың мақалалары мен мұрағаттық деректерде кездеседі. Орыс ориенталистері мен статистиктерінің еңбектерінде халық саны, шаруашылық құрылымы, сауда қатынастары туралы маңызды мәліметтер берілген. Мысалы, XIX ғасырдың аяғында шыққан Семей облысының статистикалық жинақтарында Зайсан уезіндегі жәрмеңкелер, мал шаруашылығы өнімдерінің саудасы және көршілес Қытаймен жасалған экономикалық байланыстар нақты деректермен қамтылған (Семейская статистика, 1898).

Тарихи деректерді талдау Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің бірнеше кезеңнен өткенін көрсетеді. Дәстүрлі кезең қазақ қоғамындағы мал шаруашылығы мен айырбас саудаға негізделген, XIX ғасырдың екінші жартысындағы жәрмеңкелік кезең аймақты ірі экономикалық орталыққа айналдыруда маңызды рөл атқарған. XX ғасырдың басында индустриялық-кеңестік кезең басталып, кеңес өкіметінің экономикалық саясаты аясында жаңа кәсіпорындар құрылып, ұжымдық шаруашылық дамыған. Тәуелсіздік кезеңінде (1991 жылдан бастап) нарықтық қатынастарға бейімделу арқылы жергілікті кәсіпкерлік жаңа серпін алған. Бұл кезеңдер Зайсан кәсіпкерлігінің аймақтық ерекшеліктерін ғана емес, Қазақстанның жалпы экономикалық даму тарихындағы орнын да айқындайды.

XVII ғасырда Ресейге келген және Алтай өңірінде болған француз дипломаты Де Ла Невилль өз еңбегі «Любопытное и новое известие о Московии» (1689) арқылы Зайсан көлі мен оның тұрғындары туралы толық мәлімет берген. Сол сияқты даниялық Эверт Избранд Идес те аймаққа қатысты маңызды

деректер қалдырған. 1715-1716 жылдары Зайсанда И. Бухгольцтің экспедициясы жүргізіліп, ол Ресей империясының оңтүстік Сібір жерлерін отарлау саясаты аясында қазақ жерлерін зерттеумен тығыз байланысты болған. XIX ғасырдың 60-жылдарында Зайсан өңірін зерттеу белсенді жүргізіле бастады, себебі бұл кезеңде Ресейге қосу процесі толық аяқталған болатын. Сол кездің өзінде дамып келе жатқан Зайсан қаласы зерттеушілер үшін негізгі тірек болған, ал олардың экспедициялық материалдарында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, тұрғындары және белгілі тұлғалары туралы құнды мәліметтер жинақталған (Жапаров, 1998).

Неміс ғалымы және саяхатшысы Альфред Эдмунд Брем өз әріптесі Отто Финшпен 1876 жылы Батыс Сібір мен Қазақстанда зерттеулер жүргізіп, экспедициялық материалдарға негізделген «Батыс Сібірге саяхат» еңбегін жазған. Ондағы сегізінші тарауда Зайсан қаласының жылдам даму үрдісі, кең әрі таза көшелері, кірпіштен салынған үйлері, ағаш шіркеуі мен үш сыныптық приходтық мектебі, сауда базарындағы әртүрлі тауарлар сипатталған, қалада шамамен 163 үй және 2 мың тұрғын болғаны көрсетілген (Финш, 1882).

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын нұсқаулықтар жарияланып, онда қалалық елді мекендердің халқы, сауда мен өнеркәсіптің дамуы, әлеуметтік-мәдени жағдайлары туралы мәліметтер келтірілген. Сол уақыттағы зерттеулер Ертіс маңы қалаларының транзиттік инфрақұрылымын дамытудағы рөлін, Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының динамикасын, сондай-ақ Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда қозғалысының ерекшеліктерін қарастырған (Венюков, 1861; Завалишин, 1867; Балкашин, 1881). Г.Н. Потанин Дала өлкесі мен Сібірдегі сауданы зерттей отырып, мұндағы қалыптасқан буржуазияның негізінен сауда және өсімқорлық сипатын көрсеткен. Ол Семей қаласы және облыстың басқа қалаларындағы көпестерді сипаттап, Ертіс өңіріндегі саудагерлердің негізгі бағыты транзиттік сауда жолдарының қиылысында орналасқанын атап өткен (Потанин, 1867; 1884).

1897 жылғы халық санағы нәтижелері мен Ф. Щербина жетекшілігімен жасалған 13 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» жинағы Зайсан және Өскемен уездеріне қатысты маңызды деректерді қамтитын, өңірдің табиғи-географиялық, жер жағдайы мен шаруашылығына байланысты материалдар ұсынған (Материалы, 1898-1906). Кеңестік кезеңде, 1928 жылы «Известия Томского государственного университета» басылымында академик В.А. Хахловтың «Зайсан қазаншұңқыры және Тарбағатай Құстарзоогеографиялық очеркінің» еңбегі жарияланып, омарта шаруашылығының дамуына мән берілген (Хахлов, 1928). Бұл еңбектерде кәсіпшілікпен айналысқан қазақтар туралы нақты мәліметтер болмаса да, аймақтық кәсіпкерліктің болашақтағы маңызы көрсетілген.

1960-1980 жылдары Ресейдің Азиялық бөлігіндегі қалалардың салыстырмалы-экономикалық дамуын зерттеу белсенді жүргізілген. Сол кезеңде Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтитын зерттеулер көбейген. Н.В. Алексеенко, Н.Е. Бекмаханова, В.С.

Черников солтүстік және шығыс Қазақстандағы қалалық елді мекендердің әлеуметтік және ұлттық құрамын талдаса, С.А. Сүндетов, Ж.К. Қасымбаев, Г.Чуланов уездік орталықтардың сауда-өнеркәсіптік дамуына қатысты кейбір мәліметтерді ғылыми айналымға енгізген (Алексеев, 1981; Бекмаханова, 1986; Черников, 1985; Сүндетов, 1969; Қасымбаев, 1981; Чуланов, 1960).

Кеңес кезеңінің қазақстандық тарихнамасында Е.Б. Бекмаханов пен Т.Ж. Шоинбаев Шығыс Қазақстан қалаларының көпестер тарихына қатысты нақты материалдар ұсынған. Олар Қазақстанның Ресей, Қытай және Орта Азиямен сауда байланыстарын зерттеу кезінде уездік елді мекендерді экономикалық және әкімшілік тұрғыдан қарастырған (Бекмаханов, 1957; Шоинбаев, 1982). 1990 жылы Ж.Қ. Қасымбаевтың «Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.» еңбегі жарияланып, Шығыс Қазақстан қалаларының сауда мен әкімшілік функцияларының үйлесімін көрсеткен. Еңбекте Зайсан қаласының 1861-1917 жылдардағы дамуы қарастырылып, сауда саласындағы делдалдық рөлі айқындалған (Қасымбаев, 1990).

Тарихнаманың қазіргі кезеңінде қазақстандық тарихшылар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Дала өлкесінің уездік қалаларының шаруашылық даму тарихы бойынша жаңа нақты-нақты материалдар жинап, еңбектерді жарыққа шығарды. Атап айтқанда, Ертіс бойы, соның ішінде Зайсан өлкесінің сауда-экономикалық дамуы және кәсіпкерлері туралы М.К. Каримов, М.К. Асылбеков, А.Ф. Даутованың «Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы» (Каримов, 2016) атты еңбегі біршама мәліметтер береді. Сонымен қатар, В.З. Галиевтің Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағына арналған орыс тілінде шыққан «Халықты оятқан кітап» («Книга, разбудившая народ») (Галиев, 2011) атты еңбегінде Міржақыптың Зайсандағы оқытушылық жылдары оның көзқарасын сол кездердегі саяси оқиғалармен байланыстыра қарастырады. Аталған еңбекте Зайсандағы бірқатар кәсіпкер-көпестер туралы мағлұматтар берілген.

А.Ж. Габдулина, К.В. Джумагалиева, Р.Д. Ахметова, Х.А. Аубакировтардың «The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire» мақаласында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының шет аймақтарының сауда-өнеркәсіптік даму тарихы қарастырған. Авторлар архивтік дереккөздер мен құжаттарға сүйене отырып, Плещеевтер отбасы мысалында қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптік-көпестік қызметті зерттеді.

Б.Ж. Атантаева мен Д. Чунгалов «Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX - начале XX вв.» мақаласында XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Семей қаласының көпестерінің қызмет тарихы жан-жақты талданады. Семейдің сауда және өнеркәсіп қаласы ретінде қалыптасуындағы жергілікті көпестердің рөлі баса назарға алынады. Б.Ж. Атантаева мен Р.Д. Ахметованың «Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века» мақаласында Семейдің Ертіс өңірінде татар этносының қалыптасу тарихы зерттеледі. Құжаттық деректер негізінде XIX ғасырда Қазақ даласына татарлардың қоныстануының себептері, татар қоныстарының пайда болу тарихы талқыланды. А.Ж.Габдулина, К.Ш.

Аубакирова, Р.Д. Ахметова, Г.А. Абеновалардың «Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity» мақаласында дала аймағындағы көпестердің кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметі қарастырылады. Өңірде су сауда жолдарын, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды құру процесіне назар аударылады. Локалдық зерттеушілер де аймақтағы кәсіпкерлікті жан-жақты қарастырған. С. Черных, Ғ. Байбатыров, Қ. Алтыбаев, М. Жеңсеханов сияқты өлкетанушылар архив материалдары мен ауызша деректер негізінде Зайсан өңірінің тарихын зерттеп, кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуына қатысты маңызды мәліметтер берген.

Зерттеулерді салыстыру нәтижесінде келесі қорытындыларға келуге болады: Зайсан өңірінің кәсіпкерлік тарихын отарлық саясат, кеңестік индустрияландыру және нарықтық қатынастар тұрғысынан бөлек қарастыру мүмкін емес; бұл көпқырлы тақырып ретінде кешенді зерделенуі тиіс. Әр кезеңнің зерттеушілері өз дәуірінің идеологиясына сәйкес көзқарас қалыптастырғанымен, олардың еңбектеріндегі деректерді біріктіріп пайдалану ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Сонымен қатар, Зайсан кәсіпкерлігінің тарихы тек аймақтық шеңберде ғана емес, Еуразиялық кеңістіктегі экономикалық байланыстар контекстінде де маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер

Зайсан аталатын кең өлкенің бір бөлігі ғана қазіргі осы аттас әкімшілік ауданға қарайды. Алтай жоталары, Тарбағатай-Сауыр таулары, Шар-Көкпекті шоқыларымен шектесетін кең атраб «Зайсан қазан шұңқыры» аталады, оның нақ ортасында Зайсан көлі орналасқан. Физикалық география тұрғысынан бұл алқап Ертіс өзенінің бассейнін қалыптастыратын Нарым, Бұқтырма, Күршім, Қалжыр, Көкпекті, Бөкен, Кендірлік, Үлкен Ұласты өзендерінің арна-сағаларымен қоса қарастырылады.

Кезінде өлкенің солтүстігі Ресейге, оңтүстігі Қытайға тиесілі болды. Орыстар қазақ пен жоңғар соғысып жатқан кезде Ертісті бойлай бекініс салса, Қытай Жоңғар мемлекетін жойып, оған қарасты жерлерді түгелдей өзінікі деп есептеді. Екі империя шекарасын айқындау үшін 1860 жылы Пекин келісіміне қол қойып, шекара сызығын 1864 жылы Шәуешекте айқындауға тоқтам жасады. Дүнген-ұйғыр көтерілісі салдарынан бұл шешім аяқсыз қалды. Көтерілісті басуға Қытайдың өз мүмкіндігі болмай, Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды. Жетісу генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский бастаған орыс әскері Қытай шебінде тұрақтап қалып қойып, тек қана 1881 жылы Санкт-Петербург келісімі бойынша Іле аймағынан шығып, қарымтасына Зайсан өлкесінің Қара Ертіс аңғарын алды. Бұл жағдай 1884 жылы Шәуешек протоколымен заңдастырылған. Іс жүзінде оған дейін-ақ Ресей өз мүддесін ойдағыдай орындап үлгірген болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанның Шығысы соның ішінде осы өңірдің оңтүстік аудандарының табиғатын, халық турмысын зерттеуде Н.М. Пржевальскийдің еңбектері елеулі маңызға ие. Осы тұрғыда оның 1889 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Третье путешествие в Центральную Азию из Зайсана через Хами в Тибет и на верховье Желтой реки Н.М. Пржевальского»

(Жеңсеханов,2003) атты шығармасында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның шығыс аймағының оңтүстік аудандарының табиғаты, жергілікті халық тұрмысына кеңінен талдау жасаған. Зерттеуші осы шығармасының басында аталған экспедицияға дайындық мәселесін баяндап, жол көрсетуші қазаққа толығынан сипаттама береді. Осы тұрғыда ол: «Жақсы, тіпті өте жақсы түйе табу қажеттігі оңай болған жоқ. Тек Семей облысының әскери губернаторы Л.П. Проценконың және оның штаб бастығы полковник В.Ф. Ильинскийдің араласуынның нәтижесінде біз Зайсан қырғыздарынан өте жақсы 35 түйе сатып алдық. Олардың 23 жүк тиеуге, 8 казактардың мінуіне, қалған 4 қосымша ретінде пайдаланылатын болды» (Жеңсеханов,2003), - деп жазды. «Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, біз алдағы сапарға дайындалу мақсатында деп көрсетеді зерттеуші одан ары, - Зайсан бекінісінде үш аптадан артық болдық. Шындығында біздің дайындығымыз аяқталды, алайда осы жылғы көктемнің кейін басталуы біздің сапарға шығуымызға мүмкіндік бермеді. Зайсан аңғарына негізінен қар мол түседі, 1879-1880 жылы қар әдеттегіден де мол болып, наурыз айының ортасына дейін даланы толық басып жатты. Ақыр соңында күн жылынып, қар тез еріп, біздің сапарға шығуымызға мүмкіндік туды» (Алтыбаев, 2006). Бастапқы кезеңдегі жол көрсетушілікке 1877 жылы бізге Құлжадан Гученге дейін баруымызға көмектескен Зайсан приставтығының қырғызы Мырзаш Алдияров алынды. Мырзаш ұзақ жылдар барымтамен, яғни жылқы ұрлаумен айналысқандықтан бізбен шекаралас Жоңғарияның батыс бөлігін жақсы білетін. Аталған кәсіп қырғыздар арасында айыпталудың орнына шебер барымташылар еліктеу мен мақтауға лайық, нағыз жігіттік деп бағаланатын. Мырзаш өзінің осындай ерліктері арқылы «батыр» (богатырь) деген құрметті атауға ие болды. Аталған батыр өзінің өмірінде (ол осы уақытта 53 жаста болатын) бірнеше рет аса ауыр жағдайда қалғандығы, алайда одан шығар жолды таба отыра мыңнан артық жылқы ұрлағандығын мойындады.

Ұрланған жылқының иесінің оның маңдайына балтамен салған белгісі біздің батырымыздың бұл кәсібінің үнемі сәтті аяқталмайтындығының белгісіндей еді. Оны қатал бақылауда ұстаған жағдайда Мырзаш жол көрсетуші ретінде өте керекті еді. Осы еңбегінде саяхатшы өзі бірнеше рет болған Зайсан өңірінің табиғат ерекшелігіне, казак қоныстарына, елді-мекен атауларына талдау жасаған. Осы тұрғыда оның жазуынша: «Зайсаннан шыға отыра біз 25 шақырымнан кейін одан ары Қытаймен шекара өтетін шағын және жұпыны казак тұрағы Кендірлікке аялдадық. 1864 жылғы Шұғышақ келісімімен аяқталған бұл шекара көң аумақты, балыққа бай Зайсан көлін бізге қалдырып, Қара Ертістің төменгі ағысы арқылы жүре отыра солтүстік-шығысқа қарай кететін 1881 жылғы Санкт-Петербург қаласында жасалған жаңа келісімге сәйкес жаңа шекара белгісі мүмкіндігінше қазіргі шекара мен Куйтун тауынан Сауыр жотасына қарай Қара Ертіс арқылы өтетін тура жүйе арқылы бағытталады. Аталған шартқа орай жаңа шекара картада көрсетілгеніндей бағаналар қойылғанға дейін Куйтун тауынан (Бұқтарманың сағасы) Оңтүстік Алтай арқылы Кабы мен Бургон өзендері ортасымен Қара Ертіске, одан ары тура Сауыр тауларына қарай өтеді. Кендірліктен арба жолы Майқапшағай аңғарымен Улюнгур көліне, одан ары Булунь-Тоғай тауына кетеді. Зайсаннан Улюнгурге дейінгі жол 175

шақырым(верст). Бізге Кендірліктен тұманды мекеніне дейін көрсетілген мерзімде қары аз болатын айналмалы оңтүстік жол арқылы 15 шақырым артық журуге тура келді. Қалай дегенмен де осы айналмада үнемі кездесіп отырған батпақ пен қысқы қар жолдарынан біз түйелермен көптеген әуреге түстік. Атап айтқанда 26 наурыз күні қыстың қалың ортасында болатындай қарлы боран соқты» (Зайсан, 1998).

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы Ертіс өңірі, Зайсан жеріндегі кәсіпкерлік экономиканың сауда-өсімқорлық, ауылшаруашылық саласында, сонымен қатар өңдеуші өнеркәсіптің кейбір салаларында (ұн, темекі-шарап, тері және т.б.) табысты дамыды. Кәсіпкерлік іс-әрекетінің бұл салаларын бөлек қарастырылуы осы салалардың әрбіреуінің бір-бірінен автономды дамығандығын білдірмейді. Бүкіл дерлік революцияға дейінгі әдебиеттерде сауда мен өндіріс бірге беріледі. «Сауда-өнеркәсіптік тап», «сауда-өнеркәсіптік іс-әрекет» сияқты түсініктер жиі кездеседі. Бұл да кездейсоқ емес, себебі көпестердің көбі сауда саласында бастапқы капиталды жинап, кейіннен капиталды өнеркәсіптік бизнеске салуға тырысты. Ал соңғысы, белгілі болғандай, кәсіпкерлікті негізінен ауылшаруашылық өнімді өңдеу саласында көрсетті. Осылайша, кәдімгі өмірде сауда, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік кәсіпкерлік бір-бірін толықтырып өмір сүрді. Ірі кәсіпкерлер өз капиталдарын жиі іс-әрекеттің әртүрлі кәсіпкерлігіне салды, себебі бір операциялардың бұзылуы басқалардың табыс табуымен компенсацияланады.

Кәсіпкерліктің талдауын қарастырғаннан бұрын, XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басындағы өлкеде кәсіпкерліктің тарихи алғышарттарын, сонымен қатар бұл үрдісті тездететін және тежейтін факторларды анықтау қажет.

Ресеймен саяси бірлік Қазақстанның жалпыресейлік нарыққа енуіне мәжбүр етті. Бұл өлкеде кәсіпкерліктің және тауар-ақша қатынастарының кеңеюіне ықпал жасады. Бірақ, олардың тез және кең жайылуына Қазақстанды метрополияның аграрлы – шикізат отарын айналдыруына бағытталған саясаты кедергі жасады. Отарлық әкімшілік қазақтардан ең шұрайлы жерлерді тартып алып, оның қазақ шаруашылығына қалай әсер ететініне көңіл аударған жоқ. Мал шаруашылығына мал жайылатын жерлерде көшпенді жолдардың қоныс аудару жерлеріне айналуы үлкен зардап әкелді. Өлкені күшейтіп отарлаудың нәтижесінде қазақ халқы бірікті. Кәсіпкерліктің дамуының қолайсыз факторы болып табылатын нарықтың тарылуына әкелді.

Бұл үрдістің тежелуі сонымен қатар кәсіпкерлердің құқықтық жағынан әлсіз қорғалуынан болды. Кәсіпкерлердің өзара қарым-қатынастары Сауда Жарғысымен реттелуі қажет. Сауда даласында жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлердің жағдайы өте қиын болды. Үлкен көлемдегі саудамен айналысу құқығы артықшылықтары бар көпестік шендердің өкілдері алды. Мұндай артықшылықтар жергілікті халыққа өте сирек берілетін. Үкіметтің қазақтарды саудаға тарту шешімдері жергілікті халықтың игілігін ойлаудан емес, ал ресей тауарларын сатудағы нарығын кеңейту үшін және қазынаға салықтардың көбеюі үшін жасалды.

Кәсіпкерліктің дамуына сонымен қатар капиталдың болмауы, мамандырылған кадрлардың жетіспеуі, сонымен қатар істерді басталған

шаблондар бойынша жүргізу әдеті кедергі болды. Натуралды шаруашылықтың, әсіресе ірі сауда орталықтарынан және сауда жолдарынан алыс орналасқан жерлерде басым болуы кәсіпкерліктің дамуын тежеді. Кәсіпкерлікпен айналысқан бай адамдардың көбі негізінен өздерінің кедей құрдастарының төленбейтін еңбегіне негізделді. Күштеп жұмыс істеткізу жағдайында өндірісті жетілдірудің мүмкіндіктері өте шектелген болды. Капиталдың жетіспеуінің, нарықтық конъюнктураның тұрақсыздығы жағдайында саудада пайдаланылатын несиенің пайызы өте жоғары болатын. Бұның нәтижесінде кәсіпкердің несиені айналым құралы ретінде пайдаланған бүкіл дерлік пайдасы жойылды.

Істе бар болған салық жүйесі кәсіпкерлердің экономикалық белсенділіктерін шектеді. Ауыр салықтық қанау ең алдымен сауда-өнеркәсіптік халыққа қиын тиді. Сол уақыттың көптеген кәсіпкерлері салық ауыртпашылығы жайлы айтты, сол себептен өнеркәсіп пен сауда күйзеліске ұшырайды. Кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділікті тездететін салық саясатының қажеттілігі жайлы сауда мен өнеркәсіп өкілдерінің бүкіл съездерінде айтылады. Зайсан өңірінің ерекшелігіне оның территориясының кеңдігі болды. Кәсіпкерлерге алыс жерлер, өлкенің сондағы дүниежүзілік сауданың дамыған коммуникацияларынан алыс болуы, транспорттық жүйенің әлсіз дамығандығы сияқты ауыртпашылықтарды басынан өткізуге тура келді. Кейбір кәсіпкерлер жолдарды жетілдіру талпыныстарын жасады, бірақ үкімет тарапынан қолдау болмағандықтан олар нәтижесіз болды.

1897 ж. санақ бойынша бүкіл Қазақстан халқының 3,6%, бұл 40 мыңға жуық адам саудамен айналысты. Бірақ, халықтың әртүрлі таптарының өкілдерінің саудада көп қатысуы кәсіпкерліктің дамуының жоғарғы деңгейін емес, керісінше Қазақстанда нарықтың қалыптасу үрдісінің бастапқы сатысын білдірді. Саудагерлерді, әсіресе минималды шығындарда жоғары пайданы алу мүмкіндігі қызықтырды. Баға тауардың жасалуына салынған ақшаға емес, ал оның сиректігіне және оған тұтынушылардың сұранысына байланысты болды. Бүкіл ресми құжаттарда далада тауарларға деген бағаның жоғары болуына тұрақты арыздар болды. Бұл жағдай қырда ірі капиталистердің жетіспеуімен қарапайым түрде түсіндірілді, бірақ олай болған жоқ. Басты себеп, ең алдымен қырда сауданың бірге жүргізілмеуінен және көпестердің үлкен «барыштарға» деген сарандығына байланысты болды (Цитович, 1886).

Өлкеде жекеменшік кәсіпкерліктің даму жолындағы басты факторлар ретінде, біздің пікірімізше, метрополия капиталистерінің монополиясы, жергілікті кәсіпкерлер үшін қолайсыз құқықтық жағдайлар және қаржы несиелік жүйенің дамымағандығы болды.

Сонымен қатар Зайсан өңірінде кәсіпкерліктің дамуын жеделдеткен факторлар да болды. Бұл өлкеде табиғат жағдайы қолайлы болды.

Қазақ кедейлігінің өсуі және аңшылықтың дамуы арзан жұмысшы күшінің қорын қамтамасыз етті. Халықтың көп бөлігі өз жұмыс күшін әртүрлік кәсіпкерлерге сату арқылы өмір сүрді. Бұл жайлы бұл кезеңде жұмысшы болып жалданған қазақтардан тартып алынған билеттік алымдардан түскен кірістер дәлелдейді. Мысалға, Семей облысында тек қана бір 1887 ж. ішінде кетпелі табыстарға 20154 билеттер берілді. Олардың ішінен Өскеменде 7028

билеттер берілді, Семейде – 6728, Қарқаралыда – 3656, Павлодарда – 2036, Зайсанда – 706.

Сонымен қатар кәсіпкерліктің дамуында демографиялық фактор, әсіресе қала халқы санының өсуі үлкен рөлге ие болады. Қала халқының өсуі малшаруашылығының ғана емес, сонымен қатар егіншіліктің де тауарларын сататын нарықтардың құрылуына әкелді. Ертіс өңірінің Омбы қаласы сияқты ірі кәсіпкерлік орталығында жыл сайын халықтың көбеюі байқалды. 1897 ж. санақ бойынша Омбы қаласында 37376 адам болды. 1914 ж. 1 қаңтарында, облыстық статистикалық комитеттің мәліметтері бойынша, Омбы қаласының халқы 137245 адамды құрады. Қала халқының тез өсуі Павлодарда да байқалды. Бұны келесі мәліметтер дәлелдейді: 1898 ж. қалада 7620 мың. тұрғын болса, ал 1910 ж. – 12350 мың болды. Қала халқының өсуі Ертіс өңірінің бүкіл қалаларына тән болды.

Қазақтар арасында кәсіпкерліктің таралуында арнайы маңызға салық салу жүйесі ие болды. Ол бойынша әрбір шаруа жыл сайынғы кибиткалық, жандық және т.б. салықтарды төлеу үшін ақша табуға міндетті болды.

Зайсан өңірінің инфрақұрылымының қалыптасуына және дамуына мемлекеттік, қоғамдық (қалалық банктер), кооперативті (өзара несие) және акционерлік сияқты мекемелер үлкен рөлді атқарды. XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Ресей мемлекеті Қазақстан жерін өзіне бүтіндей қосып алуды негізінен аяқтауға жақындады. Осы кезеңдегі жүрген үрдістер бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының сол уақыттардағы Зайсан өңірінің қалыптасқан жағдайына да тікелей әсері болды.

Зайсан аталатын кең өлкенің бір бөлігі ғана қазіргі осы аттас әкімшілік ауданға қарайды. Алтай, Сауыр, Тарбағатай таулары, Қалба жоталарымен шектесетін кең атырап география ғылымында «Зайсан қазаншұңқыры» деп аталады. Оның нақ ортасында толып жатқан атауларға бастау болған Зайсан көлі орналасқан. Физикалық география тұрғысынан бұл алқап Ертіс өзенінің бассейнін қалыптастыратын Үбі, Үлбі, Нарын, Бұқтырма, Күршім, Қалжыр, Көкпекті, Бөкен, Кендірлік, Үлкен Ұласты, Шорға, Қарғыба, Базар, Боғас сияқты үлкенді-кішілі өзендердің арна-сағаларымен қоса қарастырылады.

Зайсанға қатысты тарихи мәселелерді бастамас бұрын осы «Зайсан» деген сөз қайдан шыққандығына да тоқталу керек сияқты. Ерте замандардан бері Зайсан көлі атауына байланысты туындаған аңыз-әңгімелердің біршама екендігі де белгілі. Көне тарихқа көз жүгіртсек, көл Хут-Хутциор, Нор Зайсан, Зайсан, Жайсаң деп аталып келген.

Хут-Хутциор деген сөз даңғырлы, қоңыраулы деген мағынаны білдіреді дейді зерттеушілер. Бүгінгі қазақтың тілінде бар, ежелгі түркі тіліндегі «хут» - сөзі біздегі «құт» сөзінің арғы тегі болуы да мүмкін делінеді. Зайсан жұртының тыныс-тіршілігінде маңызды орын алатын Үйдене, Жеменей, Теректі, Аба, Қараш, Кендірлік, Алыбай өзендерінің атаулары өте ертеде-ақ Алтайды ме Екен еткен түркі тайпаларының қолданыстарында болған көрінеді. Мысалы, қазақтың кіші жүзінің байұлы атасына кіретін адай руының ертеде Алтайды мекендегендерін көрсететін фактілердің бірі ретінде оның құрамындағы. «жеменей» табының болуын зерттеушілер айтады.

Жазушы Әнуар Әлімжанов және ақын Леонид Кривошеков кезінде өз еңбектерінде «Зайсан» сөзінің мағынасы моңғолша «Құдайдың сыйы» дегенді білдіреді деп жазған. Бұның негізінде тарихи шындық жатса керек. Шамамен XV-XVI ғасырлардың бірінде Алтай өңірінде жұт болып, мекендеп отырған ойрат рулары қатты күйзеліске ұшырап, жан сауғалап Зайсанның үстіндегі мұзға шығыпты делінеді. Олар мұзды ойып, көлдің балығымен жандарын сақтап, жазға жеткен көрінеді. Өздерін аштықтан құтқарған осы көлді жарылқаушы, «Зайсан» деп атаған дейді халық аңыздары. «Зайсан» атауы «балық» дегенді білдіреді деген тұжырымдар да жоқ емес. Зайсанның қазақи дыбыстануы «Жайсаң» атауын қарастырсақ, ол географиялық кеңістік тұрғысынан жанға жайлы, тұрмысқа қолайлы, шұрайлы да нулы кең алқап деген мағынаға саяды.

Ал кейбір ғалымдардың пайымдауынша «Зайсан» сөзінің негізінде моңғол тіліндегі әскери-феодалдық лауазымды білдіретін «Зайсанг» атауы жатуы да мүмкін Зайсан, 1998). «Нор» сөзі моңғолша көл деген мағынаны білдіреді. Бұл Нор -Зайсан атауы осы өңірде ойрат немесе жоңғар тайпалары мекендеген кезде дүниеге келсе керек.

Сол сияқты Зайсан көлінің ертедегі түрік заманындағы атауы да болған сияқты. Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырында қызы Баянды Сарыбайдың жетім баласы Қозыкөрпешке бермеймін деп қаша көшкен Қарабай бір кездері көше-көше: «Ертіс басы қара дін жерге жетті, Бейне теңіз дейтұғын көлге жетті» делінеді. Қазақ ғалымдары ежелгі түрік тайпаларының қоныстануының тарихи географиясымен деректерге сүйене отыра салыстырып, «Бейне теңіз» атауының Зайсан көлінің ертедегі түрік заманындағы атауы екендігін айтады (Жүнісов, 1998). Кенді Алтай, Зайсан қазаншұңқыры аймағы, Сауыр мен Тарбағатай жоталары ежелден қазақтардың арғы ата-бабалары ертедегі түріктердің қонысы болған.

Халқымыздың өткені ғұн, үйсін, түрік қағанаты, оғыз, қарлұқ, қимақ, қыпшақ мемлекеттерінің тарихымен сабақтас. Зайсан өңірін қоныстану мәселесіне де осы тұрғыдан қараған жөн дейміз. Зайсан өңірін ежелден түркі найман тайпасы мекендесе, оның түп-төркінінің өзі ғұндарға барып тіреледі. Наймандар түрік қағанаты кезеңінде «сегіз оғыз» деп аталғаны белгілі. Тұңғыш қазақ тарихшыларының бірі - Қадырғали Жалайыр: «Оғыз қағанаты шаңырағы астында наймандар да болған» деп жазады (История, 2005). Кейбір зерттеушілер ғұндардың тәңірқұты Мөде мен Оғыз қаған бір адам болуы мүмкін деген болжамды да жасайды. Қалай болғанда да Зайсан қазаншұңқырын адамдардың мекендеу тарихы өте ерте заманнан басталады.

Біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап қанат жайған түрік қағанатының заттық айғақтары Зайсан жерінде де кездеседі. Сол дәуірде орнатылған балбал тастар Зайсан және т.б аудандардың жерлерінен табылып, олар кейіннен Өскемендегі, Семейдегі облыстық тарихи өлкетану, Зайсан және Тарбағатай аудандық тарихи-өлкетану мұражайларының алдына орнатылды. Тұрған жерлерінен қазып әкелініп, мұражайлар немесе басқа да бір ғимараттар алдына әкеліп қою үрдісі әлі күнге дейін қалмай келеді. Сондай-ақ ең өкініштісі әкелінген балбалдардың көбінің қайдан әкелінгендеріне кезінде анықтама толтырылмаған. Біздің ойымызша, балбал сияқты тарихи ескерткіштер алғашқы

орнатылған жерлерінде тұрулары керек.

1971 жылы Зайсан қаласынан бес шақырым жерден биіктігі 2,55 метрлік ірі түйіршікті гранит кесіндісінен қашап жасалған ер адамның тас мүсіні табылған. Жақсы бедерленген бұл мүсінде қазақтар «кісе» деп атайтын айылбастан, бас белдіктен және аспалы оқшантайлардан тұратын белбеулер жиынтығы нақышталған.

Еліміздің шығыс аймағына, соның ішінде оңтүстік Алтай, Қара Ертіс, Зайсан өңіріне қимақтар мен қыпшақтардан қалған деректер де бар. Олар біз үшін аса қымбат. Осы ұлыстардың тарихы арқылы бүгінгі біздердің Зайсан жерінде болған ежелгі түрік бабаларымыздың елеулі оқиғалардан тұратын кезеңін парақтауымызға болады. Осыдан он жыл бұрын біздің университеттің ғалымдары А.Исин және Е.Сайлаубай басқарған археологиялық «Шыңғыстау экспедициясы» қазіргі Абай ауданының жеріндегі Сарыкөл деген жерден қимақ дәуірінің қола, темір және алтын заттардан тұратын артефактілерді тапты. Бүгінде көне дәуірлерден хабар беретін осы заттар Қазақстан Республикасының алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы экспонаттары қатарынан орын алған.

Қыпшақ ұлысының қазақ ұлтын ұйыстыруда елеулі орын алатынын ескерсек, көне деректердің бағасы біз үшін аса құнды. Әл-Идриси қимақтардың 16 қаласы болғандығын, оның он екісі хақанның астанасымен бірге Ертіс бойына орныққандығын айтады. Суландыру жүйелерінің қалдығы, астық пен шарапты сақтауға арналған үлкен-үлкен ыдыстар, тағы басқа да заттар мұнда үлкен ірі мекендердің болғанын айғақтайды. Қалай десек те, Қазақстанның Алтай өңірінің әлі де көптеген құпияларды ішіне бүгіп жатқандығы сөзсіз.

Батыс Еуропа, Ресейдің тарихшы, саяхатшы ғалымдары Шығысты, оның ішінде Зайсан өңірін ертеден-ақ зерттеген. XVII ғасырда француз үкіметінің дипломат агенті Дела Хевиль «Новое и любопытное известие о Московин» деген еңбек жазып, онда Зайсан көлі, осы маңдағы тұрғындар жайлы толық мағлұмат берген. Осындай деректерді сол заманда даниялық Эверт Исбранд Идес те жазып қалдырған.

Белгілі моңғолтанушы және түріктанушы, орыс-кеңес ғалымы Владимирцев: «1206 жылы наймандар Шыңғыс ханнан жеңілгеннен кейін, ежелгі қоныстары Алтайды тастап батысқа қарай ығысты. Олардың орнын бірте-бірте батыс моңғол тайпалары иемденді» деп көрсеткен. Шынында біз бұдан, бір кездегі найман-түркілердің жерін тарихи қалыптасқан осындай себептермен моңғол тайпаларының, оның ішінде жоңғарлардың иемденгенін көреміз.

Алтайға, Сауыр мен Сайқанға, Тарбағатайға, яғни қазақтың Жоғары Ертіс өңіріне бұрынғы өткен түрік халықтарының тікелей мұрагерлері қазақ ру-тайпаларының оралуын және өздеріне құтты мекен жасауларын XVIII ғасырдың 50-жылдарындағы Абылай хан басқарған ата-жұртты қайтарған оқиғалармен және Жоңғар мемлекетінің тарих сахнасынан кетуімен түсіндіреміз.

XVI-XVIII ғасырларды қамтитын кезеңдегі Ертіс қамалдар шебінің салынуының тарихы қазақ-орыс қатынастарының дамуымен және Қазақстанның Ресей империясына қосылуымен тығыз байланысты. XVI ғ орыс мемлекеті тарапынан қазақ даласына қатысты қызығушылық бірнеше себептерге, ең

алдымен Ресей мемлекетінің экономикалық дамуына байланысты туындады. Мемлекеттің нығаюы мен орталықтануына орай сауда-саттықты дамытудың, табиғи байлық және Азияның алып елдерімен байланыс орнату қажеттілігі арта түсті.

Ресейдің осы аймақта орнығуы Үндістан бағытындағы Азия құрлығына тереңдей еніп, экономикалық байланыс орнатуға тиімді екенін І Петр жақсы түсінді. XVIII ғасырдың басындағы Солтүстік соғыс барысындағы қиын жағдайларға қарамастан І Петр осы аймаққа экспедициялар жасақтады. Оның бірі Бекович-Черкасский бастаған (1716 ж.) экспедиция сәтсіздікке ұшырайды. Осы бағыттағы, ілгерілеудің нақты жолы – Ертіс өзені екені байқалды. Бұл жолдың таңдалуына себеп болған, орыс кәсіпкерлерінің, саудагерлерінің, елшілік адамдарының барған жерлерінен қайтқанда, Ертістің арғы жағындағы Азия елдері туралы көргендерін айтып келулері жатты.

Ертістен жоғары қарай орыс жасақтарының жылжуы жоңғарлардың қарсылығын тудырды. Шекара шебінде орыс пен жоңғар арасында қақтығыстар басталды. 1713 жылы Сібір губернаторы князь Матвей Гагарин Ом мен Ертіс өзендерінің қосылған жерінен қоршалған бірнеше пунктер салу жоспарын І Петрге ұсынды.

Гагариннің мәліметін алғаннан кейін және аталған жоспардың пайдасын бағалай келе І Петр 1714 жылы 22 мамырда “Құм алтыны” бар жерлерді алу үшін подполковник И.Д.Бухгольц бастаған экспедицияны жасақтау туралы жарғыға” қол қойды. И.Д.Бухгольцқа толық тапсырмалар І Петрдің “Қалмақ жеріне жорық туралы” жарғысында берілді. 1715-1716 жылдары Зайсанға барған И.Бухгольцтің экспедициясы кең көлемді зерттеу жүргізген. Осы кезден былай қарай, 1714-1720 жылдары аралығында құрылысы жалғасқан Ертіс шебінің құрылысы басталды (Бралинова, 2012).

Ал 1718 жылы Семей қаласының, 1720 жылы Өскемен және 1763 жылы Бұқтырма қалашығының іргетасы қаланды. Біртіндеп Тарбағатай тауларына қарай орыстардың қоныс тебуі салдарынан қазақтар оңтүстікке қарай ығысуға мәжбүр болды. Цин империясы өздерін 1758 жылы өздері жойып жіберген, бұрынғы Жоңғар хандығына қарасты жерлердің иесіміз деп есептеді. Бұл жағдай XIX ғасырдың 60-жылдарының ішінде ғана барып реттелген Ресей және Қытай шекаралық бөлінісімен тікелей байланысты болды.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап солтүстік - шығыс Алтай бөктеріне, Үлбі және Үбі өзендерінің аңғарларына патша өкіметінің қудалауынан қашқан ескі дінді ұстаушылар (Кержақтар.Авт.) келіп қоныстана бастады. Кейіннен бұл өңірлерге өкімет казактарды қоныстандырды. Орыс шаруаларының біздің аймағымызға қоныстандырыла бастауы Ресейдегі крепостнойлық тәртіпті жойған 1861 жылғы реформадан кейін жүрді. Ал шаруаларды жаппай қоныстандыру Столыпин рефермасы кезеңінде болғаны белгілі (Қасымбаев, 1990).

Сыртқы саясатында Қытайдан гөрі Ресейлік бағытты басым ұстанған хан Абылай қайтыс болғаннан кейін, барлық орта жүз рулары да Ресейге бүтіндей бодан болу бағытын ұстанды деу ақиқатқа жанаспайды. Тарбағатайды жайлаған рулардың тәуелсіздігін сақтау үшін XIX ғ. бірінші жартысында бірде Ресеймен,

бірде Қытаймен алысқан Сыбанқұл төре Ханқожаұлының осы өңірдегі қозғалысы екі жаққа да бодан болмай тәуелсіз өмір сүру саясатын аңсағандық еді. Дербестік үшін күрескен оның руластары мұрынның көрнекті өкілдері тоқабай Қожакелді батыр, мырзас Тәукебай Жәпекұлы осы күрестің құрбандары болды (Садықанұлы, 2005).

1818 жылы Орта жүз ханы Уәли қайтыс болған соң, Ресейдің патшалық үкіметі бұл қолайлы сәтті қалт жібермей, қазақ жерін басқарудың хандық жүйесін біржолата жойып, елді басқарудың жалпы Ресейлік тәртібін орнатуға кірісті. Сол кезеңде Ресей мен Қытайға кезек жалтақтауға мәжбүр болған, қазақ хандарын Абылайдың кезімен ешқандай да салыстыруға келмейтін. Олардың биліктері сөз жүзінде ғана болды, оларды жергілікті патша әкімдері қатаң бақылауға алып отырған. Сөйтіп, Ресейдің патша үкіметі 1822 жылы орта жүз, 1824 жылы кіші жүз қазақтары арасындағы хандық басқару жүйесін жойды, саяси тәуелсіздіктерінен айырды.

Ресей мемлекетінің «Сібір қазақтары туралы жарғысына» сәйкес, Орта жүз территориясы 8 сыртқы округке бөлініп, оларды аға сұлтандар басқаратын болды. Аталмыш жарлық мынадай әкімшілік бөліктерді белгіледі: 50-70 үй бір әкімшілік ауыл, 10-15 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ. Ауылды 3 жылға сайланатын старшын, болысты болыс басқаруға тиісті болды.

1822 жылы 22 маусымда Азиялық Ресей екі: Батыс Сібір және Шығыс Сібір деп аталатын екі генерал губернаторлыққа бөлінді. Батыс Сібірге Сібір қырғыздарының облысы деп аталған құрылым кірген Омбы облысы да қарады.

Омбы облысы ішкі округтерден және ерекше тәртіппен белгіленген сыртқы округтерден тұрған. Бұл кезеңде Алтай мен Тарбағатайдың арасында орналасқан Зайсан өңірі әлі толық Ресей ықпалына өтпеген болатын. Алтай мен Сауырда жүрген керейлердің кейбір бөліктерінің «бодамсыз керей» немесе «бодамды керей» деп аталулары да сол кезде пайда болған.

Ресейге қарсы бағытты ұстанған матай-қараужасықтар және мұрындардың билеушісі Данияр Ханқожиннің 1840 жылдың жазында тұтқындалуы, Қытайдың Бөкен шекара бекеті маңындағы (бүгінгі Үлкенбөкен ауылы тұрған жер. Авт.) орыс жағының батыл шаралары жоғарыда айтылған рулардың Ресей бодандығына өтуіне бет бұрғызды. 1840 жылы 3 тамызда 800 түтін Ресей бодандығына өтеді. Сөйтіп, Қазақстан аумағындағы Орта жүздің оның ішінде Зайсан өңірінің Ресейге қосылуы тұтас бір ғасырдан астам уақытқа созылып, XIX ғасырдың 60-жж. аяқталды.

Қазақ жерін жалпы орыстың басқару жүйесіне толық көшіру «жаңа низам» аталған 1867 және 1868 жылдардағы әкімшілік-территориялық реформа бойынша жүзеге асырыла бастады. Осы ереже бойынша әр облыс уездерге бөлінді. Сұлтандар билігі жойылды. Ережеге сәйкес Семей облысында Зайсан, Өскемен, Семей, Қарқаралы, Павлодар уездері құрылды.

1822 жылы 22 шілдедегі «Сібір қазақтары туралы Жарғыны» күшіне енгізу туралы жарғы бойынша 1831 жылы Аягөз сыртқы округі құрылады. Оның шегі оңтүстікте – Тарбағатай қырқалары, оңтүстік батыста Лепсі өзені, Балқаштың оңтүстік-шығыс жағалауы, солтүстікте – Шыңғыс тауының сілемдері мен Зайсан ойпатының оңтүстік бөлігі, шығысында Сауыр қырқалары мен Кендірлік өзенінің аңғары. Аягөз округіне кейіннен құрылатын Зайсан уезінің тұрғындары:

18 болыс найман, 6 болыс керей, 2 болыс уақ қараған. Жиыны осы округте 63376 адам болған. Кейіннен Зайсан уезі құрылғанда Аягөз округінің тұрғындары территорияларымен екіге бөлініп, Лепсі және Зайсан уездерінің құрамдарына кірді.

Зайсан уезі облыстың оңтүстік-шығысында орналасты. Уезд 3 участокке бөлінді. Оларды крестьян начальниктері басқарды. Уезге 17 болыс қараған, 2499 ауыл, 99443 адам болған. Уезд аумағын негізінен найман және керей тайпаларына кірген рулар мекендеген.

Семей облысының оңтүстік шығыс бөлігінің ең шеті – осы Зайсан уезі болды. Табиғаты, климаты жағынан уез өзінің әр келкілігімен ерекшеленеді. Оның территориясында Оңтүстік-батыс Алтайдың таулы жоталары, таулар арасындағы кең жазықтар мен далалар, көптеген су көздері орналасқан. Мұнда Қазақстандағы ірі көлдердің бірі – Зайсан, Марқакөл және т.б. ұсақ көлдер бар. Уезд территориясымен Қара Ертіс, Ертіс көптеген тауөзендері (Қалжыр, Алқабек, Кендерлік, Көкпекті, Қарғыба, Базар, Боғас және т.б.) ағады. Құлжа келісімі бойынша, Қытайға берілген жерлерде көшпелі қазақ шаруашылықтарының қомақты бөлігі қалды. Зайсан уезі 49751 шаршы шақырым ауданды қамтыған. Осы территорияда уездің 17 болысы орналасты. Уездің аумағын найман рулары, атап айтсақ, 17 болыстың 16-сы наймандарға тиесілі болды (Асфендияров, 1935). Олармен бірге Абақ Керейлер де қоныстанды. Олар шығысында Қытаймен, солтүстігінде Қаражал-Жеменей өзенімен шектесетін. Қазақтардың кейбір шаруашылық топтарының Қытай территориясында жазғы жайылымдары болды және Ресейге де, Қытайға екі жақты бодан болды. Зайсан уезінің территориясында найманның қаракерей руының: Бәйжігіт, Ақнайман, Қожамбет, сонымен бірге Төртуылдың: Тоқан және Тоғыз сияқты таптары орналасты. Территорияның қалған бөлігінің көбін Қаракерей рулары: бәйжігіт, ақ-найман, қожамбет және мұрын болыстары алып жатты. Зайсан уезінің үлкен бөлігін мекендеген Бәйжігіт руы батыстан Аягөз өзенінен шығысқа, Төртуыл (Қара Ертіс) мен Керей (Сауыр жоталары) руларының иеліктеріне дейінгі және солтүстіктен Көкпекті жерінен оңтүстікке Тарбағатай жоталарына дейінгі үлкен аумақта қоныстанды. Уездің батыс бөлігінде Зайсан қаракерей наймандарының мұрын бөлігі орналасты. (руатауы аналары Мұрынның атынан шыққан. Авт).

Уездің үлкен бөлігі қыстаулар жері болды және олар уездің шет жақтарына орналасты. Қыстау жерлері тау алқаптары (Тарбағатай, Сауыр, Маңырақ, Алтай) және өзен бойларындағы (Қара Ертіс, Қалжыр, Қарғыба сияқты т.б. өзендер) малды қатты аяздан қорғайтын қамыстар болды. Күздік жайылымдар негізінен уездің орталық және солтүстік бөліктерінде орналасты.

Егер жайлаулар қауымдық-рулық пайдалануда болып, әрбір ру, қауым белгілі территорияны иемденсе, ал қыстаулар жеке отбасылардың иелігінде болып, ұрпаққа мұрагерлікпен қалып отырды. Жазғы жайылымдар тау алқаптары мен жазықтарында өзендер бойында орналасты. Ең кең жазғы жайылымдар уездің солтүстік-шығыс (Марқакөл маңында) және солтүстік пен солтүстік-батыс бөлігінде (Жоғарғы Ертіс жазықтарында, Қызты, Көкпекті, Базар және т.б.) болды. Уездің оңтүстік бөлігінде Сауыр тауының солтүстік беткейінде ғана азғана жазғы жайылым болды.

Керей руына қарайтын ел Кендірлік болысын құраған. Ол шығысында Қытаймен, солтүстігінде Қаратал, Жеменей өзендерімен, батысында Үйдене өзенімен, Сауыр қыраттарымен шектескен. Абақ керейлер(жастабан, меркіт, жантекей, ителі, шеруші) жоғарыда аталған аймақта қыстап, жаз жайлауларына шыққан. Уездің басқа аумағын қаракерейлер: байжігіт, қожамбет, ақ найман, қыржы, мұрын рулары мекендеген. Қаракерейлердің қыстақтары Аягөзден Алтайға дейінгі аралықты алып жатқан.

Қазіргі Зайсан ауданы аумағында Маңырақ, Кендірлік, Қара Ертіс, Шілікті, Тарбағатай ауданы аумағында Шорға, Терісайрық, Ласты, Боғас, Нарын, Өкпеті, Базар, Құттықадам, Көкпекті ауданы аумағында Құлынжүн т.б сынды деп аталатын болыстар орналасты.

Мысалы, Зайсан жерінде болған 4 болысты алып қарастырайық. Кендірлік болысына 9 старшын ел қараған, 180 ауыл, 1622 шаруашылық, 69 отырықшы шаруашылық, 61 жартылай отырықшы шаруашылық болып, 7844 адам тұрған. Болыс аумағы шығысында Қытаймен, Солтүстік Шекарасы Қаратал, Жеменей өзендерінен өтіп, Батысы Үйдене мен Сауыр тауына, оңтүстігі де Сауыр тауымен шектесті. Жастабан руы Сауыр жотасының сол жағын, меркіт руы негізінен Сауырдың сол жағы және Кішкенетау, Шірікқайың, Кендірлік өзені аңғарын қыстап, Алтайдағы Қыран мен Қобда өзендері бассейіндерін жайлаған, Жантекей руы Шілікті, Кендірлік өзендері, Тарбағатайдың сол жағын қыстап, Қыран, Қобда және Сақсай, кей ауылдар Қара Ертістің басын жайлады, Ителі руы Буырыл – Тоғай маңын, азғантай үйлер Кендірлік аңғарында қыстап, Қара Ертістің басын жайлады (Муқанов, 1991).

Қара Ертіс болысында 1373 шаруашылық, 7761 адам болған. 9 старшын елдің 1 старшыны Қара Ертістің оң жағалауын, қалған сегізі сол жағалауын мекендеген. Болыстың оңтүстік шекарасы Зайсан қаласына дейін болса, Шығыс шекарасы Алтаймен шектесті. Ертіс жағалауын, Корған, Ақарал бойын, Қаратал мен Сарбұлақ аңғарын, Қарабұлақ Жеменей нулы қойнауын, Кендірлік өзенін, Көкжота, Шеңгелді, Маңырақ, Қабырғатал, Кеңарал жерлерін, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, жазда Күршім өзеніне, Марқакөл көліне көшті (Назарбаева, 2003).

Шілікті болысында 6557 адам болып, олар 1531 шаруашылықты құрады. Болыс жері Тарбағатай мен Маңырақ тауларының арасын алып жатты, өзге болыстардан Терісайрық өзенінің басынан бастап кейінгі Покровка ауылы жері болды. Қараөгіз, Шорға, Манас, Болатсу, Қарашық жерлерін қыстап, Терісқаққан өзенінен бастап Тарбағатай тауының Қотынашы, Сартайжолы, Ақжағалы, Малкөктем жайлауларын жайлады. Маңырақ болысында 1263 шаруашылық, 5665 адам мекендеді. Бүкіл Маңырақ өңіріне қанат жайды. Осы болыста төртуылдар мен байжігіт рулары аралас-құралас тұрды.

Зайсан уезіндегі байжігіттер Терісайлық, Шілікті, Шорға, Хабарасу болстарында, мұрындар Нарын, Боғас, Қарғыба, Өкпекті, Базар, Баспан болыстарын, ал қыржы руы Лаба болысын құрады. Қожамбеттер – Қалжыр, Ақнаймандар – Мәйтерек болысының жерін мекендеді (Материалы, 1913).

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, сол кездегі көрнекті ел билеушісі, Ресей отарлауына қарсы Сыбанқұл төре қозғалысының белсенді

қолдаушыларының бірі болған, сүйегі мұрын, «Біржан-Сара» айтысында «қарадан хан болған» деп дәріптелетін Қисық Тезекұлы 1844 жылы 14-шілдеде жаңадан құрылған Көкпекті сыртқы округінің аға сұлтандығына сайланды. Қисық 1850 жылға дейінгі екі сайлауда осы аға сұлтандық лауазымды иеленді. Одан кейін аға сұлтандар – Әбілез, Ханқожа төрелер. 1859 жылғы сайлауда Әлхан Тілеуберді ұлы аға сұлтан болып сайланды. Алайда, патша ұрпақтары Тана сияқты елге ықпалы мол адам, кейін икемге көнбейді деп қауіптеніп, аға сұлтандыққа сайлануына кедергі келтіреді. Тана 1864 жылы Еспе, Талменка, Бөкен өзендері түйісіп Ертіске құяр түбекте үлкен айшықты мешіт салдырған. Кейін бұл орын «Тана» мешіті атанды.

Ресей құрығы Шығыс аймаққа барған сайын жақындаса, елдің де тынысы сонша тарыла түскен. 1833 жылы Көкпекті салынғанға дейін бүгінгі Көкпекті ауданының жер көлемі түгелдей Қыржы - Мұрын руларының жазғы жайлауы болған. Жаңа дуан ашылған соң жер тарылды. Қазақстанның солтүстік өңірлеріне, Ертіс бойы, Бұқтырма өңірлеріне қазақ-орыс қоныстары, станциялар, шағын қалалар орнаған соң ол жерлерді мекендеген рулар ығыстырылды. Сол кезеңде Қазақстанның орталығында болған Кенесары Қасымұлы көтерілісінің де басты себебі жер-су мәселесі еді. Енді міне, Көкпекті салынып, Қыржы-мұрын рулары қазіргі Көкпекті мен Ақсуат аралығын және Қалбаның шығыс сілемімен шектеледі, олар бұрын жайлаған жерлер – Қалба тауларының солтүстік сілемі, Қызылсу, Шар өзендерінің бойы, Делбегетай тауы Бура, Матай, Керей руларының қарамағына берілді. Бұрын Зайсан мен Көкпекті аралығындағы тас жол бойымен сапар шеккендер толып жатқан Романовкв, Николаевка сияқты орысша атаулы елді мекендерді жанай өтетін. Біржан - Сара айтысындағы:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,

Қай қазақ сөз сөйледі одан бұрын? –дейтін шумақта аты аталған адамдар Ресейдің озбырлығына, орыстардың, қарашекпенділердің өктемдігіне қарсы наразылық білдірген елдің серкелері болатын.

1826 жылы Қалба тауының етегінде Көкпектінің іргетасы қаланды. Ол Зайсан уезіне қарайтын болды. Сонымен, осы өзеннің екі жағын он шақырымдай жазық жер құрады. Барлық жерлер, шабындықтар, егіндік жерлер, жайылымдық жерлер жергілікті халықтардан тартып алына бастады. Көкпекті сыртқы округіне қараған болыстар арасында Шаянбай Ұлтаракұлы басқарған Шорға болысы аталады. 1868 жылдан бастап Көкпекті округі Зайсан уезіне қарады. Содан 1928 жылға дейін 60 жыл бойы әкімшілік-аумақтық бағыныста болған. (Жеңсеханов, 2003).

XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың алғашқы жартысы тұсында Зайсан елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы дамудың патриархалдық-феодалдық сатысымен сипатталады. Өлкеміздің саяси өміріне келсек, Ресей отаршылдарының қанды шеңгелі әлі жете қоймаған, шартты түрде Қытай бодандығына тәуелді болғанымен, іс жүзінде барлық билік елдің ақсүйек бектері мен хан тұқымы төрелердің еркінде болды. Ол кезде халық арасында «Төресіз

ел, төбесіз жер болмайды» -деген қағида болған. Ешқандай руға жатпайтын руы жоқ төренің басшы болуы заманда ел бірлігін сақтау, әділдік үшін дұрыс деп бағаланса керек. Біріншіден, жергілікті халық өздері қалап, тағайындап алған басшыларына аса құрметпен қарады, айтқанын екі етпей орындап отырды. Ал, төрелер тиісінше, елдің тыныштығын, ел ішіндегі айтыс-тартыстарды болыстар мен билер арқылы шешіп, елдің бірлігін, тыныштығын қамтамасыз етті, өз қарамағындағы халқына қалтқысыз қызмет етіп, өздерін абырой, даңққа бөледі. Екіншіден, төре тұқымының бәрі бірдей ақылды, беделді бола қойған жоқ.

Олардың ішінде әпербақан, ұр да жық, қарапайым халықты менсінбей, түрлі қиянат жасағандары да болды. Зайсан өңірінде де төрелер ықпалы о баста күшті болғанымен артынан мәртебесінен айырыла бастады. Ресей заңдары елдің ішкі ісіне араласқанда, бұрынғы ықпалынан мүлде айырылды. Ел есінде –Көгедай, Қамбар, Дайыр төрелер сақталып қалды.

Көгедай –Абақ Керей төресі. Оның әкесі Әбілпейіз. Көгедайдың әкесі Әбілпейіз найман еліне төре болады. Сол кезде әрі батыр, әрі әділ би көзінің тірісінде халық ұранына айналған, Қабанбайдың есімімен қатар аталатын Найманның белгілі биі Боранбай Түркістандағы Әбілмәмбет ханның бір баласын Найман еліне төре болуын сұрап барады.

Абақ Керейлер XVIII ғасырдың соңғы жартысынан бастап, Батыр Бердәулетұлы Жәнібектің ұсынысымен төре іздейді, Абақ Керей өкілдері ол үшін 1783 жылы Әбілпейіз төреге келіп балаларының бірін Абақ Керейге төрелікке жіберуін өтінеді. Халық өтінішін құрметтеген Әбілпейіз өзінің кіші әйелі Тұмар ханымды үлкен ұлы 12 жасар Көгедайды бас етіп, 10 жасар Сәмен, 8 жасар Жабағы деген 3 баласымен Абақ Керейге жібереді. 1790 жылы Көгедай, Сәмен, Жабағы үшеуі Пекин қаласына Қытайдың ханына шен алуға барады, Көгедай «жингогун» Сәмен мен Жабағы екеуі «фиготун» шенін алып еліне оралады.

Қамбар – Байжігіт елінің жұмық руының төресі, Санияз төренің батыр ұлы. Ұзақ жасап, мекені Маңырақта қайтыс болған. Зираты сол жерде. «Қамбардың қара қойнауы» деген шұрайлы қоныс бар. Дәуірлеп тұрған жас шағында Маңырақ өңірін Абақ Керейлердің жастабан руынан тартып алған. Қарауындағы халық үшін көп игілікті істер тындырған. Әкесі Санияз төленгіттерінің ұраны болған. Сонымен қатар тәртіп үшін Маңырақ тауындағы биіктігі 20-30 метр келетін жартастан түсіп жатқан бір сарқыраманы айыпкерлерді жазалайтын орынға айналдырған.

Дайыр Тоқтакөшкеұлы - Төртуыл руының төресі. Санияз төренің немересі Дайыр төре туралы жаман пікір айтылмайды. Дайыр айтыпты деген қанатты сөздер кездеседі. Зираты «Жарлы » өзенінің солтүстік жағында. Ауыл совхоз орталығы болып үлкейгенде, төре мазары елді мекеннің ортасында қалды. Төртуыл елін билер, ақсақалдар арқылы басқарып ұсақ-түйекке көп араласпаған сияқты. Төртуылдың биі, әйгілі шешен Назар Жанақұлымен ақиреттік дос болған. Достықтарының белгісі ретінде қайсысы бұрын өлсе артта қалғаны алдыңғы өлгеннің зиратына жерленетіндіктерін айтып ант ішіп, құран ұстап баталасқан. Ол кезде қарапайым адамның төренің зираиһтына қойылуы үлкен абырой, мәртебе, Ал атақты төренің қараның зиратына жерленуі тарихта

болмаған жағдай еді [29,343]. Яғни Дайыр төре адам адамның құлы емес, Алланың құлы деген бағыт ұстанып, басқа халықты да өзімен тең санағанын осыдан-ақ көруге болады. Осы кезде Дайыр ауылдық округі, Дайыр ауылы, Дайыр ауылдық жанұялық емхана, Дайыр халық театры сол кісінің есімімен аталады. Ұрпақтары Зайсан ауданында өмір сүруде. Мұхамедсұлтан деген баласы 1873 жылы II Александр патшаның қабылдауында болған (Алтыбаев,2006).

Екі алып империя Қытай мен Ресей шекараларын айқындау үшін 1860 жылы Пекин келісіміне қол қойып, шекара сызығын 1864 жылы Шәуешекте айқындауға тоқтам жасады. Дүнген-ұйғыр көтерілісі салдарынан бұл шешім аяқсыз қалды. Көтерілісті басуға қытайдың өз мүмкіндігі болмай, Ресейден көмек сұрауға мәжбүр болды. Жетісу генерал губернаторы Г.Колпаковский бастаған орыс әскері Құлжа аймағына кіргізілді, Ресей бұл өңірді 1881 жылға дейін оккупациялады. 1881 жылы 12 ақпанда жасалған Санкт-Петербург келісімі бойынша шекараның Зайсан көлі ауданы арқылы өтуі нақтыланады. Бұл жағдай 1884 жылы Шәуешек протоколымен заңдастырылған. Іс жүзінде оған дейін-ақ Ресей өз мүддесін ойдағыдай орындап үлгерген болатын.

XIX ғасырдың ортасында Жеменей өзенінің жағасында «Жеменей» атты застава пайда болды. Оның іргетасын қалаған Ресей империясының шекаралық аймағын күзетуге келген казак-орыстар еді. 1864 жылы әуелі Зайсан станциясы деп аталына бастады, кейінірек ресми түрде Зайсан қаласы деп аталынды. Зайсан қаласының салынуы 1868 жыл деп есептелінеді. Зайсан қаласының салынуы туралы өлкетанушы С.Черных «Зайсан, то есть «благородный», включает в себе 163 дома, 2 тысячи жителей (включая военных)... Основание его относится к 1867 году, когда сюда впервые прибыли казаки, а в 1868 г, были построены первые дома» (Алтыбаев,2006).

Сауыр тауын бойлай өтіп, оның етегінде «Кішкене тау» сайлары арқылы Зайсан ойпатына құлай ағатын көп өзендердің бірі «Жеменей» деп аталды. Ол алғашқы кезде «Джеменейка» деп аталған. 1830 жылдар шамасында географ-геодезист Маяковский Ертістің Шығыс тұсында пост (күзет орны) орнатуға ұрымтал да қолайлы мекенді белгілеу үшін зерттеуге келеді. Оны Базар бекетінен руы Бәйжігіт ішінде тәуке Серменұлы Сырымбай бастап келеді. XIX ғасырдың ортасында Ресей патшасы инфантерия генерал-майоры Л.Ф Бабковқа осы ну орманды Жеменейдің жоғары саласында әскерлерге арнап қамал салуды міндеттейді. Бірақ генерал жергілікті халықтың мінез-құлқын бақылап, зерделеу нәтежесінде «мұнда жуас, қонақжай ел тұрады екен, сондықтан бұл жерге қамал тұрғызу артық шығын» деген қортындыға келіп, тек бекініс қана салынған. Сөйтіп, бүгінгі Зайсан, Күршім, Көкпекті, Тарбағатай аудандары орналасқан кең-байтақ өңірде көп ұзамай құрылатын Зайсан уезінің орталығы Зайсанның негізі қаланды.

Қаланың негізі қаланған 1864 жылы Зайсанда 2663 орыс, 122 қазақ, татар тұрған. Татарлар Қазан, Уфа губернияларынан келген. Қалада әскерден босаған орыс, татарлар тұрақтап қалған.

Ресми деректерге қарағанда, 1887 жылы Зайсанда 31 дворян, офицер,

чиновник, 2 дін басшысы, 28 көпес, 194 мешан, 298 шаруа, 1313 төменгі шендегі әскери адамдар мен олардың үй-іші, 616 казак, 2басқа дәрежедегі адамдар тұрған. Діни танымы бойынша 2017 православный, 6 католик, 1 протестант, 10 иудаист, 470 мұсылман болған. Зайсанда 1897 жылы - 4402, 1907 жылы – 5047, 1941 жылы - 8490 адам тұрған (Материалы, 1905).

Ал 1864 жылы сонымен бірге Зайсан қаласына казак станицасы дегенде статус берілді. Қазақ даласынан Қытай, Тибет, Шыңжанға жүн, тері, мал, ағаш тағы басқа да шикізат, ал ол жақтан мата, киім-кешек, қол өнер бұйымдары Зайсан кедені арқылы өткендіктен маңызы арта түсті.

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік табиғи-географиялық, әлеуметтік және геосаяси факторлардың ықпалымен дамыды. Кәсіпкерлік дамуының негізгі кезеңдері дәстүрлі шаруашылық және айырбас саудадан басталып, кейін XIX ғасырдың екінші жартысында жәрмеңкелік кәсіпкерлік арқылы аймақтың ірі экономикалық орталыққа айналуына ықпал етті. XX ғасырдың басынан бастап кеңестік индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаты кәсіпкерліктің құрылымын түбегейлі өзгертіп, жаңа кәсіпорындар мен ұжымдық шаруашылықтардың дамуына мүмкіндік берді. 1991 жылдан кейін тәуелсіздік кезеңінде нарықтық қатынастарға бейімделу арқылы жергілікті кәсіпкерлік жаңа серпін алды. Татар, орыс және қазақ кәсіпкерлерінің қызметі аймақтық кәсіпкерліктің өзіндік бейнесін қалыптастырып, экономикалық өмірмен қатар әлеуметтік және мәдени салалардың дамуына да ықпал етті. Геосаяси жағдай, атап айтқанда Ресей–Қытай шекарасы, кәсіпкерліктің бағыттары мен құрылымына үнемі әсер етіп, сауда және транзиттік қатынастардың дамуына жағдай жасады. Тәуелсіз Қазақ елінің Зайсан өңірі, бүгіндері бірнеше әкімшілік-территориялық бірліктерге бөлінген бұл кең байтақ аймақ, XIX ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі және одан кейінгі кезеңдерде оқиғаларға толы күрделі тарихи дамуды көрсетеді.

Қорытынды

Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени келбетін айқындаған маңызды құбылыс болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіпкерліктің қалыптасуы дәстүрлі шаруашылық түрлерінен бастау алып, уақыт өте келе жаңа сипаттағы сауда-экономикалық жүйеге ұласты. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ресейлік әкімшілік реформалар аймақтың экономикалық өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Жәрмеңкелер мен базарлар құрылып, халықаралық сауда жолдары кеңейді. Бұл жағдай жергілікті халықтың кәсіпкерлікке бейімделуіне ықпал етті. Татар және орыс көпестерінің белсенділігі, олардың тәжірибесі мен ықпалы қазақ қоғамына жаңа экономикалық мәдениетті енгізді.

Зайсан өңірінің геосаяси орналасуы – Ресей мен Қытай арасындағы шекаралық аймақ болуы – кәсіпкерліктің өркендеуіне ерекше жағдай жасады. Аймақ халықаралық сауда байланыстарының торабына айналып, тек экономикалық қана емес, мәдени ықпалдастық орталығы ретінде де дамыды.

Кәсіпкерліктің дамуы әлеуметтік құрылымға да ықпал етті: жаңа кәсіпкерлік топтар пайда болып, қоғамның әлеуметтік иерархиясында өзгерістер

орын алды. Бұл құбылыс аймақтың саяси және мәдени өміріне де әсерін тигізді. Дегенмен, XX ғасырдың басындағы революциялық оқиғалар мен Кеңес билігінің орнауы кәсіпкерліктің табиғи дамуын тоқтатты. Соған қарамастан, XIX-XX ғасырдың басындағы тәжірибе Зайсан өңірінің халық жадында

сақталып, кейінгі кезеңдерде де экономикалық өмірге әсерін тигізді.

Жалпы алғанда, Зайсан өңіріндегі кәсіпкерліктің тарихи дамуын зерттеу Қазақстан тарихындағы аймақтық ерекшеліктерді терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамыту стратегиясын жасауда да ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Abdurasulov A. Kazakhstan's Trade and Economic Development in the 19th Century. – Almaty: KISI, 2019.

Atantaeva B.ZH., Chungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Gabdulina A.Zh, Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A., Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) p.738

Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R. D., Aubakirova H. A., The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. //Bylye Gody. 2020 56(2) p.674

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. – Алма-Ата: Казак университеты, 1993. – 304 с.

Atantaeva B.ZH., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatelnost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.)

Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914 гг.). – Алма-Ата, 1981.

Алтыбаев Қ. Атамекен Зайсан. - Өскемен: Реклама-Дайджест, 2006. - 505б.

Арықарықызы Е. Монғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей Жаңжұнұлы, зерттеу. – Алматы: Ақотау баспасы, 2009. - 208 б.

Ахтямов Я. Наперекор ударам судьбы. – Челябинск, 1997. – 159 с.

Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы: оқулыққа қосымша. - Өскемен, 2003. - 180б.

Бартольд В.В. Сочинения. Т. 2. – М.: Вост. лит., 1963.

Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – Москва: Изд-во Академии наук СССР, 1957 – 324 с.

Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в.-1917 г.). – М.: 1986.

Большая семья Пидрахмета Бобкина. – Алматы, 2011. – 52 с.

Галиев В. З. Книга, разбудившая народ: разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!» - Алматы: Мектеп, 2011. – 525 с.

Гибадуллина Э.М. Татарские торговцы в Семипалатинской области Казахстана во второй половине XIX-начале XX вв. //Балтийский гуманитарный журнал. 2013. № 4 .70б.

Жапаров Б. Зайсан асулары: тарихи-публицистикалық очерктер / Жапаров Б., Түлкин Р., Құдабаев Б., Майкөбекова М. – Алматы: Баспа, 1998. – 190б.

Жеңсеханов М. Шежірелі Зайсан. - Семей: Азербаева К., 2004. - 158 б.

Зайсанская котловина и Тарбагатай. Т. 81. В. А. Хахлов – [Известия Томского государственного университета.](#) – 1928. – 1-157 с.

Записки де ла Невилля о Московии. Невилль де ла. 1689 г. Перевод с французского и предисл. А. И. Браудо в 71 т. №9 / Русская старина, 1891.

Каримов М.К. Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы (XIX ғасыр – XX ғасырдың басы) / Каримов М.К., Асылбеков М.К., Даутова А.Ф. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспасы, 2016 - 252 б.

Касымбаев Ж.К. Из истории развития городской промышленности Восточного Казахстана в начале XX в. Социально-экономические и исторические предпосылки и прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата, 1981.

Кәрімхан З. Алыптар алшаң басқан жер I бөлім // Электронды ғылыми журнал «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (жүгінген күні: 22.10.2022).

Климова О.Г. Организация изучения истории Сибирского предпринимательства второй половины XIX - начала XX в.-Барнаул, 2021.-334б.

Кожанов К. Зайсан өңірінің тарихы. – Өскемен, 2015.

Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. - 532 с., 161-бет.

Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь в 1851-1860 гг. Записки ИРГО. Кн. 3. Венюков М. – СПб.: 1861. – 161–186 с.

Кумарова Б.М. Татарская мечеть города Зайсана // сайт Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника URL: https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (жүгінген күні: 03.10.2010).

Қасымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г. Социально-экономический аспект. – Алма Ата: Ғылым, 1990. – 184 с.

Қасымбаев Ж.Қ. *Жәрмеңкелер тарихы.* – Алматы: Қазақстан, 1995.

Левшин А.И. *Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей.* – Алматы, Санат, 1996.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей в 13 т. / Свод материалов по киргизскому землепользованию, собранных и разработанных Экспедицией по исследованию степных областей. – СПб., 1898-1906.

Описание Западной Сибири. Т. 3. Сибирско-киргизская степь. Завалишин И. – М: СПб., 1867. – 145 с.

Поляков Л.С. Казахские степи и торговые пути. – Томск, 1911. Потанин

Г.Н. Материалы для истории Сибири. – М., 1867.

Радлов В.В. Из Сибири: страницы с дневника. М., 1989. – 749 с.

Сармұхамедов А. Қазақстандағы кәсіпкерліктің тарихи негіздері. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2010.

Семипалатинск и другие города Семипалатинской области. Т. 2. / Живописная Россия, Потанин Г.Н. – СПб., –1884.

Сундетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX века. Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1969.

Сүлейменов Б. *Қазақстанның жаңа тарихы*. – Алматы: Ғылым, 2004. Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и Китайскими владениями. Записки ЗСО ИРГО. Кн. 3. Балкашин Н. – Омск, 1881. – 1-32 с.

Финш О. Путешествие в Западную Сибирь: с рис. в тексте / Финш О., Брэм А. – Москва: М.Н. Лаврова и К°, 1882. – 578 с. Электронная книга. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Черников В.С. Эволюция социального и национального состава населения северных городов Казахстана в XIX-XX вв. Проблемы социально-экономического и этнодемографического развития городов Казахстана. – Алма-Ата, 1985.

Черных С.Е. Одна, но пламенная страсть. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 156с.

Черных С.Е. С берегов Иртыша. - Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 287 с.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. (Историко-экономический очерк. – Алма-Ата, 1960.

Шоинбаев, Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 279 с.

Ядринцев Н.М. *Сибирь как колония*. – СПб., 1892.

Рафик Х. Усманов

Астраханский государственный университет имени В.Н. Татищева, Астрахань, Российская Федерация

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ РЕГИОНАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА: НА ПРИМЕРЕ ЗАЙСАНА

Аннотация. В статье рассматривается историческое развитие предпринимательства в Зайсанском регионе с точки зрения социально-экономических и геополитических факторов. Цель исследования – определить историческую динамику регионального предпринимательства и показать его место в истории края. В процессе исследования анализируется влияние географических особенностей и приграничного положения Зайсана на предпринимательство, структуры и направления предпринимательства XIX-XX вв., торговые пути, ярмарки, развитие ремесел и промышленности. Также проводится сравнительный анализ деятельности татарских, русских и местных казахских предпринимателей, рассматривается влияние государственной политики советского периода на предпринимательство. Опыт предпринимательства в годы независимости оценивается в контексте исторической преемственности.

Особенность исследования заключается в комплексном рассмотрении предпринимательства в Зайсанском регионе в контексте социально-экономических и геополитических факторов. Если

в большинстве трудов предпринимательство характеризуется на уровне всего казахского общества или Восточного Казахстана в целом, то в данной статье акцент сделан на конкретный регион. На основе архивных данных, статистических сборников, этнографических материалов и современных исследований впервые системно проанализировано историческое развитие регионального предпринимательства.

Результаты исследования позволяют сформировать комплексный взгляд в области экономической истории, социальной истории и этнографии, а также могут послужить основой для разработки современных стратегий развития регионального предпринимательства, совершенствования исторического туризма и краеведческой работы.

Ключевые слова: Зайсан, предпринимательство, социально-экономический фактор, геополитическое положение, торговля, купец, ярмарка, татарин.

Rafik Kh. Usmanov

Astrakhan State University named after V.N. Tatishchev, Astrakhan, Russian Federation

HISTORICAL PRECONDITIONS OF REGIONAL ENTREPRENEURSHIP: THE CASE OF ZAYSAN

Abstract. The article examines the historical development of entrepreneurship in the Zaysan region from socio-economic and geopolitical perspectives. The aim of the study is to identify the historical dynamics of regional entrepreneurship and to demonstrate its place in the history of the area. The research analyzes the impact of Zaysan's geographical features and border location on entrepreneurship, the structures and directions of entrepreneurship in the 19th-20th centuries, trade routes, fairs, the development of crafts and industry. A comparative analysis is made of the activities of Tatar, Russian, and local Kazakh entrepreneurs, while the influence of Soviet state policy on entrepreneurship is also considered. The entrepreneurial experience of the years of independence is evaluated in terms of historical continuity.

The uniqueness of this study lies in its comprehensive approach to entrepreneurship in the Zaysan region within the framework of socio-economic and geopolitical factors. Whereas most works describe entrepreneurship at the level of Kazakh society as a whole or the entire East Kazakhstan region, this article focuses specifically on one locality. Drawing on archival data, statistical collections, ethnographic materials, and modern research, the historical development of regional entrepreneurship is systematically analyzed for the first time.

The results of the study contribute to the formation of a comprehensive perspective in the fields of economic history, social history, and ethnography. They can also serve as a basis for developing modern strategies for regional entrepreneurship, enhancing historical tourism, and improving local history studies.

Keywords: Zaysan, entrepreneurship, socio-economic factor, geopolitical situation, trade, merchant, fair, Tatar.

References

- Abdurasulov A. Kazakhstan's Trade and Economic Development in the 19th Century. – Almaty: KISI, 2019.
- Atantaeva B.ZH., Chungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak trgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // *Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.)*, Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.
- Gabdulina A.Zh, Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A., Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX-early XX centuries:

Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) r.738

Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R. D., Aubakirova H. A., The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. //Bylye Gody. 2020 56(2) r. 674

Acfendijarov C.D. Ictorija Kazahctana (c drevnejshih vremen), 2-oe izdanie. – Alma-Ata: Kazak univercitety, 1993. – 304 c.

Atantaeva B.ZH., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatel'nost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.)

Alekseenko N.V. Naselenie dorevoljucionnogo Kazahstana (chislennost', razmeshhenie, sostav, 1870–1914 gg.). – Alma-Ata, 1981.

Altybaev Q. Atameken Zajsan. - Oskemen: Reklama-Dajdzhest, 2006. - 505b.

Aryqqaryqzy E. Mongol qazaqtary pojezijasy zhane aqyn Kakej Zhanzhunuly, zertteu. – Almaty: Aqotau baspasy, 2009. - 208 b.

Ahtjamov Ja. Naperekor udaram sud'by. – Cheljabinsk, 1997. – 159 s.

Bajbatyrov G. Zajsan tarihy: oqulyqqa qosymsha. - Oskemen, 2003. - 180b.

Bartol'd V.V. Sochinenija. T. 2. – M.: Vost. lit., 1963.

Bekmahanov E. B. Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. – Moskva: Izd-vo Akademii nauk SSSR, 1957. – 324 s.

Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizii v jepohu kapitalizma (60-e gody XIX v.-1917 g.). – M.: 1986.

Bol'shaja sem'ja Pidahmeta Bobkina. – Almaty, 2011. – 52 s.

Galiev V. Z. Kniga, razbudivshaja narod: razyskanija o Myrzhakype Dulatove i ego sbornike «Prosnis', kazah!» - Almaty: Mektep, 2011. – 525 s.

Gibadullina Je.M. Tatarckie torgovcy v Cemipalatinskoj oblacti Kazahctana vo vtoroj polovine XIX-nachale XX vv. //Baltijckij gumanitarnyj zhurnal. 2013. № 4.70 b.

Zhapparov B. Zajsan asulary: tarihi-publicistikalyq ocherkter / Zhapparov B., Tulkin R., Qudabaev B., Majkobekova M. – Almaty: Baspa, 1998. – 190b.

Zhensehanov M. Shezhireli Zajsan. - Semej: Azerbaeva K., 2004. - 158 b.

Zajsanskaja kotlovina i Tarbagataj. T. 81. V. A. Hahlov – Izvestija Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. – 1928. – 1-157 s.

Zapiski de la Nevillja o Moskovii. Nevill' de la. 1689 g. Perevod s francuzskogo i predisl. A. I. Braudo v 71 t. №9 / Russkaja starina, 1891.

Karimov M.K. Shygys Qazaqstandagy qazaq kasipkerliginin damuy (XIX qasyr – XX qasyrdyn basy) / Karimov M.K., Asylbekov M.K., Dautova A.F. – Semej: Semej qalasynyn Shakarim atyndaqy memlekettik universitetinin baspasy, 2016 - 252 b.

Kasymbaev Zh.K. Iz istorii razvitija gorodskoj promyshlennosti Vostochnogo Kazahstana v nachale HH v. Social'no-jekonomicheskie i istoricheskie predposylki i progressivnoe znachenie prisoedinenija Kazahstana k Rossii. – Alma-Ata, 1981.

Karimhan Z. Alyptar alshan basqan zher I bolim// Jelektrondy qylymi zhurnal «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (zhugingen kuni: 22.10.2022).

Klimova O.G. Organizacija izuchenija istorii Sibirskogo predprinimatel'sta vtoroj poloviny XIX - nachala XX v.-Barnaul, 2021.-334b.

Kozhanov K. Zajsan onirinih tarihy. – Oskemen, 2015.

Kraft I. I. Cbornik uzakonenij o kirgizah ctepnih oblactej. Orenburg, 1898. – 532с., 161-bet.

Kratkij obzor vneshnej trgovli cherez Zapadnuju Sibir' v 1851-1860 gg. Zapiski IRGO. Kn. 3. Venjukov M. – SPb.: 1861. – 161-186 s.

Kumarova B.M. Tatarskaja mechet' goroda Zajsana // sajt Vostochno-Kazahstanskogo oblastnogo arhitekturno-jetnograficheskogo i prirodno-landshaftnogo muzeja-zapovednika. URL:

https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (zhygingen kyni: 03.10.2010). Qasymbaev Zh.K. Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 g. Social'no-jekonomicheskij aspekt. – Alma Ata: Qylym, 1990. – 184 s.

Qasymbaev Zh.K. Zharmenkeler tarihy. – Almaty: Kazakstan, 1995.

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ord i stepej. – Almaty, Sanat, 1996.

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej v 13 t. / Svod materialov po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannyh i razrabotannyh Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej. – SPb., 1898-1906.

Opisanie Zapadnoj Sibiri. T. 3. Sibirsko-kirgizskaja step'. Zavalishin I. – M: SPb., 1867. – 145 s.

Poljakov L.S. Kazahskie stepi i trgovye puti. – Tomsk, 1911.

Potanin G.N. Materialy dlja istorii Sibiri. – M., 1867.

Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy s dnevnika. M., 1989. - 749 s.

Sarmuhamedov A. Qazaqstandaqy kasipkerliktin tarihi negizderi. – Astana: EUU baspasy, 2010.

Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti. T. 2. / Zhivopisnaja Rossiya, Potanin G.N. – SPb.: – 1884.

Sundetov S.A. Torgovlja v Kazahstane v nachale HH veka. Kazahstan v kanun Oktjabrja. – Alma-Ata, 1969.

Sylejmenov B. Qazaqstannyn zhana tarihy. – Almaty: Qylym, 2004.

Torgovoe dvizhenie mezhdju Zapadnoj Sibir'ju, Srednej Aziej i Kitajskimi vladenijami. Zapiski ZSO IRGO. Kn. 3. Balkashin N. – Omsk, 1881. – 1-32 s.

Finsh O. Puteshestvie v Zapadnuju Sibir': s ris. v tekste / Finsh O., Brjem A. – Moskva: M.N. Lavrova i K°, 1882. – 578 s. Jelektronnaja kniga. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Chernikov V.S. Jevoljucija social'nogo i nacional'nogo sostava naselenija severnyh gorodov Kazahstana v XIX – HH vv. Problemy social'no-jekonomicheskogo i jetnodemograficheskogo razvitija gorodov Kazahstana. – Alma-Ata, 1985.

Chernyh S.E. Odnа no plamennaja strast'. - Alma-Ata: Kazahstan, 1986. – 156s.

Chernyh S.E. S beregov Irtysha. - Alma-Ata: Kazahstan, 1981. – 287 s.

Chulanov G. Promyshlennost' dorevoljucionnogo Kazahstana. (Istoriko-jekonomicheskij ocherk. – Alma-Ata, 1960.

Shoinbaev, T. Zh. Dobrovol'noe vhozhdenie kazahskih zemel' v sostav Rossii. – Alma-Ata: Kazahstan, 1982. – 279 s.

Jadrincev N.M. Sibir' kak kolonija. – SPb., 1892.

Автор туралы мәлімет

Усманов Рафик Хамматович - В.Н. Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университетінің Шығыстану және саяси ғылымдар кафедрасының профессоры, Астрахан қаласы, Ресей Федерациясы.

Сведение об авторе

Усманов Рафик Хамматович - Профессор кафедры востоковедения и политических наук Астраханского государственного университета им. В.Н. Татищева, г. Астрахань. Российская Федерация.

Information about the author

Usmanov Rafik Khammatovich - Professor at the Department of Oriental Studies and Political Science, Astrakhan State University named after V.N. Tatishchev, Astrakhan, Russian Federation.

Редакцияға түсті 19.03.2025
Өңдеуден кейін қайта түсті 13.05.2025
Жариялауға қабылданды 27.06.2025

IRSTI 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2\(4\)-7](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-2(4)-7)

SOVIET LAND REFORM AND ITS IMPACT ON INTERETHNIC RELATIONS IN THE IRTYSH REGION (1920-1940)

Arafat M. Mamyrbekov

University of Calgary (Calgary, Canada)

E-mail: arafat.mamyrbekov@ucalgary.ca

<https://orcid.org/0000-0002-3454-8563>

Annotation. This article examines the land disputes and their impact on interethnic relations in the Irtysh region during the 1920s-1940s, based on archival sources. The main objective is to analyze the specific features of land conflicts, their influence on interethnic interactions, and the role of state policy in this process. The study identifies the key socio-economic and political factors that triggered tensions among various ethnic groups and investigates the role of local authorities and public institutions in resolving these disputes.

The research relies on archival materials from the Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan and the Central State Archive, introducing previously unused data into scientific circulation. Special attention is paid to the consequences of collectivization, resettlement policies, and changes in land legislation. The establishment of the All-Union Resettlement Committee in 1926 turned the Irtysh region into one of the main targets for “surplus land resources,” which led to numerous conflicts among Kazakhs, Russians, Ukrainians, Cossacks, and other communities living in the region.

The use of archival documents allowed for a deeper understanding of the dynamics of these conflicts, highlighting the decisive role of economic, social, and cultural factors in shaping interethnic relations and assessing the effectiveness of state and local responses to land disputes.

Key words: land and water reform, national-territorial autonomies, agrarian policy, modernization, resettlement policy, Soviet government, Bolsheviks, land management, Kazakh ASSR.

Introduction

Land has historically served as the foundation of agricultural productivity, economic stability, and social cohesion within states. In the context of the Irtysh region, land distribution and access to land resources played a decisive role in shaping not only the material well-being of different ethnic groups but also the overall dynamics of interethnic relations. Land disputes, when unresolved, frequently gave rise to social tensions, economic decline, and the intensification of ethnic conflicts. Therefore, understanding the roots and outcomes of such disputes is essential for analyzing the ways in which land management policies contributed to or hindered socio-economic development and interethnic harmony.

The Irtysh region, encompassing today's Abai, East Kazakhstan, and Pavlodar regions, occupies a strategically important position in the history of Kazakhstan. During the 1920s-1940s, this area became a focal point of agrarian reforms, collectivization campaigns, and mass resettlement programs initiated by the Soviet state. The establishment of the All-Union Resettlement Committee in 1926 marked a turning point, as the region was increasingly regarded as a reservoir of so-called “surplus land resources.” This policy inevitably affected the indigenous Kazakh population, as

well as Russian, Ukrainian, Cossack, and other ethnic groups inhabiting the area, often creating fertile ground for disputes, grievances, and interethnic clashes. The study of this period is particularly relevant today, as many post-Soviet states continue to experience territorial disputes and conflicts over resource distribution, especially in ethnically diverse regions. The historical experience of the Irtysh region thus provides valuable examples of both constructive and destructive strategies of conflict resolution, offering lessons for contemporary approaches to governance, land reform, and interethnic cooperation.

Moreover, the reliance on archival documents introduces new empirical evidence into academic discourse, expanding the historiography of land relations and interethnic dynamics in Kazakhstan. These materials shed light on issues that were previously underrepresented in scholarship, helping to uncover the multi-layered, complex, and sometimes contradictory nature of interethnic relations in the early Soviet period. The inclusion of such data not only deepens our understanding of local experiences but also highlights the interplay between state policies, local authorities, and community-level responses.

The main purpose of this article is to conduct a comprehensive analysis of archival sources concerning land disputes and their implications for interethnic relations in the Irtysh region between 1920 and 1940. The key objectives are to examine the political and socio-economic conditions that led to the emergence and escalation of conflicts, to evaluate their impact on ethnic interactions, and to assess the long-term consequences of these processes for the historical development of the region.

Materials and methods

The primary sources for this study are archival documents relating to land reforms, interethnic relations, and socio-economic changes in the Irtysh region during the Soviet period. The most valuable materials were obtained from the Presidential Archive of the Republic of Kazakhstan and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, which contain extensive collections of reports, resolutions, meeting protocols, projects, and plans on land distribution, as well as records of district and departmental committees.

Archival sources were systematically examined and categorized into several groups:

